



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



ТҮРК ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<https://turkhalklarimedeniyyetivakfi.kz>

№ 6-7 (маусым-шілде, 286-287) 2026 жыл



Түрк Devletleri Тешкiлатı çatısı altında birleşen Түрк coğrafyası; kadim köklerinden aldığı költürel mirası, yapay zekâ ve teknoloji hamleleriyle birleştirerek ortak bir geleceğe adımıyor.

İpek Yolu'nun Kadim Mirası, Түркistan ve Andican'da Dijital Vizyonla Buluşuyor

Бүйүк Babür Şah'ın doğduğu topraklar olan Özbekistan'ın tarihi şehri Andican, 2026 yılı için "Түрк Dүnyası Költür Başkenti" unvanını göğüsledi. Şehir, 20 bini aşkın kişinin aynı anda geleneksel "Andican Polkası" oynayarak kırdığı Guinness Dүnya Rekori ile bu tarihi unvanı

şimdiden tüm dүnyaya duyurdu!

Költürel miras Andican'da şahlanırken; kadim şehir Түркistan ise yönünü tamamen geleceğe çevirdi. Түркistan, дүzenlenen teknoloji zirveleri ve yapay zekâ projeleriyle Түрк dүnyasının yeni dijital yazılım üssü haline geliyor.

Eğitimde Müfredat Birliğı: Ortak tarih, ortak edebiyat ders kitapları ve yapay zekâ odaklı öğrenci değişim programlarıyla yarının gençliğı yetiştiriliyor.

Ekonomide Rekor Entegrasyon: Kurulan Түрк Yatırım Fonu ve gümrük kolaylıklarıyla bölge içi ticaret hacmi tarihinin en yüksek seviyesine ulaştı.

Kazakistan Stratejik Merkez: Diplomatik ve ekonomik zirvelere ev sahipliğı yapan Kazakistan, Түрк dүnyasının ortak kararlar aldığı ana köprü görevini sürdürüyor.



TÜRK HALKLARI MEDENİYETİ VAKFI «HAN TENGRI HAZINESİ – 2026» ETNOFESTIVALI'NDE

Түрк Halkları Medeniyeti Vakfı ve Түрк Älemi Gazetesi olarak, Kazakistan'ın Almatı Eyaleti Rayimbek ilçesi Şalköde Yaylası'nda дүzenlenen Uluslararası

Etnofestival "Han Tengri Hazinesi – 2026" etkinliğine katılmaktan büyük mutluluk duyduk. Vakfımız adına, Başkanımız Ahmet Dağduran'ın torunu Ahmet Rıza Dağduran, Түрkiye adına tek başına katılarak şanlı Түрк bayrağıımızı gururla taşıdı ve Vakfımızı ve ölkemizi en güzel şekilde temsil etti. Түрк Dүnyası'nın ortak tarihini, költürünü ve kardeşliğini pekiştiren bu anlamlı organizasyonda emeğı geçen herkese teşekkür ediyor; birlik, beraberlik ve kardeşliğıimizin daim olmasını diliyoruz.

SELVADOR
aluminium

• ГИЛЬОТИННАЯ СИСТЕМА ОСТЕКЛЕНИЕ • ПЕРГОЛА ТЕНТ
• БИОКЛИМАТИЧЕСКАЯ ПЕРГОЛА • ПЕРЕГОРОДКИ
• РАЗДВИЖНЫЕ СИСТЕМЫ: ОКНА И ДВЕРИ • ФАСАДНАЯ СИСТЕМА

Адрес: Казахстан, г.Алматы, район Алмалинский
улица Жибек жолы 135, почтовый индекс 050000
сайт: www.selvador.kz

+7 (727) 978 10 10, +7 (700) 978 10 10



NIKEL METAL

НЕРЖАВЕЮЩАЯ СТАЛЬ •
ОЦИНКОВАННАЯ СТАЛЬ • АЛЮМИНИЙ
Листы • Трубы • Рулоны • Металлопрокат

ТОО «NIKEL METAL» – НАДЕЖНЫЙ ПОСТАВЩИК ЦВЕТНОГО МЕТАЛЛОПРОКАТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

КОНТАКТНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ТОО «NIKEL METAL»

Адрес: г. Алматы, ул. Утеген батыра, 58А (уг. ул. Толе би).

www.nikelmetal.kz

buh@nikelmetal.kz

Тел.:

+7 (707) 586-55-50

+7 (707) 586-55-54

+7 (777) 523-00-39

+7 (727) 381-65-54

www.nikelmetal.kz

ISTANBUL - ANKARA - LONDON - KOSOVA - MACEDONIA - BAKU - MOSCOW - ALMATY - TASHKENT



TEM TOUR
TRAVEL AGENCY



Әлемнің кез келген бұрышына
ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- Тіркелу және виза жасау
- Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау



air astana



Lufthansa



TURKISH
AIRLINES



QATAR
AIRWAYS

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864
Үйлы тел.: +7 701 555 08 36
effkett@temtour.net

Astana, 19, str. Tashenova
Т.: +7 (7172) 91 94 94
М.: +7 (702) 500 90 03
travelastana@temtour.net





12. EMI KONGRESİ TURAN'DA

Akademik iş birliğinin geliştirilmesi ve **girişimcilik ekosisteminin güçlendirilmesi** amacıyla düzenlenen EMI Kongresi'nin 12'ncisi, Kazakistan'ın Almatı şehrinde, **Turan Üniversitesi** ev sahipliğinde gerçekleştirildi. Kongreye **27 ülkeden ve 131 üniversiteden** akademisyenler, girişimciler ve yöneticiler katıldı. Prof. Dr. **Himmet Karadal**, EMI Kongrelerinde bugüne kadar toplam **4 bin 38 akademisyen tarafından 2 bin 550 bilimsel bildiri sunulduğunu** bildirdi. Kongre kapsamında Turan Üniversitesi ile **Uluslararası Türk Devletleri Üniversitesi** arasında iş birliği protokolü imzalandı.

Kazakistan ve Türkiye Cumhuriyeti'nin **İstiklal Marşlarının** okunmasıyla başlayan kongrenin açılışında konuşan **Turan Üniversitesi Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Gulzhanat Tayauova**, Turan Üniversitesi ev sahipliğinde düzenlenen 12. EMI Kongresi'nin uluslararası akademik iş birliklerinin gelişmesine katkı sağlayan önemli organizasyonlardan biri olduğunu belirtti. **Bolu Abant İzzet Baysal Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Himmet Karadal** ise EMI Kongresi'nin Turan Üniversitesi ev sahipliğinde düzenlenmesinden onur duyduğunu ifade etti. Karadal, kongrenin temel amacının akademisyenler arasında iş birliğini geliştirmek ve girişimcilik ekosisteminin güçlenmesine katkı sunmak olduğunu söyledi.

Turan Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Rahman Alshanov, Türkistan coğrafyasının tarihi ve kültürel önemine dikkat çekerek Turan Üniversitesi'nin temel misyonlarından birinin **girişimcilik odaklı eğitim ve araştırma faaliyetleri** olduğunu vurguladı. EMI Kongresi'nin üniversitelerinde düzenlenmesinden memnuniyet duyduğunu belirten **Alshanov**, kongrenin geleceğe yön veren önemli bir bilimsel organizasyon olduğunu ifade etti.

Türkiye Cumhuriyeti **Almatı Başkonsolosu Tuğba Alan Özdenfedakar**, Türkiye ile Türkistan coğrafyası arasındaki ilişkilerin **ortak tarih, kültür ve kardeşlik bağları** üzerine inşa edildiğini bildir-

di. Bilimsel iş birliklerinin bu ilişkilerin gelişmesine katkı sağlayacağını ifade eden Özdenfedakar, EMI Kongresi'nin **farklı ülkelerden akademisyenleri bir araya getirmesi** bakımından önem taşıdığını söyledi. **TÜRKSOY Türkiye Temsilcisi Doç. Dr. A. Kutalmış Yalçın** ise kongrede sunulan ve hakem değerlendirmesinden geçen bilimsel çalışmaların ilgili **literatüre katkı** sağlayacağını ifade etti. **Uluslararası Türk Devletleri Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Bakho-dir Turaev** ise, EMI Kongresi'nin Türk Dünyasında akademik iş birliğini geliştiren uluslararası bilimsel platformlardan biri olduğunu belirtti. Turaev, girişimcilik ile sosyal bilimlerin aynı çatı altında ele alınmasının disiplinler arası çalışmaları teşvik ettiğini dile getirdi.

KKTC Vakıflar İdaresi Genel Müdürü Prof. Dr. Mustafa Tümer, EMI Kongresi'nin Türk Dünyası ile ilişkilerin geliştirilmesine, kültürel mirasın tanıtılmasına ve kurumsal iş birliklerinin güçlendirilmesine önemli katkılar sunduğunu belirtti. İstanbul Nişantaşı Üniversitesi Rektör Yardımcısı **Prof. Dr. Uğur Yozgat** ise uluslararası EMI Kongresi'nin araştırmacılar arasında akademik ağların kurulmasına ve ortak projelerin geliştirilmesine katkı sağladığını vurguladı. **Ebulfez Elçibey Vakfı Başkanı Agil Semedbeyli** de konuşmasında, Türk Dünyasında gerçekleştirilen bu uluslararası bilimsel organizasyonun ülkeler arasındaki akademik ve kültürel etkileşimi güçlendirdiğini bildirdi.

Bilimsel oturumlar boyunca girişimcilik, yapay zekâ, dijital dönüşüm, sürdürülebilirlik, ekonomi, hukuk, eğitim, kültür ve sosyal bilimlerin farklı alanlarında bildiriler sunuldu. Kongre, bilimsel programın yanı sıra sosyal ve kültürel etkinliklerle tamamlandı. **Uluslararası EMI Girişimcilik ve Sosyal Bilimler Kongresi**; bilimsel üretim kapasitesini güçlendiren, üniversiteler arası iş birliklerini geliştiren ve akademik diplomasiyi destekleyen önemli bir uluslararası platform olarak dikkat çekti.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ӘЛЕУМЕТКЕ ПАЙДАЛЫ МА?

«Инста мен фб болған «қорегі»
Мың құбылды ө, заманның өнері.
Жұрттың бәрі әлеуметтік желіде,

Ақылды боп көріңгісі келеді» дегендей, әлеуметтік желі өмірімізге енгілі әлем өзгерді, өмір өзгерді, һәм өзіміз де өзгергендейміз. Өйткені әлеуметтік желінің құдіреті адам баласын бүгін шексіз қуанышқа бөлесе, ертең өмірмен қош айтыстырып жіберуі әбден мүмкін. Оған әрине, желікүрттардың (хейтер) үлесі зор-ақ. Десе де, желі арқылы жаһан жаңалықтарымен тез құлақтанатынымыз, фб-ның билікпен арадағы көпірге айналғаны да жасырын емес. Ендеше, арнайы мамандармен бірлесіп отырып, әлемжелінің пайдасы мен зиянын тарқатайық.

Айдана БЕКБЕРГЕН, отбасылық психолог:

– Маған қабылдауға келетін отбасылардың 70 пайызы әлеуметтік желі арқылы танысып, отау құрғандар. Олардың түпкі мәселесі екінші жартысының әлеуметтік желіде бір басқа, өмірде мүлдем басқа адам екенінен туындайды. Мысалы, әлемжеліде сұлу, ибалы, ақылды көрінген қыз бала фильтр қолданып суретке түсіп, өзгелердің ақылды жазбаларын ұрлап, өз парақшасына жүктеп қоюы әбден мүмкін. Немесе желіде қайратты, сабаз, қыз-қырқыңды сыйлайтын ер азамат болып көрінуі үшін ол бар күш-жігерін салуы мүмкін. Яғни екі жас махаббаттың ең алғашқы сатыларын бастарынан кешіп жатқанда осылай бір-бірін жете танымай үйленіп кетеді. Қадыр Мырза-Әли ағамыз айтқандай, «махаббаттың жеті жырын» отау құрмай тұрып, бастан кешпейді. Басты қателік осында. Виртуалды иллюзияға алданады. Мейлі, «таныса салып, үйленіп кетті» дегеннің өзінде кейіннен бір-бірін түсініп, сыйласып, отбасы болып кетуге қос тарап бірдей әрекет етпейді. Бұл мәселені екі жақ бір-бірін емес, өз-өздерін тәрбиелегенде ғана шешуге болады.

Ал одан кейін көп қабылдауға жазылатындар интернет арқылы діни ағымдарға арбалғандар. қаражат жағынан алдандар. Статистиканы сөйлетсек, әлем бойынша деструктивті діни ағымдардың қатарына қосылғандардың 80 пайызы интернет арқылы арбады екен. Мен бұл дерекпен толықтай келісемін. Себебі инста мен тик-ток әлемін бір шарлап шықсаң, ел алдында жүрген блогерлер мен әншілер, әртістер жастарға «үлгі» болып, сақал өсіріп, балақ қысқартып, хиджаб киіп жүреді. Ал оны көрген қарапайым халық ау баста дінді дұрысынан ұстап бастап, кейіннен дер кезінде өзін тоқтата алмай қалады. Ақыры адамды әлемжелімен қатар, дін тәуелділігіне, яғни жарға жығуы әбден мүмкін. Жалпы қай-қайсысын алсақ та, орнымен, мөлшерімен, аз-аздан тиімді қолданғанда ғана «өгіз де өлмейді, арба да сынбайды» деп ойлаймын.

Айгүл НҰРХОЖАЕВА, психолог, ерекше балалар педагогы:

– Әлеуметтік желінің адамның психозомоционалды күйіне әсерінің қаншалықты ауқымды екендігін бүгінгі таңда барлық адамдар біледі. Бірақ қалай? ӘЖ – біздің өміріміздің бір бөлігі. Онда біз жұмыс істейміз, оқимыз, адаммен араласамыз және тағы сол сияқты басқа нәрселерді пайдаланамыз.

Әрине, ол бізге әлеуметтен сыртта қалмауға көмегін тигізіп жатыр. Бірақ мұнда ең көп жапа шегіп жатқан біздің миымыз. Қазіргі ӘЖ қолданушыларының көп бөлігі жеткіншектер мен жасөспірімдер. Олардың өз-өздерін қабылдау дағдылары толық қалыптаспаған. Осы кезде оларға сыртқы адамдардың бағалауы қатты әсер етеді. Жасөспірімдердің эмоция мен мотивацияға жауап беретін ми бөлігі дұрыс қалыптаспағанын да айта кеткен жөн. Осы сәтте не болады?

Бірінші, дофаминнің тез бөлінуі. Біз белгілі бір еңбектің нәтижесінде, жеткен жетістіктерімізге қуанамыз. Ал мұнда қуаныш сезімі ауыр еңбек пен табандылықты талап етпейді. Яғни бір сөзбен айтқанда, ми үнемі сол сезімді іздеп тұрғандықтан, тәуелділік тудыруы мүмкін.

Екінші, әлеуметтік желідегі стандартқа сай өз-өзіне баға беру, яғни өзін құнсыздандыру сезімі дүниеге келіп, көңіл толмай, стресс, депрессия сияқты салдарды тудыру қаупі жоғары.

Үшінші, ақпараттың тым ашықтығы. Яғни желіден кез келген бағыттағы ақпаратты табуға болады.

Әрине, әлеуметтік желінің кері, жағымсыз жақтары көп екенін айта беруге болады. Дегенмен біз оны өмірімізден алып тастай алмаймыз. Яғни біз ең алдымен оны қолданудың шарттарын үйренуіміз керек.

Менің ойымша, ӘЖ-ні қолдану гигиенасы туралы балаларға кішкентайынан үйрету керек. Мәселен, бастауыш сыныптан бастап «әлеуметтік желі дегеніміз не?», «Ол неге керек?», «Оны қалай қолдануға болады?» деген сияқты қарапайым сұрақтан күрделі сұраққа қарай сауаттылық жүйесін қалыптастыру керек. Ал егер біз баламызды, қоғамды шектей беретін болсақ, онда парадокс: тыйым салынған дүние үнемі қызық қой, сол қызығушылық ақырында басымызды сергелдеңге салып, сан соқтыруы әбден мүмкін.

Иә, «әлеуметтік желі – нәрестенің қолындағы қанжар секілді», – деп журналист Қайнар Олжай айтқандай, бұл жерде де ақырын жүріп, анық баспасаң, түбі терең жарға құлап кетуің ықтимал. Нақтырақ айтсақ, «заманның ағымына ілесемін» деп контент, рилс, реакция қуып, хейтерге жем болып, буллингке ұрынуың әбден мүмкін. Сондықтан жоғарыдағы кеңестерді ақыл-парасатпен қабылдап, санаға ұялатқан жөн болмақ.

Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ

КІТАПТЫ ЖЫЛДАМ ОҚУ: ОНЫҢ ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?

Бәріміз де кітап оқимыз. Бірақ қалай? Баз біреулер асықпай оқуға дағдыланған. Ал екінші біреулері көз жүгіртіп, тез оқиды, тіпті мәтіннің астын сызып, соны барынша ұғынуға тырысатындар да табылады. Қысқасы, адам әртүрлі. Десек те, кітапты дұрыс оқудың да көп мән-мағынасы бар.

Әсіресе бастауыш сыныпта ежелеп оқытындар баршылық. Мұны дұрыстау үшін оқушылар арасында кітап оқудан жарыс та ұйымдастырылып жатады. Бірақ мұның да өз талабы, ережесі жоқ емес. Тіпті министрліктің де осыған байланысты өз нұсқауы бар. Бірақ 3-4 жасында-ақ балабақшадан мектепке әріп танып келетін балалар бар. Ақиқаты, мүдірмей оқу 4-сыныпқа жақындағанда дұрысталады. Десек те, олардың арасында жылдам оқытындар да кездеседі. Өйткені оқушының бәрі бірдей емес қой. Жалпы бастауыш сыныпты аяқтаған кезде оқушылардың барлығы да шамамен минутына 120-140 сөзден оқитын деңгейге жетеді. Ал ересек адамның шамамен 400-450 сөз оқитынын ескерсек, бұл орайда бастауыш сыныптың балаларының шамасы түсінуге тұрарлық.

Жалпы жылдам оқу және тез оқытуға үйрететін бағдарламалар өте көп. Тіпті жылдамдықпен минутына 10 мың сөзді де оқуға болады. Бірақ мәселе, түсініп, ұғынып оқуға байланысты екенін ұмытпағанымыз абзал. Жалпы адам тез оқыған сайын оның тоқтауы да азаяды. Ал мәтінді баяу оқыған жағдайда адам баласына ортақ бір әдет пайда болады екен. «Мен дұрыс оқы-

дым ба?» деп мәтінге қайта қайрыла қарау дағдыға айналатын көрінеді. Бұл көзге зиян. Ал жылдам оқудың еш зияны жоқ.

Айта кетер бір жайт, әлемде жылдам оқудан рекордтық нәтиже көрсеткен адамдар баршылық. Соның бірі – Киевте тұратын 17 жастағы Ирина Иваченко. Ол минутына 163 333 сөз оқиды. Бұл көрсеткіш Гиннестің рекордтар кітабына тіркелген. Бұдан да басқа кітапты жылдам оқу мен ұғыну және түсінігін қайталап айтып бере алатын ғұламалар әлемде жетерлік. Олар туралы жүздеп мысал келтіруге болады.

Ал ғалымдардың бағалауына назар аударсақ, жылдам оқуды игерудің ең тиімді кезеңі 4-5 жас. Өйткені бұл кезеңде баланың ми кеңістігі бос, кез келген нәрсені тез игеріп алады. Ал бала 7-8 жасқа келгенде, бұл мәселе күрделілеу соғатыны да ақиқат. Өйткені оқушы қоршаған ортаға қарай бастайды. Әр нәрсеге алаңдайды. «Білсем, үйренсем» деген ниеті де арта түседі. Жалпы ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, адам бір минутта орташа есеппен кітаптың екі бетін оқиды екен. Тарихқа назар аударар болсақ, әлемдік тұлғалардың ішінде жазушы Максим Горький минутына 4000 сөз оқыған. Ал Наполеонның көрсеткіші – 2000 сөз.

«Дамыған ел газет оқиды, дамушы ел радио тыңдайды, дамымаған ел теледидар көреді» деген қанатты сөз бар. Расында да ойлы сөз. Сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында кітапты көп оқитын ел ретінде танылған Қазақстан бүгінде сол деңгейден көріне ме? Жоқ. Назардың барлығы теледидар мен интернетке

ауып кетті. Осы олқылықтың орнын толтыруымыз қажет. Бірақ қалай? Оның басты кілті – ата-ана. Сондықтан тәрбиеде басты көңіл балаға аударылуы керек.

Жалпы өмірде балалық, жастық және орта жасқа келгенде, бір кітапты қайталап оқитын жайт жиі кездеседі. Өйткені әр ұрпақтың ер кезеңінің пайым жасап, кітапты әрқалай немесе қайталап оқуында сыр бар.

Кітапқұмар жұртшылықтың бір кітапты қартайған шағына дейін бірнеше рет қайталап оқуының себебі мынада: өйткені оны әр жаста оқыған сайын адамның түйсінуі бөлек болады. Қайыра түйсінеді, пайым жасайды, ой қорытады. Бірақ кітапты қалай оқу керек? Әркім әрқалай, біреу жылдам оқиды, екіншілері қарап шығады. Соңғысы түйсіну емес. Бірақ кітап оқыған адамның жан дүниесі терең, сөз саптауы ерек, ойы сергек болатыны сөзсіз. Алайда солай деп біржола кесім шығаруға бола ма? Жоқ. Кейбір адамдар білгенін шешендікпен айта алмауы мүмкін. Дегенмен олардың жазғанынан, ойынан бәрібір тереңдік көрініп тұрады.

Жалпы адамның миы оқыған кітабының мазмұнын 100 пайыз қабылдай ала ма? Мәселе сонда. Психологтардың айтуына қарағанда, адам кітапты асықпай оқыған кезінде ондағы жазылған мәтіннің 60 пайызын ғана қабылдай алады екен. Ал жылдам оқитын жандар да бар емес пе? Мамандардың зерттеуіне қарағанда, жылдам оқу сәтінде кітапқұмар жан туындының 80 пайызын түсінуге мүмкіндік алады екен. Сарапшылар жылдам оқылған ақпарат санаға тез қа-

былданып сіңетінін айтады. Бірақ кітап оқып отырып, бір нәрсеге мән бере бермейді екенбіз. Атап айтар болсақ, жылдам оқығанның зияны жоқ. Ал адам кітапты асықпай оқыса, көз тез талады екен. Мына бір мысалға мән бермеуіміз ықтимал. Қарапайым адам кітап оқып отырып, қарағанда 10 әріптік белгіні көруі мүмкін, яғни сіз бір мезетте 1-2 сөзді көре аласыз. Ал осы көріністі жылдам қайталайтын болсаңыз, бір зер салғанда 200-500 белгіні, яғни 33-83 сөзді бір-ақ көреді екенсіз. Сондықтан жылдам оқығанның пайдасы да көп.

АҚШ-тың он алтыншы президенті АЛинкольн «Табысқа жетудің бір ғана жолы – кітап оқу» деп бекер айтпаған. Адамның өмір сүру барысында бір кітапты бірнеше рет қайталап оқитын сәті көп. Грек философы Демосфен әйгілі тарихшы Фукидиданың шығармасын жете түсіну үшін 8 рет оқыған. Гете адамдарды оқыған кітаптарына қарай бағалаған. Қазақтың философ Абайды жиі қайталап оқитыны бекер емес. Боямсыз өмір, философия, тіршілік, адамдық қарым-қатынас, бәрі, барлығы – Абайдың қара сөзінде. Әрине, жақсы кітап – жан азығы.

Ал кітапты жылдам оқудың қандай пайдасы бар? Ең алдымен, бұл мидың жұмысын жақсартады. Екіншіден, миға жасалған жаттығу іспетті. Үшіншіден, кітап оқу адамның көк-жиегін кеңейтеді, ой-танымын арттырады. Төртіншіден, бос уақытыңды өлтірме, кітап оқы! Бұл да болса мидың тынығуына алып келеді.

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ



Аруақ – қазаққа етене сөз. Етене болатыны – қазақ басқасын ұмытса да, аруақты ұмытпайды. Басына қиын-қыстау күн туса, алдымен аруақты ауызға алады. Өйткені «о дүниелік болған туғандарының аруағы желеп-жебеп жүреді» деген түсінік саналы, тіпті бейсаналы түрде ұлттық болмысымызға сіңген болса керек.

Орфоэпия

Филологтардың әдетімен алдымен сөздің тұлғасына, түбіріне үңілген жөн. Арды – әр демесе де, аруақ деп сөйлеп, жазатындар да бар. Осы орайда біздің ойымызға түсетіні – марқұм, белгілі журналист Сабыржан Шүкірұлы қазіргі орфографияның қос сөз, тіркескен сөз секілді ұстанымдарымен келіспей өзінше жазатын. (Бұл ретте біздің де қазіргі орфографиялық ұстанымдармен келіспейтін тұстарымыз көп. Ғалымдар дефисті біресе қойып, біресе алып тас-тап, қосып жазып, жұрттың басын қатырып қойды). Мысалға, С.Шүкірұлы орфографиялық сөздікте қым-қиғаш дефиспен жазылса, қымқиғаш деп қосып, жайлыны жайлы деп жазып жүргені есте. Ал белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеев ағамыздың елден бөлек орфографиясы бар екені белгілі. Мұндай «ауытқулар» ғалымдардың тыңғылықты бағыт-бағдар белгілей алмауына байланысты әрі кирилшенің біздің тілдік ерекшелікке сәйкессіздігіне де қатысты болар.

Біздің ұлттық, тілдік-дыбыстау жүйемізге орыс тілі мен кирилше әліппи көп зиянын тигізгенін ғалымдар да жоққа шығармайды. Ол жөнінде талай жазды. Мысалға қазақ жіңішке, ұяң дыбыстарды көп қолданып сөйлеген. Көздерінің тірісінде классик атанған Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин «әдебиет, мәдениет» деп сөйлегендерін студент кезімізде ет құлағымызбен естідік. Сол замандағы қазақы ауылдағы қарттар да солай сөйлейтін. Ал қазір біз орфографияның көрсеткені бойынша әдебиет, мәдениет деп жазамыз, сөйлейміз. Ал енді жып болған латын әліппиіне көшсек, осындай толып жатқан тілдік мәселелер қалай шешіледі, біздіңше ғалымдар әлі түпкілікті ұстанымдар жасамаған сыңайлы. Алаш зиялылары Москоуды – Мәскеу болғызып, ілкіде біз айтқан жіңішке, ұяң бағытқа келтірді. Енді латын қарпін қолданғанда Еуропаны Ауropa деп жазып, айтатын ба, деген секілді сауалдар көп.

Демек, тіл үшін орфографиямен (дұрыс жазу ережесімен) қатар, орфоэпия да өте-өте маңызды. (Орфографияны біз әдетте емле деп те атаймыз. Ол араб тілінен енген атау). Орфоэпия ғылымға грек тілінен енген сөз. Дәлірегі – orthos – дұрыс, eros – сөйлеу. Яғни дұрыс сөйлеу ережесі. Кеңес дәуірінде орфоэпия мәселесімен көп айналысқан ғалым, марқұм ұстазымыз Сапархан Мырзабеков болса, ол кісіні қазақ орфоэпиясының атасы деуге де болар. Ғалымның сөздігінен («Қазақ тілінің айтылым сөздігі») біз қаузағалы отырған ар-дан басталатын сөздерді қарадық. Аруу, арууғыз, арууақ, аруйат. Мінеки, аталған сөздерді осылай дыбыстау дұрыс екен. Айтпақшы, аруақ сөзінің аруақ нұсқасымен ғалым келіспесе керек, арууақта, арууақытта, яғни қайтыс болған адамның рухы емес, уақыт мағынасындағы қолданысты жөн көріпті.

Жаным – арымның садағасы

Ар түбірі – өте өнімді түбірлердің бірі. Турасы ар-дан басталатын сөз көп. Ар – алдымен жеке тұрып та, ұят, намыс сөздерімен тіркесіп те адамдық қасиетке берілген атау. Қазаққа ар көру, арын арлау, ар аттау («Ар аттадың дегендей қарақтарым...» – Мұқағали), арды аяққа басу, арын сақтау, арын сату, арын төгу, ары таза секілді тіркестерді түсіндіріп жату артық. Екінші мағынасы – бірденің ар жағы. Бері, бергі жағы, бергісі (бергісінде) емес. Керісінше, антоним. Мысалға, арғын деген көне атау – белгілі руды білдіргенмен, арғы ғұн деген мағына береді.

Қазақ үшін ең биік сөз ар болуы да тегін емес. Кез келген қазақ арына дақ түсірмеуге тырысқан, қазір көбі солай деп айта аламыз ба? Әрине, ғасырлар бойы мал бақты. Мал тіршілік көзі саналды. Сөйтетұра, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген берік ұстаныммен өмір сүрді. Жан бағу үшін мал өсірді. Бірақ ары үшін сол жанын да құрбан етуге бар. Соған бейіп. Ақындар айтатын дала заңы («Дала заңы – баба заңы, қарағым» Мұхтар Шаханов) деген осы. Әрбірден кейін мұндай қатал өмірлік ұстаным – Еуразияның апайтөс даласындағы қазақ деген халықтың ақсүйегі. Біз білетін

әлем тарихындағы еуропалық серілердің, жапон самурайларының өлімге тәуекелі жететін мәрттігіне, біздің бүтіндей халқымыз бара алған. Отарлық езгі етінен де, сүйегінен де өтіп кеткендіктен, ата-бабасының сол ерлік қасиетін азған ұрпағының көбі күні бүгінге дейін сезіне алар емес.

Ар-дан шыққан туынды сөз – ара. Араның да мағынасы аз емес. Белгілі жандық. Ағаш кесетін құрал. Оларға қоса екі орталық, аралық мағынасы тағы бар. Соңғы екі орталық, аралық мәнін тектесек, талай түрлі құбылады. Ара ағайын, араға әзәзіл кірді, араға от жақты, арадан қыл өтпес тату, ара қонды, арасы алыстады, арасы жер мен көктей, ара тұрды, ара түсті, арасы суынды. Қас пен көздің арасында, қосақ арасында, өң мен түстің арасында, өлі мен тірінің арасында.

Ар – ару – арулау – аруақ

Ар өте өнімді түбір екенін айттық. Бірқаншасын түгендеп көрейік. Арай, арақ, арақатынас, арақашықтық, арал, аралас, аралық, арам, арамжуа (өсімдік), арамза (мезгілсіз туған қозы, лақ), арамот (су астына өсетін өсімдік), арамшөп, арамтамақ, арамтаран (қарақұмық тұқымдас өсімдік), аран, арасан, араша, арба, арғымақ, арда, ардагер, ардақ, аржа (жуқа тақтай, фанера), арзан, арзу, арқа, арқайын, арқан, арқалы, арқар, арқау, арлан, арман, арна, арнау, аруана, арпа, арпалыс, арса (ет кептіретін ағаш), артық-ауыс, артық-кем, арша, арыз, арық, арын, арыс, арыстан.

Арий сөзі қайдан шықты?

«Ар» сөзі туралы озалында» мифолог ғалым Серікбол Қондыбай: «Ар – жалпы дүние-ғаламның, тіршіліктің жоғарғы, жалпы мәні, яғни ар – кеңістік, ар – уақыт, ар – қозғалыс. Ертедегі адам дүние тірлігін екі бөлікке бөлген: бірі – о дүние, екіншісі – бұ дүние... О дүние – ар дүние – арғы дүние... «бұл дүние, болмыс» анықтаушы болған «ар» сөзінің алдына «б» сөзі жалғанып «бар» сөзіне айналған. Бар – орыстың «быть, есть» сөзіне сәйкес келеді. Қазақтағы «бар», «барлық», «барі» сөздері кеңістік пен уақытты қамтумен қатар тіршілік етуді (бар ету, бар болу) да анықтайды. ...о дүние «ар» болса, о дүниенің адамы «ар/л/ық» пенде «арық» пенде... Осы сөзден бүгінгі араб-парсынікі делінетін, бірақ түркінің төл сөзі болып табылатын «аруақ» сөзі шыққан.

«Әуелде «ар» сөзі өлген, жаны аспанға ұшқан «жанға» қатысты болса, жер бетінде өмір сүретіндеріне «түр» (тур) деген атақ берілген... «Ар мен Тур» дуализмі пайда болған.

«Үшінші кезең – үндіеуропалық тайпалардың Қазақстанға қоныс аударып, жергілікті прототүркілік аборигендермен араласа бастауы... Үндіеуропалықтар өздерін бағынышты тайпалардан ерекше атау үшін дайын, жергілікті ұғымды – «арық» сөзін меншіктеніп, бірте-бірте оған этникалық сипат бере бастаған. Кейін үндіеуропалықтардың Иран мен Үндістанға, Орта Азияның оңтүстігіне ауған бөлігі осы «арық» – аруу – ар/л – «арық» атауын халықаралық атау ретінде алып кетті, бірақ «ар» сөзінің бастапқы мәнін сақтап қалғандар бәрібір тұрықтар, тұрандықтар, түріктер, яғни қазақтар болып отыр» – деп пайымдайды.

Сонымен Серікбол Қондыбайдың түсіндіруінше, ар дүние, яғни арғы дүние, ар-ға б қарпін қосылып, (б, м қарпінтері мифологтардың пайымынша жеке сөз, шумерлер ғалам ақиқатын «ме» деп атағаны секілді) барғы, бергі дүние ұғымы шыққан. Ар сонда екі дүниеге де ортақ. Арғы дүниеліктен түркінің аруақ (арық) сөзі пайда болыпты. (Қазақта арық адамды тірі аруақ атайтыны мәлім). Түріктер мен тұрандықтар деген атаулардың төркіні – түр (тур) түбірі. Қысқасы «біз арийлармыз» деп кеудесін ұратын еуропалықтардың ата-бабасы, арығ сөзін біздің арғы ата-бабаларымыздан алған.

Ару

Серікбол Қондыбай аталған озалында «Арғықазақ «о дүниеге» жоғары сипат берген. Қазақтағы «ару/р/ – таза, пәк» сөздерінің бүгінгі мәндері де осы ежелгі түсініктен бастау алған...» – дейді. Ғалым ежелгі түсінік деп – (арықты) арғылықты айтып отыр.

Ару сөзі де қалың қазаққа түсінікті дегенімізбен ақылына көркі сай мағынасын біреу біліп, біреу білмеуі де мүмкін. Дегенмен бұл сөздің мән-мағынасы түрліше құбылғанын өзге ғалымдардың зерттеулерінен де көреміз. Ежелгі түркі ескерткіштерінде арығ тон – таза киім, аруғ азуқ – адал тамақ, қылқы аруғ – мінез-құлқы игі, ару күмүш – таза, қоспасыз күміс секілді тіркестер кезігеді. Сол сияқты арғы түркілердегі аруғ қызлар тіркесі сулу қыздардан гөрі, күнасіз, пәк қыздар ұғымын берген екен.

Орта ғасырлардағы ескерткіштерде де аталған сөздің тұлғалары мен мағыналары сақталыпты. Мысалға арығ сув – таза су, ары тон – таза киім, ары ғауһар – нағыз ғауһар. Бізді таңқалдырғаны – монғолдың күні бүгінге дейін таза, адал мәнінде қолданылатын ариун сөзі мен арилах

– тазарту сөзі, қазақша арулау сөзіне келетіні. Академик Рабиға Сыздық та бұл ұқсастықты көріп, түркі-монғолға ортақ сөздер ретінде қарастырыпты. Академиктің талдауларынан, Шалкиіздің:

Айсұлдың ару өметі тұрғанда...

Айсаның ару ұлы Қолай бар. – жолдарынан ару жігіт, ару батыр мағынасын көреміз. Сол секілді, «Ақтабан ару торы ат жайлаған» (Шобан), «Тауда тарлан ақырса, тас мұрнын ару сұңқар сызғырса» («Ер Тарғын») – деген жолдарда ару ат, ару сұңқар түрінде де қолданылыпты. Мұндайды халық асыл тұқымды, таза қанды деп ұққан. Бұл орта ғасырлардағы ақын-жыраулардың қолданысы, қазір ескірген деуге толық негіз бар. Жігітке, батырға, атқа, сұңқарға қатысты ару сөзі бүгінде қолданылмайтыны белгілі.

Ғалымдар ар ма сөзі кезінде ару ма түрінде қолданылған деген болжам айтады. Ар ма деп сәлемдесу. Қазір ауызекі тілде жоқ. Бірақ жазушылар өз шығармаларында

(драмада, прозада) бұл сөзді түрленіп, сәлемдесудің бір үлгісі ретінде қолданатыны мәлім. «Қобыланды батыр» жырында:

Үлкен едің, арма! деп,

Алдыңда кісі бар ма? деп – деген жолдар кездеседі.

«Қыз Жібек» жырында:

Айтамын айт дегеннен, арма, Жібек,

Ботасы өлген түйедей зарла, Жібек! – дейтіні бар Бекежанның.

Өзге де эпостардан бұл сөзді қазір де таба аламыз.

Ғалымдардың зерттеуінше, татар, башқұрт, удмурт, мари тілдерінде ару сөзі сәлемдесу кезінде айтылады (Р.Г. Ахметьянов). Татар, башқұрт тілдерінде арумы сөзі амансыз ба, жақсы тұрып жатырсыз ба, мағынасында түсініледі. Татарша ар мы, қырғызша ары ба, қазақша ару ма, амансаулық сұрасудың ең қысқарған түрі болса керек. Қазақша ару мәнін у қарпін түсіп қалғанын зерттеушілер қалыпты жағдай ретінде түсіндіреді. Әдетте ар ма деп жасы үлкен адамға кішілер сәлемдескен. Қатарына немесе кішіге олай амандаспайды. Сондағы үлкеннің жауабы «бар бол, балам» болуы керек. Мұны кез келген қазақ білген. Осыдан-ақ ілкіде айтылған ар тұлғасының екі дүниелік екендігін барлық қазақ түсінігенін көреміз. Немесе бүкіл қоғамға түсінікті хал-жағдай сұрасу үлгісі.

Арулау сөзін де түсіндіріп жату артық. Мүрдені ақ жуып, тазалап көму, жерлеу ұғымын береді. Филологтардың тілімен айтқанда аталған естістік өлікті жуудан басқа мағынада қолданылмайды. Өлікті арулау ұғымы қырғыз ағайындарда да бар көрінеді (К.К. Юдахин). Зерттеушілердің зерделеуінше қазақтың ақ жуып арулауында «әулие тұту», «құдайдай қастерлеу» ұғымы бар. Ол діни түсінікпен астасып жатыр. Тұлғалық тұрғыдан жоғарыда келтірілген қазіргі монғол тілінің ариулах сөзімен бірдей әрі ол да тазалау мәнінде қолданылып қоймайды, (ариун) қастерлі ұғымын да береді.

Қазақта күні бүгін өлікті арулаған жерді әсіресе балаларға, үлкен-кішіге бастырмау, үстіне топырақ, тас үйіп қою үрдісі жеке руларда сақталған. Оған осы жолдардың авторы да куә. Мүрдені арулаған суы төгілген жерді басса, сол адам ауру болуы мүмкін деген түсінік бар. Қазақ тылсымыға сенеді. Сондықтан қайтыс болған кісінің сырқаты сау адамға жұғады деп көреді.

Уа, аруақ!

Түрлі сөздіктерде аруақ ұғымына «жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туған наным бойынша өлген адамның тірілерді желеп-жебеп жүретін рухы» деген анықтама берілген. Қазақ ғалымдарында халықтың аруақ туралы таным-түсінігі, салт-жоралғылары қақында алғаш жазған әрине Шоқан Уәлиханов. Біз кейде өз замандасымыз Серікбол Қондыбайды оқып, зерттеу жұмысы жүргізілмей жатыр деп ренжиміз. Серікбол Қондыбайды қойып, Шоқан Уәлихановтың кім екенін біле бермейтін, есімін естісе де, еңбегін ашып, бір жазбасын оқымаған ұрпақ өсіп келеді. Олардың ата-анасы да жарытып оқымаған болуы мүмкін. Сондықтан ұлы ғалымның «Тәңірі (құдай)» атты мақаласынан аруаққа қатысты тұстарын ұсындық:

«От әулие (киелі) болып саналады... Отқа түкіруге, ошақты басуға болмайды. Жаңа түскен келін күйеуінің әкесінің үйіне кіріп, сәлем жасап, «аруақ разы болсын» деп тағзым етеді, отқа бір қасық май құюы керек. Жас келін сәлем еткенде «аруақ разы болсын» деп, тізе бүгіп, еңкейіп, маңдайын еденге тигізеді. Отқа тамызған май жанып жатқанда, жас келіннің енесі немесе әйелдердің бірі алақаннан отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Үлкен үйдің отының құрметіне деп, қалыңдық атасының иығына шапан жабады, отағасы жас келінді: «иін қандырып илеген терідей мінезін жұмсақ болсын қарағым» деп бата беріп, тулаққа, қой терісіне отырғызады.

Аруақ – ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау күн түскенде, жан қиналғанда: «Аруақ қолдай көр, қолтығымнан жебей көр!» деп айтады. Құрбан шаларда, сиырдан ай мүйізді, аша тұяқты (отбасын желеп-жебейді), қойдан боз-

қасқа және сарыбас қой – ақсарбас, бауырсақ құлақты көк қой, құлағы тілінген, қасқа тісті, қасқасы бар аппақ аққасқа, сондай-ақ бас алғашқы тума төлді құрбан шалады. Егер құрбанға аталған төлдің басы – тұмсаны қимаса, атаған малдың сілекейін басқа малдың басына жағып құрбандық қылады. Адам өлгенде аруағына арнап, қырық күнге дейін, әр күн бір шырақтан жағады немесе төрт күн шырақ жағады. Шырақты босағаның оң жағына жағады, себебі өлген кісінің аруағы қырық күнге дейін үйге келіп, балалардың жай-күйін біліп жүреді. Сол үшін күн батып, шырақ жағылғанша, іңірде есікті ашып, тостағанға қымыз құйып, босағаға ақ киіз төсейді, осылай өлген адамның аруағын күтеді.

Өлікті үйден шығарарда: «Құдайдан бүтін денең алыста» деп, үй мүліктерін, тамақты өліктің мүрдесінен айналдырып өтеді.

Жерге табынбайды, жын жиналады деп, аруақтардан

қорқып және абайламай жүргеннен сарп ауруы болады деп ескі жұртты баспайды.

Жұлдыздарды адамның жаны деп санайды. Егер жұлдыздың ағып түскенін көрсе, «менің жұлдызым жоғары» деп екі рет әуеде қимыл жасайды. «Жан біреу-ақ, ерте ме, кеш пе тірі пендеге біліп өлім» деп ойлайды. Кешке үйге кіріп келе жатып әкемің: «Бүгін екі адам өлуге тиіс» деген сөзін жиі еститінімін. – Қалайша? – деп сұрағанда: «Екі жұлдыз ағып түсті», – дейтіні.

Тұзды көлдер де әулие не аруақтың көзі түскен кен деп аталады. Мінеки, аруақ туралы Шоқанның заманындағы қазақтың түсінігі. Қазір отқа май құю бар болғанымен, «аруақ разы болсын» айтпайды. Ол замандағы келін атасының иығына шапан жапқанмен оған емес, аруаққа тағзым еткенін көреміз. Шырақ жағу бар болғанмен, ақ киіз төсеп, тостағанға қымыз құйып қойып аруақты куту жоқ. Өлікті шығарарда мүлікті, тамақты одан айналдыру жоқ, ағып түскен жұлдызды жамандыққа балау ырымы қазір де кезігеді.

Аруақ қазаққа өте етене болғасын да шығармасында ол туралы толғанбаған қаламгер де жоқ шығар. Бірнеше мысал келтірейік:

Шыңқорада – жер үйде, Желпіндірмес көр үйде,

Арса-арса болып сүйегі, Қалақтай болып иегі, Жаңқадайы жоқ еттен, Саусақтары ілбиіп, Көленкедей ілбиіп, Бү жатқан қай аруақ? (Ж. Аймауытов).

Шешілді сөз, қол енді күтіп қалды,

Елшінің ертеңінде келер кезін.

Алты Алаш Абылайдай арғымағын,

Алаштың аруағына пар қылатын (М.Жұмабаев).

Әрине Жүсіпбек Аймауытовтың айтып отырғаны тірі аруақ, Ал Мағжан Жұмабаев Абылайды алты алаштың аруағына теңеп отыр. Тірі аруақ дегеннен шығады, өлі аруақ, қара аруақ деген де түсінік бар. Қазақ түсінікте қара аруақ жағымсыз емес, қастерлі аруақ. Жалпы аруақты ауызға алып сөйлейтін халықпыз ғой. Сондықтан аруақты қорлады, аруақ шақырды, аруақ жар болсын, аруақ аттады (жақын адамның қабіріне бармай кетсе), аруақ атсын (қарғыс), аруағына сиынды тіркестерін жиі қолданамыз.

Қазақша жазылған шығармалардан үзінді келтірдік. Бірде (дәлірегі – 1986 жылы) Олжас Сүлейменовтің Қадыр Мырза-Әли аударған өлеңдер жинағы жарық көрді. Сол кітаптағы «Куман жыры» атты өлең аударма болса да, бірден оқыған бойда жатталып қалғаны есте. Қадекендей классик түпнұсқадан да ауытқымапты. Кей тұсы артығырақ болмаса, кем емес.

Уа, аруақ!

Бейбіт күннен өлмейді ер,

Жебең бе,

Қан майданда жебей гөр!

Мейлі маған жасын лақтыр,

Жай таста!

Бас сауғалап көрген емен айқаста.

Бірінші боп жығылмаспын,

Жығылсам,

Жығылармын ең ақырғы шайқаста – деп басталатын шағын өлең өрлікке, ерлікке толы. Куманы қыпшақ екенін сәл кейіндеу білгенмен (ол заманда бұл жабық тақырыптың бірі) өлеңді жарқылдатып оқып жүрдік. Өлеңнің бірден жатталып қалуы да «құдай жоқ, аруақ өтірік» деп ұқтырып жатқан қоғамда, бәрібір аруақтан шет болмағанымызды көрсетіпті.

Иә қыпшақтар (яғни қыпшақ тілділер) аруақты сыйлаған. Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында сарбаздар дөңгеленіп отыра қалып ас ішкенде, қаза болған батырдың киімін тасқа, дінгекке іліп, оның да алдына ас қоятын салт болғанын суреттегенін осы басылымда жариялағамыз. Мұндағы халықтық пәлсапа – бүгін сен өткенді сыйласаң, ертең сені де ұрпақ сыйлайды болса керек. Әрі қазақ қыпшақ атанып жүрген заманда да аруақты қадірлеген.

Дағжан БЕЛДЕУБАЙ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПРАЗДНИК ТУРКМЕНСКОГО КОВРА — НИТИ ПАМЯТИ, СВЯЗЫВАЮЩИЕ ТЮРКСКИЙ МИР



История каждого народа живёт не только в летописях, древних рукописях и памятниках архитектуры. Нередко её живое дыхание сохраняется в народных песнях, легендах, ремёслах и культурных символах, которые веками передаются из поколения в поколение. К таким бесценным сокровищам относится и туркменский ковёр — своеобразная летопись народа, сотканная из мастерства, памяти предков и духовной мудрости. По приглашению Национального Лидера туркменского народа Героя-Аркадага Гурбангулы Бердымухамедова и Президента Туркменистана Сердара Бердымухамедова казахстанская делегация приняла участие в Государственном празднике туркменского национального ковра — одном из наиболее значимых культурных событий страны. Казахстанскую делегацию возглавил председатель Туркменского этнокультурного центра Казахстана Огузхан Абдулкерим. В её состав вошли Карлин Махпиров, Саражадин Салахадин, Иргаш Абдулкадер, Курайши Абдул Азиз и Саттари Хайир Мохаммад. Делегация представляла общественные, научные и культурные круги Казахстана, заинтересованные в развитии гуманитарного сотрудничества и укреплении духовных связей между братскими народами. Праздник туркменского ковра давно вышел за рамки национального торжества, став важной международной культурной площадкой. Туркменский ковёр — это не просто произведение декоративно-прикладного искусства. В его орнаментах отражены история народа, мировоззрение, уважение к предкам и верность вековым традициям. Каждый узор несёт особый смысл, а каждая нить символически соединяет прошлое с настоящим. В дни праздника Ашхабад превратился в центр культурного общения и творческого диалога. Международная научно-практическая конференция, выставки, творческие встречи и концертные программы объединили учёных, мастеров народного искусства, представителей культуры и гостей из разных стран мира. Особый интерес вызвали выступления, посвящённые сохранению традиций ковроткачества как важной части духовного наследия тюркских народов. Особую значимость мероприятию придало участие Генерального секретаря Международной организации тюркской культуры ТЮРКСОЙ Султана Раева. В своём выступлении он подчеркнул, что туркменский ковёр является одним из ярких символов общего культурного пространства тюркского мира, объединённого общей историей и духовными ценностями. Одним из центральных событий праздника стала масштабная выставка туркменских ковров. Перед посетителями открылось удивительное многообразие орнаментов, цветовых решений и художественных традиций, формировавшихся на протяжении столетий. Искреннее восхищение вызвала церемония чествования мастеров ковроткачества и ветеранов отрасли, посвятивших свою жизнь сохранению этого уникального искусства. Незабываемое впечатление произвёл Ашхабад — беломраморная столица Туркменистана. Его широкие проспекты, величественные архитектурные ансамбли, многочисленные фонтаны и ухоженные парки создают образ современного города, бережно сохраняющего своё национальное своеобразие. Одним из символов столицы является величественный монумен Огуз хану — легендарному прародителю тюркских народов, напоминающий о глубоких исторических корнях и духовном единстве народов Великой степи. Поездка позволила познакомиться и с другими регионами страны.

Современные автомагистрали, благоустроенные города и сёла, новые общественные пространства свидетельствуют о поступательном развитии Туркменистана. Особый колорит путешествию придали восточные базары, наполненные ароматами специй и фруктов, а также богатая национальная кухня, сохранившая лучшие традиции туркменского гостеприимства. Однако главным богатством страны остаются её люди. Искренность, открытость, уважительное отношение к гостям и бережное отношение к своим традициям сопровождали нас на протяжении всей поездки, оставив самые тёплые воспоминания. Помимо праздничных мероприятий делегация посетила ряд выдающихся историко-культурных памятников Туркменистана. Особое впечатление произвёл древний Мерв — один из величайших городов Великого Шёлкового пути, на протяжении многих веков являвшийся крупным центром торговли, науки, ремёсел и духовной жизни Востока. Сегодня его руины занимают обширную территорию и входят в число наиболее значимых историко-культурных памятников Центральной Азии, включённых в Список всемирного наследия ЮНЕСКО.


В эпоху своего расцвета Мерв был столицей государства Великих Сельджуков и одним из крупнейших городов мусульманского мира. Здесь пересекались караванные пути, связывавшие Китай, Индию, Персию, арабский Восток и тюркские земли. Город славился своими библиотеками, медресе, ремесленными мастерскими и рынками, являясь важнейшим центром науки, культуры и международной торговли. Среди сохранившихся архитектурных памятников особое место занимает мавзолей султана Санджара — выдающийся образец зодчества XII века. Его величественный купол напоминает о могуществе государства Великих Сельджуков и золотом веке древнего Мерва. Мерв занимает особое место и в истории исламской духовной культуры. Здесь находится мавзолей выдающегося богослова и суфийского наставника Юсуфа Хамадани, оказавшего огромное влияние на развитие духовной традиции Центральной Азии. Именно его считают одним из наставников великого тюркского мыслителя и суфия Ахмета Яссауи, чьё учение впоследствии распространилось по всему тюркскому миру и стало важной частью духовного наследия многих народов региона. Особое почтение вызывает и мемориальный комплекс, связанный с именем сподвижника Пророка Мухаммада Бурайды ибн аль-Хусайба аль-Аслами — одного из знаменосцев мусульманского войска и видного деятеля раннего ислама. Согласно историческим сведениям, последние годы своей жизни он провёл в Мерве, где занимался распространением исламских знаний и духовным наставничеством. Большой интерес вызвали древние городища Эрк-Кала и Гяур-Кала — старейшие части Мерва, история которых насчитывает более двух тысячелетий. Среди древних стен и земляных укреплений особенно остро ощущается дыхание времени. Здесь невольно представляешь бесконечные караваны, прибывавшие из разных уголков Евразии, и оживлённую жизнь города, который на протяжении столетий служил местом встречи различных народов, культур и цивилизаций. Не менее впечатляющим является комплекс Кыз-Кала — уникальный памятник средневековой архитектуры, известный своими необычными волнообразными стенами. По мнению исследователей, эти сооружения служили дворцами и резиденциями знати, а их своеобразный архитектурный облик до сих пор остаётся одной из загадок древнего Мерва. Посещение древнего Мерва оставляет глубокое впечатление. Этот уникальный город-музей под открытым небом является живым свидетельством великой истории Центральной Азии. Его величественные

руины напоминают о временах, когда Мерв был одним из крупнейших и богатейших городов мира, где создавались научные труды, развивались ремёсла, возводились выдающиеся архитектурные сооружения и формировались духовные традиции, оказавшие влияние на многие поколения народов Востока. Не менее интересным стало посещение древнего Анау — одного из старейших исторических центров Туркменистана. Здесь сохранились уникальные памятники, свидетельствующие о существовании древних цивилизаций на территории Центральной Азии. Символом города является знаменитая мечеть Сеида Джамал ад-Дина, возведённая в XV веке и известная своим необычным архитектурным обликом. Согласно историческим преданиям и научным исследованиям, окрестности Анау на протяжении многих веков являлись важным центром торговли, ремёсел и культурного взаимодействия народов региона. Эти памятники являются бесценными свидетельствами богатой истории Центральной Азии и всего тюркского мира, напоминая о временах, когда города региона были важнейшими центрами науки, культуры, торговли и духовной жизни. Знакомство с историческим наследием Туркменистана органично продолжилось посещением города Байрамали, расположенного в Марыйском велаяте. Этот город занимает особое место не только в истории страны, но и в судьбах многих представителей уйгурского народа, переселившихся сюда в конце XIX — начале XX века из Кашгара, Яркенда, Хотана, Аксу и Кульджи. В Байрамали состоялась тёплая и содержательная встреча с нашим земляком Баратом Иминовым. В ходе беседы обсуждались история формирования уйгурской общины Туркменистана, судьбы первых переселенцев, вопросы сохранения родного языка, культурных традиций и исторической памяти. Особое внимание было уделено роли представителей старшего поколения, которые сумели сохранить национальную самобытность и передать её своим потомкам. С глубоким уважением участники встречи вспоминали отца Барата Иминова — многолетнего имама Байрамали, пользовавшегося заслуженным авторитетом среди жителей города. Его имя и сегодня вызывает искреннее уважение как пример преданности духовным ценностям, служения людям и сохранения нравственных традиций.

Большой интерес вызвала современная жизнь уйгуров Туркменистана. Несмотря на удалённость от исторической родины, местная община сумела сохранить родной язык, элементы национальной культуры, семейные традиции и чувство принадлежности к своему народу. Сегодня уйгуры являются неотъемлемой частью многонационального общества Туркменистана, внося достойный вклад в развитие страны и укрепление межнационального согласия. Поездка в Байрамали стала не только важной частью культурной программы, но и ещё одним подтверждением того, что историческая память, духовные ценности и родственные связи продолжают объединять тюркские народы независимо от расстояний и государственных границ. Участие в Государственном празднике туркменского национального ковра стало не только знакомством с одной из древнейших традиций туркменского народа, но и возможностью ещё раз убедиться в прочности духовных связей, объединяющих тюркские народы. Несмотря на государственные границы и расстояния, нас по-прежнему связывают общие исторические корни, культурное наследие и нравственные ценности, передаваемые из поколения в поколение. Именно такие встречи помогают сохранять и укреплять это бесценное единство тюркского мира.

**Почетный профессор университета «Туран»
Карлин МАХПИРОВ**





ул Полежаева 92а/4
+7 7788737927

BARGELLO
KAZAKİSTAN

“Zaman Geçer,
Kokusu Kalır”

Мұқағали Мақатаев көшесі, 127
Almati, Kazakhstan

İletişim WhatsApp
+7 707 401 9780

Instagram
@bargello_kazakhstan

Kaspi Shop
BARGELLO



ORİJİNAL
BARGELLO
%100 orijinal ürün garantisi

UZUN SÜRELİ
KALICI KOKU
Gün boyu etkileyici koku

%30 ESANS
YÜKSEK KALİTE
Yüksek esans oranı ile
üstün kalite

KASPI'DEN
HIZLI SİPARİŞ
Güvenli ve hızlı alışveriş

PIZZA N PIZZA

ГОТОВИМ ЗА 10 МИНУТ

ДОСТАВКА

ул. Аскарова, 2/1
+7 776 606 2373

Ремизовка, Байшешек, 2/1
+7 705 422 0999

ул. Оспанова, 59
+7 701 034 2002



CHECK-UP

КОМПЛЕКСНОЕ
ОБСЛЕДОВАНИЕ
ОРГАНИЗМА

- ✓ Консультации врачей
- ✓ Лабораторные анализы
- ✓ УЗИ и функциональная диагностика

DIRECT BILLING

Работаем по системе прямых расчётов
со страховыми компаниями

Allianz Care

cigna healthcare

Bupa

+7 (775) 740 14 05

+7 (708) 290 26 58

info@reactiveclinic.kz

Гоголя 95/70, Алматы, Казахстан



Instagram:
@reactive_clinic



веб-сайт:
reactiveclinic.kz

AST
CONSTRUCTION

METAL KONSTRÜKSİYONLAR VE ÜNİVERSAL YAPILAR /
МЕТАЛЛОКОНСТРУКЦИИ И УНИВЕРСАЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ



Çelik Karkas Yapılar
Стальные каркасные здания



Cam Kanopiler ve Girişler
Стеклянные козырьки и входы



Endüstriyel Hangarlar

Промышленные ангары



Ana Hizmetler:

- Metal Konstrüksiyonlar,
- Üniuersal Yapılar,
- Ferforje,
- Cephe Sistemleri,
- Çelik Binalar,
- Sanayi Tesisleri

Основные услуги:

- Металлоконструкции,
- Универсальные сооружения,
- Кованые изделия,
- Фасадные системы,
- Стальные здания,
- Промышленные объекты

İLETİŞİM / КОНТАКТЫ

e-posta: too_astmetals@gmail.ru
e-mail: too_astmetals@gmail.com

Telefon: +7 775 089 8177
Телефон: +7 775 099 8 77



Adres: Seyfullina Caddesi, Bina 410/78, Daire/iş Yeri 4,
Posta Kodu 050016, Almati, Kazakhstan

Адрес: Проспект Сейфуллина, дом 410/78, н.п. 4,
почтовый индекс 050016, Алматы, Казахстан



TÜRK DÜNYASINDA KAZAKISTAN'IN ÖNEMİ

Kazakistan, yüzölçümü bakımından Orta Asya'nın en büyük, dünyanın ise en geniş dokuzuncu ülkesidir. Coğrafi konumu, zengin doğal kaynakları, tarihi mirası ve Türk kültürünün gelişimindeki merkezi rolü sayesinde Türk Dünyasının en stratejik devletlerinden biri olarak kabul edilmektedir. Bağımsızlığını 16 Aralık 1991'de kazanan Kazakistan, kısa sürede bölgesel istikrarın, ekonomik kalkınmanın ve Türk devletleri arasındaki iş birliğinin öncüsü hâline gelmiştir. Türkiye de Kazakistan'ın bağımsızlığını tanıyan ilk ülke olmuştur.

Tarihî ve Kültürel Miras Kazakistan toprakları, Hunlar, Göktürkler, Kıpçaklar, Karluklar ve Karahanlılar gibi birçok büyük Türk devletine ev sahipliği yapmıştır. Türkistan, Taraz, Otrar ve Sayram gibi şehirler yalnızca Kazak tarihinin değil, bütün Türk medeniyetinin önemli merkezleri arasında yer almaktadır.

Türk düşünce tarihinin en önemli isimlerinden Hoca Ahmet Yesevî'nin türbesi Türkistan şehrinde yer alır. Yesevî'nin fikirleri Anadolu'nun İslamlaşması ve Türk kültürünün şekillenmesinde büyük rol oynamıştır. Ayrıca Dede Korkut geleneği ve bozkır kültürü de Kazakistan'ın ortak Türk mirasına yaptığı önemli katkılar arasındadır.

Türk Devletleri Teşkilatındaki Lider Konumu Kazakistan, Türk Devletleri Teşkilatı'nın güçlenmesinde öncü ülkelerden biridir. Türk devletleri arasında siyasi diyalog, ekonomik entegrasyon, ulaştırma, eğitim, kültür ve savunma alanlarında geliştirilen birçok ortak projenin oluşmasına katkı sağlamaktadır.

Türk Dünyasının ortak alfabesi, eğitim programları, gençlik projeleri ve kültürel etkinlikleri konusunda aktif rol üstlenerek Türk halkları arasındaki dayanışmayı güçlendirmektedir.

Ekonomik ve Jeostratejik Güç Kazakistan; petrol, doğal gaz, uranyum ve çeşitli maden rezervleri bakımından dünyanın en zengin ülkeleri arasında yer almaktadır. Çin ile Avrupa arasında uzanan Orta Koridor'un en önemli halkalarından biri olan ülke, Hazar Denizi üzerinden gerçekleştirilen ticaret ve enerji taşımacılığında kritik bir konuma sahiptir.

Bu özellikleri sayesinde Kazakistan, yalnızca Türk Dünyasının değil, Avrasya'nın ekonomik ve lojistik merkezlerinden biri hâline gelmiştir.

Türkiye-Kazakistan ilişkileri Türkiye ile Kazakistan arasındaki ilişkiler ortak tarih, dil ve kültürel bağlar üzerine kuruludur. Eğitim, savunma sanayii, enerji, ulaştırma, turizm ve ticaret alanlarında iş birliği her geçen yıl gelişmektedir.

Ahmet Yesevî Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, iki ülke arasındaki eğitim iş birliğinin en önemli sembollerinden biridir. Ayrıca karşılıklı yatırımlar ve artan ticaret hacmi, ilişkilerin stratejik ortaklık düzeyine ulaştığını göstermektedir.

Geleceğe Bakış yüzyılda Türk Dünyasının küresel ölçekte daha etkin bir güç olabilmesi için Kazakistan'ın oynadığı rol giderek artmaktadır. Enerji güvenliği, ulaştırma koridorları, dijital dönüşüm, bilimsel iş birliği ve ortak kültürel projeler bakımından Kazakistan, Türk devletleri arasında köprü görevi görmektedir.

Türk Dünyasının birlik ve dayanışmasının güçlenmesi, Kazakistan'ın öncülüğünde geliştirilen ortak vizyon ve projeler sayesinde daha sağlam temellere oturmaktadır.

Sonuç Kazakistan, sahip olduğu tarihî miras, güçlü ekonomisi, stratejik coğrafi konumu ve Türk Dünyasının bütünleşmesine yaptığı katkılar sayesinde yalnızca Orta Asya'nın değil, bütün Türk Dünyasının kilit ülkelerinden biridir. Ortak tarih ve kültürden aldığı güçle geleceğe yön veren Kazakistan, Türk halklarının birlik, refah ve istikrar hedeflerinin gerçekleşmesinde vazgeçilmez bir aktör olmaya devam edecektir.

Hasan ERYIGIT

Tüm Anadolu Gazeteciler Derneği Dış İlişkiler Kurulu Başkanı

TÜRK DÜNYASINDA SOSYAL MEDYANIN ÖNEMİ

Günümüzde sınırları kaldıran en güçlü araçlardan biri sosyal medyadır. Özellikle Türk dünyası için sosyal medya, sadece bir iletişim aracı değil, aynı zamanda kültürün, tarihin ve kardeşliğin yeniden canlandığı bir köprü haline gelmiştir. Türkiye'den Kazakistan'a, Azerbaycan'dan Kırgızistan'a kadar milyonlarca Türk soylu, sosyal medya sayesinde aynı anda aynı duyguyu paylaşabilmektedir.

1. Kültürel Bağların Güçlenmesi

Sosyal medya, Türk dünyasını birbirine en çok yakınlaştıran alanlardan biridir. Paylaşılan içeriklerin kısa zaman içinde milyonlara ulaşma imkanı vardır. Böylece ortak kökler tekrar hatırlanabilir.

2. Tarih ve Hafızanın Yaşatılması

Sosyal medya, unutturulmak istenen acıları ve unuttuğumuz kahramanlıkları da gündeme taşır.. Eskiden sadece kitaplarda kalacak olan tanıklıklar, artık bir video ile milyonlara ulaşabilir. Bu sayede Türk dünyasının ortak tarihi bilinci diri tutulur.

3. Dilin ve Kimliğin Korunması

Farklı ülkelerde yaşayan Türkler, sosyal medya sayesinde kendi lehçelerini paylaşma imkanı buluyor. Kazakça, Kırgızca, Azerice, Özbekçe içerikler milyonlarca izleniyor. Gençler "biz farklı konuşuyoruz" demek yerine "biz aynı ailenin farklı şiveleriyiz" demeye başlıyor. Bu da dilin yaşamasına ve Türk kimliğinin güçlenmesine katkı sağlıyor.

4. Ekonomik ve Sosyal İşbirliği

Sosyal medya sadece duygu köprüsü değil, aynı zamanda iş köprüsüdür. Türk dünyası girişimcileri, sanatçıları, öğretmenleri artık birbirini daha kolay tanıyor ve projeler üretiyor.

Sonuç olarak;

Sosyal medya, Türk dünyası için yeni İpek Yolu'dur. Eskiden kervanlarla taşınan kültür, şimdi bir tıkla taşınıyor. Bir Kazak çocuğun gülüşü, bir Türk ninenin gözyaşı, bir Azeri türküsü... Hepsi bu dijital yolda birbirine kavuşur.

Bu yüzden sosyal medyayı doğru kullanmak, Türk dünyasının geleceği için çok önemlidir. Çünkü artık mesafeler değil, algoritmalar bizi birbirimize yakınlaştırıyor.

Sonuç olarak "Altaylardan Tunaya yaşasın Türk Dünyası" dediğimizde sosyal medya artık bu konuda çok önemli bir noktaya geldi.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ: НЕ ӨЗГЕРЕДІ ЖӘНЕ ҚАНДАЙ МАҢЫЗЫ БАР?

Тарихта елдің дамуына бағыттайтын құжаттар сирек қана дүниеге келеді. Солардың ең негізгісі – Конституция. Ол мемлекеттің ары бері жолын, адамның құқығын, биліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайды. 2026 жылы Қазақстанда жаңа Конституция жобасы жарияланып, 15-наурызда референдумға шығарылатын болды. Бұл – ел үшін стратегиялық маңғызды өзгеріс.

Жаңа жобаның мәні неде? Оның қоғам өміріне қандай әсері бар? Осы сұрақтар бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбына айналды.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚОҒАМҒА НЕ БЕРЕДІ?

Жоба билік пен қоғам арасындағы қарым қатынасты өзгертуді, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуді көздейді. Ең алдымен, бұл құжат білім, ғылым, мәдениет пен инновация салаларындағы құқықтарды айқын түрде бекітеді.

Мысалы, білім алу құқығы – әр азаматтың өмірдегі ең маңызды негіздерінің бірі. Жаңа Конституцияда бұл құқық әділ, тең әрі сапалы білім алу мүмкіндігі ретінде көрінеді. Сонымен бірге ғылым мен инновация саласына қатысты жаңа баптар енгізілген: мемлекеттің ғылыми-зерттеулерге қолдау көрсету міндеті айқын көрсетіледі.

Бұл саладағы өзгерістер елдің креативті әлеуетін арттыруға, жаңа технологияларды дамытуға және жас зерттеушілерге жағдай жасауға бағытталған.

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАР МЕН ТЕҢДІК

Жаңа жобада әлеуметтік теңдік пен адамның өмір сапасын жақсартуға арналған шарттар нақты көрсетілген. Бұл құжатта ең төменгі әлеуметтік стандарттар, ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға қолдау, зейнетақы мен медициналық көмектің теңдігі сияқты мәселелер айқын жазылған.

Бұл өзгерістер – қоғамдағы әділеттілікті арттыруға, әлеуметтік шиеленістерді азайтуға бағытталған маңызды қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ ОРНЫ МЕН ФУНКЦИЯСЫ

– Жаңа Конституция мемлекеттік биліктің механизмдерін күшейтуге және теңгерімділікке бағытталған.

– Билік тармақтары арасындағы балансқа ерекше мән берілген.

– Азаматтардың жергілікті басқаруға қатысу мүмкіндігі кеңейтілме.

Бұл – демократиялық құрылымды нығайтуға жасалған нақты қадам.

ЗАҢНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Жаңа Конституцияның ең үлкен артықшылығы – азаматтық құқықтардың кеңеюі. Бұл құжатта азаматтардың жеке мәліметтерін қорғау, еңбек құқығын сақтау, сөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу сияқты салалар нақты тұжырымдалған.

Мысалы, ақпаратқа қол жеткізу құқығы бүгінгі күнде өте маңызды. Жаңа Конституция осы саладағы шектеулерді азайтып, азаматтар мен журналистерге ақпарат алу мен таратуда көбірек еркіндік береді.

Сондай ақ, құжат экономикалық құқықтарға да айрықша көңіл бөліп, кәсіпкерліктің дамуына, инвестицияның артуына, жекеменшік пен инновацияларға құқықтық кепілдік береді.

РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МӘНІ

Қазақстанның жаңа Конституция жобасы 15-наурызда референдумға шығарылмақ. Бұл – мемлекет тарихында маңызды саяси оқиға. Референдум – халықтың өз еркімен билік құрылысына тікелей қатысуға мүмкіндік беретін демократиялық құрал. Яғни бұл – қоғам мен мемлекеттің өзара сеніміне негізделген қадам.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңа Конституция – бұл жай ғана қағаз бетіндегі өзгерістер емес. Бұл – азаматтың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге, әлеуметтік теңдікті арттыруға, демократиялық механизмдерді нығайтуға бағытталған стратегиялық құжат. Ол елдің болашағын айқындайды, мемлекет пен қоғам арасындағы қарым қатынасты жаңаша тұрғыдан қалыптастырады.

Осы реформа – елдің тарихи даму логикасына сәйкес, азаматтық қоғамды дамыту мен құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Бүгінгі таңда қоғам бұл құжатты үлкен үмітпен күтіп отыр. Себебі Конституция – ел болашағының негізі.

Махтaбaй Ұлдaнa Бейсенбекқызы

ATA YURDUNDA BİR TÜRK HEKİM: KAZAKISTAN'DA 5 YILLIK BİR GÖNÜL KÖPRÜSÜ



Söyleşi Dizisi: Türk Dünyası'na Gönül Verenler

Kıymetli Türk Alemi Gazetesi okurlarımız;

Bundan sonraki her sayımızda sizlere Türkistan'a gönül veren kıymetli dostlarımızı tanıtacağız. Bu ayın ilk konuyu; güzel sohbeti ve temiz yüreğiyle sorularımızı yanıtlayan Sayın **Dr. Hakan Dülger**.

Türk Alemi Gazetesi olarak Kazakistan'da 5 yılı aşkın süredir mesleğini başarıyla sürdüren Türk hekimimizle Türk dünyası, sağlık sektörü ve ata yurdu Kazakistan üzerine samimi bir söyleşi gerçekleştirdik.

Kazakistan'da ne kadar süredir bulunuyorsunuz ve buraya geliş süreciniz nasıl gelişti?

Tam 5 yılımı doldurdum, 6. yılıma başlıyorum. Buraya aslında bir proje için geldim. Türk grubu Rams'ın Kazakistan'daki bir hastane projesi üzerine bana bir teklif geldi. Onlarla çok güzel bir çalışma yürüttük. Ülkeye ürettiklerinin üzerine, kendi öz vatanımızda kendimize ait bir klinik açarak yolumuza devam etme kararı aldık. Buraya klinik açmak amacıyla gelmemiştim; bu fikir Kazakistan'da Kazak kardeşlerimizle tanışıp kucaklaştıktan sonra oluştu.

Türk dünyası açısından Kazakistan sizin için ne anlam ifade ediyor?

Orta Asya'ya karşı bilgim ve hakimiyetim daha düşüktü. Türkiye'deyken Orta Asya'daki Türklerin bizim soyumuzdan ve ırkımızdan olduğunu biliyorduk ama buraya gelince kültürün ne kadar yakın olduğunu gözlerimle gördüm.

Kazakistan, geniş yüz ölçümüyle bu coğrafyada gerçekten önemli bir yere sahip ve diğer Orta Asya ülkelerine örnek teşkil edecek, gelişmeye açık bir ülke. Rusya Federasyonu içerisinde etkileşimleri var ama biliyorsunuz ki bu coğrafyada birçok Türk var ve Türk-lüklerini korumuşlar. Rusya'nın da buna karşı saygısı sonsuz. Bizi çok güzel ifade ettiklerini düşünüyorum.

İnanın, Türkiye'deki asimilasyondan burası daha az etkilenmiş; burası daha Türk kültüründe kalabilmiş. Burada kıyaslama yapmak için söyleyemiyorum ama ailenin aynı çatı altında evlenip devam etmesi bir lüks değil; bu bir gelenek, bir örf. Kazak aile modeli örnek aile yapısını sürdürmeye çalışıyor. İsterseniz multimilyarder olun; akşam masasına hep beraber oturulur, çocuk çocuk aynı yemeği yer. Bizim Türk kültüründe de bu vardır ama burada bunu daha çok korumuş olduklarını gördüm. Bizde maalesef günümüz şartlarında herkesin kendine ait evi var, çekirdek aile modeli önde. Burada ise mimari yapı da geniş aile modeline uygun; avlulu, tek katlı evler yaygın. Bu da aile kültürünü doğrudan besliyor.

Kazakistan'ın bir ata yurdu olduğu düşüncesi sizde nasıl bir duygu uyandırıyor? İlk geldiğinizde ne hissettiniz?

Kendi vatanımdan ayrılmış gibi hiç hissetmedim. Gerçekten sanki burada da bir evimiz varmış da yıllar sonra gelip yaşamaya başlamış gibi hissettim. Kültür yakınlığı olduğu için size sahip de çıkıyorlar. Avrupa'daki o «üçüncü sınıf vatandaş» muamelesini burada kesinlikle görmüyorsunuz.

Hoca Ahmet Yesevi'den Magjan Jumabayev'e kadar Türk dünyasının önemli şahsiyetlerinin bu topraklarda yetişmiş olması sizin için ne ifade ediyor?

Kazakistan manevi bağ olarak bizden kopmayacak bir ülke. Bunu merkezin tam içinde görüyorum. Ayrıca Hoca Ahmet Yesevi'nin adıyla kurulmuş bir üniversite de var burada. Bu isim sadece Türkler tarafından değil, coğrafyadaki 65'e yakın milliyet tarafından bilinen bir sembol. Abay gibi, Ablay Han gibi eski beyliklerden kalan tüm değerler gibi burası kendi öz benliğini koruyan bir ülke.

Sizi Kazakistan'a getiren kararda hangi manevi duygular etkili oldu? Buradaki beklentileriniz karşılandı mı?

Aslında dediğim gibi bir proje vesilesiyle geldim ama projeyi kabul etmeden önce coğrafyayı görmek istedim ve çok şaşırdım. Daha Bishkek gibi bir yer bekliyordum ama burası çok modern bir şehir.

Bir diğer gelme nedenim de ülkeden çıkıp biraz «tebdil-i mekân» yapmaktı. Ülkemizi çok seviyoruz, bir sorunumuz yok ama buraya gelip farklı bir kültürde «expat» olarak yaşamak istedim. Ancak Kazakistan'a gelince bu durum ülke değiştirmekten ziyade şehir değiştirmek gibi hissettirdi. Kazakça da dilimize çok yakın olduğu için rahatça anlayabiliyoruz.

Başarılı bir doktorsunuz ve mesleğinizi dünyanın birçok yerinde sürdürebilirdiniz. Kazakistan'da olmanın mesleki ve manevi anlamı nedir?

Mesleki açıdan bakarsam, burada halka hizmet etmekten dolayı çok mutluyum. Türkiye'nin tıp eğitimi kalitesi Kazakistan'a göre oldukça ileride. Buradaki eğitim sisteminde bazı handikaplar var. Örneğin çocuk ortopedisi ile erişkin ortopedisi yan yana çalışmıyor; biri çocuk hastalıklarından, diğeri genel cerrahiden geliyor ve birleşmemişler. Bu yüzden çocuk ortopedisiyle ilgili ek-sik kalınmış, tedavide yanlış davranılmış durumlar görebiliyoruz.

Geldiğimden beri bunları elimizden geldiğince düzeltmeye ve buradaki doktor arkadaşlarımıza eğitim vermeye çalışıyoruz. Benimle çalışan birçok öğrenci arkadaşım oldu. Bu eksikliği doldurmaktan büyük mutluluk duyuyorum. Bu maddi bir beklenti değil, tamamen manevi bir duygu. Kırgızistan'da 45 günde bir çocuklar için ücretsiz poliklinik yapıyoruz. Göğüs deformitesiyle ilgili ameliyatsız tedavi yöntemini bütün bu coğrafyaya yaymış durumdayım.

Kazakistan'daki sağlık ve ortopedi sektörünün geleceğini nasıl değerlendiriyorsunuz?

Kazakistan gelişmekte olan bir ülke ve çok kaliteli meslektaşlarım var. Ortopedi açısından yakın gelecekte dünya standartlarını yakalayacaklar. Sağlık Bakanlığı'nın yatırımları da çok iyi. Ancak temel kural eğitimidir. Üniversite sayısını artırmak ve ortopedide akademisyen ile uzman kadrosunu genişleterek asistan eğitim kalitesini yükseltmek birinci hedef olmalı. Bütüncül tıp anlayışıyla sadece cerrahiye değil, multidisipliner eğitime ağırlık verilmelidir.

Son olarak Kazakistan'a gelmek ve Türk dünyasını yakından tanımak isteyenlere ne söylemek istersiniz?

Ön yargılı olmadan gelsinler. Kazakistan'ın Orta Asya'da bizi bir Avrupa ülkesinden çok daha iyi temsil ettiğini bilerek gelmelerini isterim. Buraya gelip çalışan kimsenin pişman olacağını düşünmüyorum; genelde herkes geri dönme eğiliminde oluyor.

Coğrafyanın soğuğu veya sıcaklığı gibi zorlukları var ama müthiş bir doğallığı mevcut. İnsana ve doğaya zarar vermeden yaşama kültürünü Kazakistan çok iyi başarıyor. Ağaç keserken bile tereddüt edilen, yeşile saygılı bir ülke. Sofralarının bol ve misafirperver olmalarının sebebi de tabiata karşı iyi davranmala-rıdır.

Ayrıca Türk Alemi Gazetesi gibi bir yayının bizi burada temsil etmesi onur verici. Yıllardır bu işi yapıyorsunuz. Gazetenizin bir sayfasında yer almak benim için büyük bir gurur. Türk birliğini Allah bozmasın; birlik içinde olmak her zaman güç verir.





АРМАНДА ӨТКЕН АНА

Осы бір орта бойлы, бұйра шашты, қой көзінен ұшқын шашқан, орысша мен қазақшаны араластыра сөйлейтін қазақ қызының әңгімелері ет пісірім уақыт аузын ашып тыңдаған адамдарға баяғы Алпамыс, Қобыланды батырлар жайлы әжелері айтатын аңыздардай әсер қалдырады.

Бар-жоғы жиырма бесуіне шыққан Софья, сонау сұрапыл шақта өмірдің тар жол тайғақ кешуінен өткен еді. Өзінің өжеттілігімен, бауырмашылдығымен, өз жұмысына деген асқан жауапкершілігімен жаңа ортаға да тез сіңісіп кетеді.

Ол 1924 жылы Россияның Челябинск облысына қарасты Троицк ауданының Қарабалық ауылында, қазақ зиялыларының отбасында дүниеге келген. Әкесі Әубәкір Петербург қаласынан жоғары білім алған, сол тұстардағы саусақпен санарлық қазақтың зиялы азаматтарының бірі еді. 1927 жылы Софьяның үш жасында «Халық жауы» деп айыпталып, соңынан ату жазасына кесілді.

1942 жылы өзі сұранып, (анасының келісімісіз) майданға аттанады. Шығыстың қос жұлдызының бірі – Әлия Молдағұловамен бір жарым айдай бірге болғандығын кезінде тебіреніспен еске алатын. 335 артиллерия полкінің барлаушылар бөлімшесінің құрамында «Кіші жер», одан соң Баку қаласын жаудан қорғау майданына қатысып, 1943 жылы «Кавказды қорғағаны үшін» медалімен марапатталады. Соғыстың тағдырын шешетін көзі мен құлағы барлаушылар десек, олардың әр қадамы ажал мен қауіп-қатерге толы болатын.

Тумысынан зерек Софья Әубәкірқызы 3 жылғы қан майданда ерлік пен тапқырлықтың сан үлгісін көрсеткен еді. Қаршадай қазақ қызы қаһармандығымен халқының атына кір келтірмей, 1945 жылдың маусымында елге аман-есен жеңіспен оралғанды.

Жерлесіміз, аудандық оқу бөлімінде кезінде жемісті қызмет атқарған Самылтыров Ахметбек ағамызбен отбасын құрып, аяулы жар атанып, үш ұл, бір қыз сүйіп, соғыстың зардабымен үш жасынан бастап тартқан қайғы ұмытылып, өмірінің сәулелі шақтарының қуанышына бөленді.

Софья жеңгіміз 1986 жылы аудандық партия комитетіне небір алаңсыз оймен келген болатын. Аупарткомның бірінші хатшысы Құрманалиев Сауытбекпен амандасып, қабылдау бөлмесінде отырған бөгде екі кісіге де сәлем берген еді. Құрманалиев: – Алай, сіз айып етпейсіз, шақыртқаным. Мына екі кісінің сізде шаруасы бар екен, мен шыға тұрайын. Өздеріңіз оңаша сөйлесіңіздер, – деп бөлмесінен шығып кетеді. Есік жабылған бетте: «Сіз қай жылдары, қай майданда соғыстыңыз, әскери билетіңіз қайда? Осыны анықтауға келгенбіз. Өзіңіздің соғыста болғаныңызды куәландыратын барлық құжаттарыңызды алып, түстен кейін осында келіңіз», – дейді әлгі екеуі. Тосын сұраққа жол бойы таңғалған Софья жеңгіміз үйіне келе сала, әскери билеті мен өзге де құжаттарын таппай дал болады. Үй ішін астан-кестен қып, тұт таппаған Софья жеңгіміз нәр сызбаған бетте, түстен кейін хатшы бөлмесіне келді. Бетіне үнсіз тесіле қараған екі азаматқа: «Құжаттарым жоқ, таппадым» дейді. Отырғандар: «Онда өзіңіз жайлы жазылған мына арызбен танысыңыз», – деп алдына үш бет қағазды тастай салады. Арызды оқыған Софья жеңгіміздің жүзі бір қызырып, бір бозарып, ақыры жүрегі қысылып, аяғына дейін оқи алмай, ыстық жас жуған бетін орнамалымен сүрткілей береді. Бір стакан су берген тергеуші жігіттердің бірі: «Алай, жыламаңыз, біз сізге үш ай мұрат береміз, архивтен бе, военкоматтан ба, әйтеуір соғысқа қатысқаныңызды растайтын құжатты табыңыз, айтпесе, ісіңіз сотқа беріледі», – деп шығарып салады.

Үйіне жете құлаған Софья жеңгіміз бір жеті төсек тартып жатып қалады. Достары күйініп, көре алмай жүрген дұшпандары сүйсінген бір кезең екен ол. Софья жеңгіміз араға 8 күн салып, аудандық әскери комиссариаттың есігін ашады. Аудандық әскери комиссариаттың бастығы: «Алай, кейімеңіз, облысқа, Москваға сұрау салып жатырмыз. Бір хабары болып қалар», – деп шығарып салады. Тумысынан қайсар Софья жеңгімізге өміріндегі ең ауыр соққы өзін-өзі ақтай алмағандығы болды. Шер мен мұңға толы жылдар жылжи-жылжи, 1996 жылы Софья ана дүниеден өтті. Үш ұлы мен жалғыз қызына өле-өлгенше өзін ақтап алуды аманат етіп табыстаған екен. Сол күннен бастап, үлкен ұлы Мақұлбектің араша сұрап ашпаған есігі, бармаған жері қалмады. Барі де сырт айналып, «Ой, бұл қолдан келмейтін іс қой» деп шығарып салды. Ақыры «ана үмітін ақтау – балалық парызым» деп санаған Мақұлбек 2004 жылдың 18 наурызында осы мақаланың авторы маған келіп жолыққан еді.

«Жоқ» деуге арым жетпеді, іздестіріп көрейін дедім. Ақыры бір ай жарымғыз ізденіс өзінің жемісін берді. Алматы қаласындағы ұлттық кітапхана, облыстың бас мұрағаты, Президент пен Қазақстан Ғылым Академиясының мұрағаттарын ақтарып жүріп, соғыс жылдарындағы Софья жеңгіміздің аңызға бергісіз әңгімесін растайтын ақиқатты таптым. Балқаш ауданына келіп, үйлі-баранды болып, бар саналы ғұмырын бала тәрбиесіне бағыштаған Софья Әубәкірқызы аудандағы майдангер аналардың бірі, бірегейі екен.

БАЛҚАШТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Мұсабек Сеңгірбаев атындағы орта мектепте Имамбаева Софья Әубәкірқызына кабинет ашылды.

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты талай абзал азаматтарымызды жер қойнына алып кетті. Ауыртпалығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір өрісінде аброймен қызмет етіп, бала-шағасын қанаттыға қақтырмай, тұнсықтыға шоқтырмай, ұясынан түлетіп, қияға самғатып, білімді де мәдениетті азаматтар етіп, халқына адал еңбек атқарған әйел, ана, ұстаз, патриот, батыр, құрметті Имамбаева Софья Әубәкірқызы туралы айтпақпын.

1967–1968 оқу жылында мені мұғалімдік жұмысқа қабылдау туралы еңбек кітапшамдағы Балқаш аудандық оқу бөлімінің кадр басшысы Имамбаева Софья апайдай ерекше жанның қолтаңбасының болуы – мен үшін мақтаныш, үлкен мерей.

Ол кісінің қолтаңбасын менің еңбек жолымдағы бағым жанған жылдарымның, жұлдызым жарқырап, құрметке бөлінген сәттерінің биігіне бастаған «қасиетті мөр» деп бағалаймын.

Софья Әубәкірқызының өмірлік ұстанымы, қарапайымдылығы мен қайрат-жігерін, терең санасы мен қан майдандағы ерлігін әрқашан үлгі етіп, ол кісінің ізгілікті өмір жолынан үйренуге құштар едім. Ауданымыздағы Совет заманында көптеген ма-

мандықтарды меңгеріп, әртүрлі салада еңбек еткен, сандаған мақтаулы азаматтарға өнеге болған Ахметбек аға мен София апамызды халқы құрметтеп, ерекше сыйлайтын. Ол кісілер осындай құрметке лайық жандар еді.

Әр ата-ананың арманы-сәби сүю, соңына шаңырағын құлатпай, әулетін жалғастыратын, өмірден өткенінде өзіне Құран бағыштайтын ұрпақ қалдыру жөнінде қасиетті Құран кәрімде («Шура» сүресі. 49-50): «Алла қалаған пендесіне қыз береді, ұл да береді, нәсіп етеді, яғни сәби сүю – Аллаһ тағаланың сыйы» делінгендей, София апамыз бен Ахметбек ағамыздың артында Алланың берген теңдесі жоқ сыйы – ұл-қыздары, олардан тараған немере-шөберлері бар. Ел есінде есімі ерлігімен танылған Софья Әубәкірқызындай ержүрек ананың аты елі барда, ерлігін бағалар жұрты барда мәңгі жасары сөзсіз.

Әлима СҚАФИЕВА,
профессор, фил. ғыл. кандидаты, Халықаралық «Мұстафа Кемал Ататүрік» сыйлығының лауреаты және Алтын Медаль иегері.
«Лидер» образование медалінің иегері

Міне, қазақтың қайсар қызы, асыл ана, жүректі жауынгер туралы аңыз бен ақиқат – осы. Ұлы Жеңістің 60 жылдығында аудандағы жалғыз майдангер ана – Имамбаева Софья Әубәкірқызының рухына бас исек, елдігіміз болар.

Жанұзақ БАЙЖУМАНҰЛЫ,
штаттан тыс тілші

БАРЛАУШЫ ҚЫЗДЫҢ ЕРЛІГІ

Соғыс – барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалап, жұтатын тажал. Ал, Ұлы Отан соғысы адамзат тарихында болған соғыстардың ішіндегі ең қасіреттісі болды. 1941 жылдың 22 маусымында басталып, бес жылға, 1418 күнге созылған бұл алапат соғыс бізге орасан зор адам құрбандықтарын әкелді.

Бұл соғыста Кеңес үкіметі 27 миллион адамынан айрылды. Ұлы Жеңіс бізге оңайға түскен жоқ. Майдандағы қыздардың ерлігі туралы мәселеге келсек, фашизмге қарсы күресте флот пен майданға қызмет ету өтініші туралы сұраныстарда әйелдер ерлерден кем түспеген. Ұлы Отан соғысы жылдары барша халық пен қатар қазақ қыздары да жеңіс жолында жан тігіп, бар күшімен күресе білді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ олар өз еріктерімен майданға аттанды. Олардың алды жиырмадан асса, көпшілігі 17–19 жаста ғана болатын. Сол бір сұрапыл соғыс жылдары қазақ қыздары да өзінің отаншылдықтарын, жеріне, еліне деген патриоттық сезімін мақтанышпен дәлелдеді. Қазақ қыздары қан майданда басқа ұлт өкілдерімен бірге табандылық пен ерен ерліктің үлгісін көрсете білді.

Нағыз жалындап тұрған он сегіз жасында өзі сұранып майданға аттанған Софья Әубәкірқызы туралы кезінде Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» газеті мен облыстық «Жетісу» газетінде, еліміздің бас газеті «Социалистік Қазақстан» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») газетінде барлаушы қыздың көрсеткен еріктері туралы мақала, очерктер сан мәрте жазылып, жарық көрді. Қанды майдандан аман оралған Софья Әубәкірқызы 1924 жылы Ресейдің Челябин облысы, Троицк ауданының Қарабалық ауылында, зиялылар отбасында өмірге келеді. Зиялылар отбасы дейтініміз, әкесі Әубәкір сол кезде беделді кызметте. Өзі жоғары білімді Петербург қаласынан алған. Сол уақыттағы саусақпен санарлық жоғары білімді мамандардың бірі болған еді. Анасы Рабига да арнаулы орта білімі бар, оқыған-тоқығаны мол жан болыпты.

Тағдырдың тауқыметі кімді аясың, бесіктен белі шықпай жатып Софья да сол тағдыр тауқыметіне ұшырайды. 1927 жылы Софьяның үш жасында әкесі Әубәкір «халық жауы» деп ұсталып, жаламен айыпталды. Айыптаудың соңы ату жазасына кесілді.

Төртінші баласына аяғы ауыр анасы Рабига көзге көрінген балаларын «кім көрінгенге көзтүрткі қылмайын» деп, сол кездегі Қазақстанның астанасы Алматы қаласына қоныс аударады. Осында жүріп, он алты жасында жеті жылдық білім алған Софья енді анасына қолғабыс етуді ойлайды. Сөйтіп, Татар АССР-нің Бугульма қаласында №16 телеграф мекемесінде еңбек жолын бастайды. Мұндағы телеграф маманы болып істегені кейіннен соғыста жүргенде өзіне көп көмегін тигізеді.

Соғыс басталардан аз уақыт бұрын елге оралып, Алматы қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы орта мектепте аға пионер вожатый болып қызмет істейді. Оқуға деген ынтасы зор өжет қыз күндізгі жұмысын кешкілік Алматы ауылшаруашылығы техникумындағы оқумен жалғастырады. Күндіз қас

қарайғанша жұмыста, кеш бата техникумдағы оқуына асығады. Өстіп жүре берер ме еді, егерде бейбіт өмірді тұтқиылдан келген сұм соғыс бұзбағанда. 1941 жылдың маусым айында неміс-фашист басқыншылары кенеттен соғыс бастап, соғыс өрті еліміздің батысындағы біраз елдерді шарпып, лаулап шығысқа қарай жақындап келе жатты. Елдің жағдайы жұқара бастаған бір қиын-қыстау кезеңдер басталды.

Соғыстың алғашқы жылы бітіп, есіктен қаһарлы 1942 жыл енді. Софьяның басынан «қайтсем де мен Отанымды қорғауға майданға баруым керек» деген ой кетпей қойды. Бірнеше рет өздері тұратын жердегі Ленин аудандық әскери комиссариатына баруға оқталғанымен, анасынан батпай, кейін шегіне береді. Ақырында өжет мінез, алғанынан қайтпайтын қайсарлық әскери комиссариатқа өзі сұранып, майданға жіберуді өтінген өтінішпен аяқталған еді. Анасы болса, бұдан хабарсыз, білмейді. Баланың ортаншысы әрі өзі көп үміт күтіп жүрген жанына жақын қызы болғандықтан, асыл ана қызымен қимай қоштасады. Сөйтіп, өжет қыз он сегізге толар толмастан сұрапыл соғысқа өзі сұранып аттанады.

1942 жылдың тамылжыған жаз айы. Софьяларды әкеле жатқан әскери эшелон Мәскеуге жетпей, бір стансада тоқтап, бұларды енді жабық машиналармен майдан шебіне қарай алып жүреді. Майданға жіберместен бұрын бұларды сұрыптап, әртүрлі әскери бөлімдерге бөліп, соғысқа дайындайды. Осы жерде Софьяға өзінің баяғы Бугульмада істеген телеграф мамандығы көмегін тигізіп, мұны барлаудағыларға байланысшы болу мамандығына қарай бейімдейді.

Бұл кез неміс басқыншыларының Отанымыздың астанасы Мәскеу қаласы түбіндегі майданда орасан жеңіліс тауып, ендігі бағыттары Ресейдің орталығы мен мұнайлы өлке Кавказға қарай ауысып тұрған кезі болатын. Арнайы дайындықтан соң, майданның алғы шебіне жіберілген Софьяға Шығыстың қос шынарының бірі, Кеңес Одағының Батыры, мерген қыз Әлия Молдағұловамен бір жарым ай бір бөлімде болуды тағдыр жазыпты. Жарықтың кейде бір көңілі түскен кезде батыр қыз Әлиямен бірге болған сол бір қасқағым сәт – бір жарым айды ерекше бір тебіреніспен, мақтанышпен айтып отырушы еді.

Басымдық біздің жаққа ауа бастаған кезде Софьяны Батыс майданындағы Екпінді армияның 335-і артиллериялық полкінің барлаушылар бөліміне ауыстырып, ол осы полкпен соғыс аяқталғанша бірге соғысады. Ол осы полктің барлаушылар құрамында «Кіші жерді» азат етуге, Кавказда туысқан Әзірбайжан елінің астанасы Баку қаласын, Махачкаланы жаудан қорғауға қатысады.

Соғыстың аты – соғыс. Сен еркексің бе, әйелсің бе, елеп-екшеп жатпайды. «Қанды соғыс – ерге сын, қаптаған жау – елге сын». Қолыңа қару ұстадың ба, жауыңмен аямай күрес. Жауды аяған жаралы. Оның үстіне Софьялардың барлау бөлімі үнемі от пен оқтың арасында жүреді. Соғыстың тағдырын шешетін әскердің көзі мен құлағы барлаушылар десек, олардың әр қадамы ажал мен қауіп-қатерге толы болатын. Артиллериядан соққы беру үшін жаудың әскери бөлімі, шоғырланған әскери техникасы қай жерде орналасқанын алдын ала біліп алудың маңызы ерекше. Сонда ғана атқан снарядың діндеген жеріне дәл тиіп жатады. Міне, осы кезде барлаушыларға жүктемелер міндетті екі есе арта-тыны бар. Өз қарамағыңдағы барлаушыларды жау тылынан аман-есен алып шығып, соққы беретін нүктелерді анық көрсету үшін барлаушылар жетекшісінің ерекше туа біткен қасиеті болуы керек. «Барлаушы болсаң, болжай біл, арбасқан жауды алдай біл» деген осындайда айтылса керек. Софья сол барлаушылардың штаб пен байланысына жауапты белсенділерінің бірі болды.



Майков қаласында дамылдаған барлаушылар тобы, алдағы қатарда оң жақта бірінші отырған Софья Әубәкірқызы ИМБАЕВА. 1944 жыл



Жанында тағы бір байланысшы жауынгері бар, алғы шептен қажетті мәлімет әкелу үшін күн демей, түн демей қарша бораған оқтың астымен, ара-арасымен жанталаса жүріп, берілген тапсырманы орындау, үлкен қырағылықты, ептілікті, батырлықты талап етеді. «Қыздың ерлігі жекпе-жек қырғында білінді, әйел демей алдына жауы жүгінді» дегендей, ерлердің арасындағы жалғыз қыз болса да, алғы шептен мәлімет әкелуде Софья басқа барлаушылармен бірге небір қауіпті тапсырмаларға қаймықпай қатысып, ерлік танытты. Осы ерліктеріне сай «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Кейін бұлардың полкі Кавказды жау қолынан азат етуге қатысып, осында көрсеткен ерлігі үшін 1943 жылы «Кавказды қорғағаны үшін» медалімен марапатталады.

Софья апамыз соғыстың алғашқы жылдарында батыр қыз Мәншүк Мәметовамен кездесіп, бірге суретке де түскен екен. Намысын жауға бермеген қазақтың қаршадай қызы өзінің қаһармандығымен халқының атына кір келтірмей, соғысты жеңіспен аяқтап, 1945 жылдың маусым айында елге аман-есен оралады. Туған жер төсінде, Алматының теміржол вокзалында майданнан қайтқан ерлерді елі, туған-туыс, бауырлары ерекше бір қуанышпен, үлкен шаттықпен қарсы алады. Софьяның анасы Рабиға осы вокзалда күтіп алып, өзінің жанындай жақсы көретін қызының аман-есен келгенін көріп, көрісіп мауқын басады. Оған куә – сарғайған газет беттері. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 25 маусымдағы санында газеттің бірінші бетіне «Туған елге қош келдіңіздер, жеңімпаз жауынгерлер!» деген тақырыппен майданнан қайтқан жауынгерлер туралы мақала жарық көреді. Сол мақаланың үстіңгі жағына Софья Имамбаеваның анасы Рабиғамен сүйісіп, амандасып тұрған суретін береді. Суреттің астына «Жақында астанамыз майданнан қайтқан өзінің жауынгер қыздарын қарсы алды. Суретте: майданнан қайтқан Софья Имамбаева шешесі Рабиғамен сүйісіп амандасып тұр. Суретті түсірген: Ким Ги-сун» делінген. Бұл тарихи айғақ па? Әрине, тарихи айғақ.

Елге аман-есен орала салысымен Софья Әубәкірқызы Имамбаева техникумдағы оқуын қайта жалғастыра жүріп, 1945–1949 жылдары Алматы қаласының Ленин аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы, мектеп істері бөлімінің бастығы қызметтерін атқарады. 1949–1950 жылдары Алматы қалалық телеграф мекемесінде бас маман болып жүрген жерінен Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің жолдамасымен Балқаш аудандық оқу бөліміне қызметке жіберіледі.

Өмірдің тауқыметін бесіктен белі шықпай жатып тартқан Софья Әубәкірқызы сол елуінші жылдардың басында, ауданның халық ағарту саласында ұзақ жылдар жемісті, абыройлы қызмет істеген, жаны жайсаң, жарқын да абзал жан Ахметбек Самылтыров ағамызбен көңіл қосып, шаңырақ көтереді. Абзал жанға аяулы жар болып, үш ұл, бір қыз сүйіп, бар ауыртпалықты жеңіп шығып, халқына қалаулы, еліне елеулі болып, бақуатты ғұмыр кешті. Балаларының үлкені Әспет – жоғары білімді педагог, ұзақ жылдар Алматы қаласындағы мектептерде ұлағатты ұстаз болып еңбек етті. Қазір зейнеткер.

Құдайдың берген қыздарын құтты орнына қондырған бақытты ана, қадірлі апа. Ұлдың үлкені Мақұлбек өзінің қалауы бойынша жоғары білімді құрылыс мамандығын игеріп, білікті прораб болды. Ол да Алматы қаласында өз мамандығы бойынша қызмет істеп, еңбек демалысына шықты.

Өмір өкінішсіз болмайды ғой. Мақұлбектен кейінгі ұлдары, Әріпбек пен Мейрамбек тағдырдың жазуымен өмірден ертерек өтіп кетті. Бірақ, тәубе, арттарында оттарын өшірмейтін ұрпақтары қалды. Қазір Бақанастағы қара шаңырақта Мейрамбектің қызы, Ахметбек ағамыз бен Софья апамыздың немересі Әсел отыр. «Орында бар оңалар» деген осы.

«Жақсы адам – елдің ырысы» дейді екен бұрыңғылар. Қан майданда қанқасаптың алғы шебінде жүрген барлаушы қыздың ерлігі бүгінгі ұрпағымызға үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Сағидолла СИҚЫМБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Баубек Бұлқышев атындағы және Қазақстан Журналистер
одағы сыйлығының иегері

БАЛХАШ АУДАНЫ, БАҚАНАС АУЛЫНЫҢ ӘКІМШІЛІГІНЕ ХАБАРЛАМА

Аудан орталығында көптеген мәдени, саяси, тағы басқа іс-шаралар өткенде оған аудан жұртшылығы түгелдей қатысатын. Әр мекеме, оқушылар, ұстаздар, дәрігерлер т.б. ауыл тұрғындары. Осы орайда соғыс, еңбек ардагерлері, еңбектегі жоғарғы жетістікке жеткен азаматтар мен азаматшалар, көп балалы аналарды ерекше құрметпен, қошеметпен, сый-сыяпат көрсететін. Сондай өз заманының ардақтысы болған азаматшалардың бірі, София Иманбайқызы еді. Ол кісі соғыс ардагерлері Сарсеев Ташен, Абдасылов Сейдахмет, Тоқтасынбаев Әбу, Нина Георгиевна Крылова сияқты ардақтылардың қатарында тұратын. Ол кісінің жолдасы – Самылтыров ағай менің ата-енем, Балқаш ауданының іргетасын қалаушылардың бірі болып есептелетін Молдабековтар отбасының замандастары еді. Сол сияқты әкем Текебаев Абдрахман – сол кездегі «Балқаш еңбеккері» газетінің штаттан тыс тілшісі, соғыс ардагерлері туралы аудандық газетке мақалалар жазатын. София апайдың кіші ұлы Самылтыров Әріпбекке мен класс жетекші болып, физика пәнінен сабақ бердім. Ол кісіні мектепте өтетін патриоттық тәрбие тақырыбындағы іс-шараларға, класс сағаттарына шақырып, оқушылармен кездесу өткізетінбіз. Сондықтан София Иманбайқызы апайды Ұлы Отан соғысының ардагері, ауданның белсенді азаматшасы және бала тәрбиесінде үлгілі ана, отбасының тірегі есебінде танып білдім. Бүгінгі таңда еліміз егеменді тәуелсіз мемлекет болып, өз еліміздің тізгіні өз азаматтарымыздың қолында тұрғанда, осы кісілер сияқты өз заманының ардақты азаматы болған ата-апа-лардың есімі келешек ұрпақтың анызына айналатындай шара ұйымдастыру, бүгінгі ел ағаларының борышы болмақ. Сондықтан София Иманбайқызының аты аудан орталығындағы көшеге, аудандағы мектептердің біріне аты берілсе, деген ұсынысым бар.

«Мұндай ұсыныс айтатын себебім, аталған мектепте 25 жыл қызмет атқарып, аудан азаматтарының сапалы білім, саналы тәрбие алуына өз үлесімді қостым деп есептеймін. Менің оқушыларым қазір егеменді еліміздің тәуелсіздік алып, саяси және мәдени, экономикалық даму барысында еңбек етіп жүрген азаматтар қатарында. Ел іргесін қалауда еңбек етіп жүрген Телебаев Ғазиз, Исабаев Бейбіт, медицина ғылымының докторы Айтжанова Райгүл, Алматы қаласындағы ғылыммен айналысып жүрген көптеген оқушыларымыз, аудан орталығында мекемелер, мектептерді басқарып отырған оқушыларымызды мектептің сол кездерде қызмет атқарған ұстаздары, бізде мақтан тұтамыз. Оқушыларымыздың алды еңбек ардагерлері, сондықтан оқушыларымыздың жетістігі – ауданның білім беру саласындағы азды-көпті еңбегіміздің жемісі.

Біз оқытқан оқушылар – София Иманбайқызы сынды батыр аналарының ерлігін ұлықтап өскен ұрпақтар. Кейінгі ұрпақтар да танып-білуі үшін ол кісінің есімін жұрт жадында жаңғыртудың бір жолы – бір көше атына есімін беру» деп білемін.

Ардагер ұстаз – Әлима АБДРАХМАНОВА,
III-Дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері, Аға мұғалім,
«Ы. Алтынсарин атындағы» медальдің иегері



Түркі халықтары мәдени
қорының белді мүшесі
Галина Мухаеваны
мерейтойымен
құттықтаймыз!
Алла сізге ең алдымен
мықты денсаулық, ұзақ
ғұмыр, қажымас қайрат
берсін! Әрқашан жүзіңізден
мейірім нышаны кетпей,
айналаңызға қуаныш
сыйлап, Аналық бақытқа
кенеліп жүре беріңіз!

Мерейтойыңыз құтты болсын!



Маусым-шілде айларындағы туған күн иелері Шолпан Бзарова, Гүлнара Хайрушева, Бибігүл Үйсінбаеваны туған күндерімен құттықтаймыз!

Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға құт-береке, шат-шадымен көңіл-күй және тағы басқа ғаламдағы бар ізгілікті тілейміз. Өмірлеріңіздің әрбір сәті қуанышқа, жақсылыққа толы болсын!

Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы

Адам туралы қызықты дерек

Адам баласы – арқасымен жатып ұйықтайтын жалғыз жаратылыс. Сондай-ақ, адамдар ұйықтап жатқанда көрген түсінің 90 пайызын ұмытып қалады. Адам болмысы туралы мұндай қызықты деректерді біліп не едіңіз?

- Денеміздің қан айналымы жалғыз мүшесі - көздің қасаң қабығы. Ол оттегіге ауа арқылы қанығады.
- Адам миының сыйымдылығы 4 терабайттан асады.
- Нәресте 7 айлығына дейін бір уақытта тыныс алып, жұтына алады.
- Адамның бас сүйегі 29 түрлі сүйектен құралған.
- Мидан шыққан нерв импульсі сағатына 274 шақырым жылдамдықпен қозғалады.
- Адам миы бір күн ішінде түрлендіретін электр импульстері бүкіл әлемдегі телефондардағыдан қарағанда әлдеқайда көбірек.
- Орташа адам денесіндегі күкірттің мөлшері бір иттің үстіндегі бүргелердің бәрін жоя алады. Ал адам бойындағы көміртек 900 қарындаш жасауға, калий мөлшері ойыншық зеңбіректен атуға, май мөлшері 7 сабын жасауға жетеді. Сонымен қатар денеміздегі сумен 50 литрлік бөшкені толтыруға болады.
- Адам жүрегі бүкіл өмірінде 182 миллион литр қан айдайды.
- Сіз осы сөйлемді оқып отырған кезде, дененіздегі 50 мың жасуша өліп, жаңасына алмасады.
- Құрсақтағы нәрестенің 3 айлығында-ақ саусақ іздері пайда болады. Ерлерге қарағанда, әйелдердің жүрегі жылдамырақ соғады.
- Чарльз Осборн 68 жыл бойы ықылық атып жүрген.
- Оңқай адамдар солақайларға қарағанда орташа есеппен 9 жылға артық өмір сүреді.
- Адамдардың шамамен үштен екі бөлігі сүйіскен кезде басын оң жаққа қисайтады.



ЖАРАПАЗАНДЫ ҚАЗАҚ ҚАПАЙ АЙТҚАН?

ЖАРАПАЗАН СӨЗІНІҢ РАМАЗАННАН ШЫҚҚАНЫНА ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ КЕЛСЕДІ. БІРАҚ БАСТАПҚЫ БУЫНҒА ҚАТЫСТЫ ПІКІР ЕКІГЕ ЖАРЫЛАДЫ. «ЖА-РАМАЗАН» НЕМЕСЕ «ИӘ, РАМАЗАН». «ЖА-РАМАЗАН» – АРАБША «РАМАЗАН КЕЛДІ» ДЕГЕН МАҒЫНА БЕРСЕ КЕРЕК. БІЗДІҢШЕ, ТҮРКІЛЕРГЕ «Ж» МЕН «И» БІРДЕЙ. ҚАЗАҚ СЕКІЛДІ ҚЫПШАҚ ТІЛДІЛЕР «Ж-ҒА» ҮЙІРМІЗ. ОҒЫЗДАР МЕН ҚАРЛҰҚТАРДЫҢ БІРАЗЫ «И-ҒА» ТӨУЕЛДІ ДЕГЕНДЕЙ.

астастырылған. Оған дәлел де жоқ емес.

«Айтайын жарапазан есігіңе-ау,
Сәби бітсін осы үйдің бесігіне-ау.
Жарапазан тек қана дін жолы емес,

Бұйыртсын деп айтайын
несібіңе-ау.

Ескі жыл кетіп қалған
есіркейді-ау,

Жаңа жыл жетіп келген не
істейді-ау.

Жаңа жыл жетіп келген
жүкпен келер,

Жұбайлар жаңа-жаңа жұппен келер» деген жолдар Мұханның сөзіне дәлел секілді. «Жарапазан тек қана дін жолы емес» деп кесуі расында ойлантады. Сондай-ақ жарапазан түркілерде болғанымен, араб пен парсыда жоқ. Сондықтан ол жақтан келді деуге негіз таба алмайсыз. Демек, ол әбден дұрыс пікір.

Жарапазанды Мұхаж жарамазан деп қолданғанын көріп отырмыз. Қазақстанның кей жерлерінде бұл сөзді жарамаздан, жәдит-жарапазан, тіпті саһар (сәре) яғни таң сәрі мағынасында да қолданады. Ол мүмкін наурыздың таң сәрісі шығар. Содан да «саһар айтқан балалар, елден елді аралар» деп өндетеді.

Әрине, дінге шақырған, насихаттаған жарапазан нұсқалары да бар. Дегенмен жарапазан жырларында сол отбасына барлық жақсылықтарды тілейді. «Кірсін дәулет есіктен, шықсын бейнет тесіктен» деген жамандық атаулыны қуып, аластау сарындары да жоқ емес. «Келгенде қайыр-зекет бере алмасаң, жібермес ақыретте менің назам» деп қорқытып та қояды.

«Ай жағыңа қарасаң, алтыннан терек орнасын, Күн жағыңа қарасаң, күмістен терек орнасын. Бөлшіл-бөлшіл, бөлшіл бол, Бозторғайдай төлшіл бол. Бәйтеректей бүрлі бол, Пайғамбардай нұрлы бол» деген секілді керемет баталар да айтылады.

Қысқасы, кейіннен діни астар енгізілген жарапазан да ұлттық, түркілік дәстүр-салт өлеңі. Халықтық өнер. Халықтық той-думан жыры. Оны тек жалаң діни ғұрыппен байланыстыру ағаттық.

Бүгінгінің баласы...

Жарапазанды жастар біле ме? Осы сұраққа жауап іздеп, бір топ студент жастармен пікірлесіп көрдік.

Айсәуле Кенгашова: – Алматыдағы Тұран университетінің 4-курс студентімін. Жарапазанды жалпы қазақ ауылдағы балалардың барлығы болмаса да біразы біледі деп ойлаймын. Ал басқа ұлттар басым тұратын өңірлерде білмеуі мүмкін. Кейде тіпті қазақы ауылдың жастары да білмей жатады. «Естігем, бірақ не екенін білмеймін» деген жауап алуыңыз

мүмкін. Тағы бір қызығы, «жарапазанды тек ер балалар айтады» деген түсінік қалыптасқан.

Маймаш Дастан: – Жарапазан түркітілдес халықтардың қанына сіңіп, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ежелгі салт-дәстүрлердің бірі. Жарапазан адамдардың қарым-қатынасына дөнекер болады. Жақсылық насихатталып, бата беріледі. Кішкентай кезімізде достарымызбен жиналып, үйді-үйді аралап, жарапазан айтатынбыз. Артынан бата беріп, қоржынымызды толтырып қайтатын едік. Қазір ауылда да сол салт сирексіп бара жатыр.

Аружан Үстемірова: – Жарапазан рамазан айында айтылатын өн-өлең деп білемін. Яғни қазақ жерінде ислам діні қалыптасқаннан бері айтылатын тұрмыстық жыр деп айтсақ та болады. Мен өзім жарапазан айтып көрмедім. Інім өзімен сыныптас он шақты баламен бірге жарапазан айттып үйді аралайтын. Жақсы дәстүр. Насихаттай беру керек.

Рауан Мұтайыр: – Бала кезімізде жарапазан айттық. Өзімізге қызық көрінетін. Түсінбейтін адамды да көрдік. Түсінетін кісілер, «ой, айналайындар» деп, басымыздан сипап, төтті-төпсегін, тіпті ақшалай да беретін.

Жастардан осындай жауап алғасын, көптен Алматыда тұратын Асқар Тұрмағамбет есімді ақсақалға хабарластық.

– Бұрын қала шетіндегі жер үйде тұрғанмын. Ол жақта жарапазан айттып жүрген жастарды көрмедім. Ал көп қабатты үйге көшкеніме де біраз жыл болды. Есіктің қоңырауын басып, мектеп жасындағы балалар келіп тұрады. «Жарапазан айтқалы келдік» дейді. Айтыңдар десем, көдімгі «Мұхаммед үмбеті айтқан жарапазан» деп жібереді. Кейбіреуі сөзінен жаңылып жатады. Домбырамен шырқайтындар да бар. Разы болып қаласың. Ең қызығы, дәстүр бойынша төтті-көмпит берсең, алмайды. Тек ақша бергенінді қалайды. Дұрыс емес, әрине. Дегенмен, заман солай ғой – деді.

P.S.

Ілкіде жарапазанның исламнан бұрын түркілік жаңа жыл мейрамы кезінде айтылған салт өлеңі екендігін айттық. Ал қазір халық діни мейрамның көрігін қыздыратын үрдіс ретінде қабылдады. Ол түсінікті өзгерту әзірге қиын болар. Бірақ наурыздың атауы парсылық болғанымен, түркілік мейрам дейтініміз секілді, жарапазан да түркілік деп сенімді түрде айтайық. Сіңірейік.

Д. БЕЛДЕУБАЙ

Жарапазан өлеңмен айтылатындықтан оны әдебиетпен, халқымыздың ақындығымен байланыстырған ғалымдардың сөзі орынды дер едік. Ең қызығы, жарапазан тек осы мәтінмен айтылуы керек деген нақты біріздендірілген нұсқа жоқ. Соған қарағанда екі ауыз өлеңді суырып салмайтын қазақ жоқ себепті, көбіне жарапазаншылар өз жандарынан шығарып айтқан секілді. Оның дені ұмыт болған да шығар. Дегенмен, бүгінге жеткен нұсқалар аз емес. Солардың ішінде осы жолдардың авторына жас кезінде естіген мына нұсқалар ортақ, кең таралған түрлері секілді көрінеді:

Ассалаумағалейкум, уа рамазан,
Бір келген он екі айда ораза иман.
Ассалаумағалейкум, уа рамазан,
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.
немесе
Ассалаумағалейкум ақтан келдік,
Ай туып, күні шыққан жақтан
келдік.

Айтты деп жарапазан сөкпеңіздер,
Пайғамбар жолын қуған адам едік.
Мұхаммед үмбеті айтқан

жарапазан,
Бір келген он екі айда ораза, иман.
Айтайық жарапазан еліңізге,
Байласаң барша орамал белімізге.
немесе

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен.
Өшекейлеп сырлаған,
Ақ сарайдай үйі бар,
Ақ бөкендей қойы бар,
Қара сақал кермиық,
Қандай байдың үйі екен?

Осы келтірілген нұсқаларды ортақ шығар дейтін себебіміз, сонау Қиыр шығыстағы ауылдан естіген шумақтарды, қиыр батыстағы ағайынның аузынан да естідік. Әрі «Оразаң қабыл болсын ұстаған жан» немесе «Мұхаммед үмбеті айтқан жарапазан» және «Үйің-үйің үй екен» деп басталатын шумақтар мен жолдардың еш өзгермей, ортақ әуенмен айтылатыны белгілі.

«Жарапазанды қазақ қаймағы бұзылмай тұрған кезде қалай айтқан?» деген сауалға ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы толыққанды жауап беріпті. «Жарапазан рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар «сауап болады» деп, жарапазан айтқандарға құрт, май,

ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды көсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Олар жарапазанды екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады». Бұдан жарапазанды ауыл-үй арасында бала-шаға, қыз-бозбала айтып думандатса, жасы үлкендер ай бойы жүріп пайда тапқанын көреміз.

Әрине, тыңдаушыны еліктіріп, айызын қандыру үшін жарапазан айтушы ақын да, керемет өнші де болғаны дау туғыза қоймас. Ғалым Әуелбек Қоңыратбаев жарапазан айтушыға түйе де берілетінін жазыпты. Соған қарағанда ел ішіндегі өнші-күйшінің көсібіне де айналса керек. Бірақ оған қарап, бұл асқан өнерпаздардың көсібі болған деуге келмейді. Кез келген бала-шаға, үлкен-кіші жарапазан айтқан.

Рамазан сөзінен шыққанын және ораза кезінде айтылатын болғасын жарапазанды тек дінмен байланыстырамыз. Ал ұлы Мұхтар Әуезов басқаша пайымдайды. «...Қазақ жарамазандарының көбін алсақ... күшті сопылық, өрескел тақуалықты айтып, өзге жұрттың дін өлеңі сияқты үнемі сөжде, үнемі дұға, ұдайы күнәкар болуды айтып, көп төубемен жалбарына беретін сөздер жоқ деуге болады. Бұл жағынан қарағанда қазақтың көп жарамазаны баяғы ақы сұрап айтатын мақтау өлеңдеріне жақын келеді.

Қазақ ортасына «ислам дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды» деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. ...Жарамазан әу баста маусымдық-күнтізбелік ғұрыпқа қатысты түркі халықтарының бірлігі дәуірінде әлдеқашан пайда болып қалыптасып, кейіннен ислам дінінің қағидаларымен етене тоғысқан аса байырғы синкретті жанр деуге негіз бар. Жарамазан ұлыстың ұлы күні – наурызда айтылған, кейіннен рамазан айында айтылатын болған».

Демек, жарапазан секілді жанр, дәлірегі – соған ұқсас өлең айту қазақта исламға дейін болған. Яғни ұлыстың ұлы күнінде айтылған. Кейіннен діни түсініктер мен ұғымдар



Бүгінде жеті жылдық еңбек тәжірибесі бар жас маман осы уақыт ішінде көптеген науқастың сырқатын дер кезінде анықтап, дер кезінде медициналық көмек көрсетудің арқасында олардың өміріне араша болған. Әрбір диагноздың артында адамның тағдыры тұрғанын жақсы түсінетін дәрігер өз кәсібіне асқан жауапкершілікпен қарайды.

Әріптестері Бауыржан Жанәділұлын кәсіби білімі терең, ізденімпаз әрі еңбекқор маман ретінде бағаласа, тұрғындар оның адамгершілігі мен қарапайымдылығын ерекше атап өтеді. Науқастардың айтуынша, осындай білікті әрі жанашыр дәрігерлердің еліміздің денсаулық сақтау саласында қызмет етіп, халыққа қалтқысыз көмек көрсетіп жүргені – үлкен қуаныш. Олар ақ халатты абзал жанға зор сенім артып, еңбегіне ризашылықтарын білдіреді.

Дәрігердің табысының тағы бір тірегі – отбасы. Жұ-

Жас болса да мол тәжірибе жинақтап үлгерген Бауыржан Жанәділұлы алдағы уақытта да білімін жетілдіріп, Қазақстан медицинасының дамуына өз үлесін қосуды мақсат етеді. Себебі ақ халатты абзал жан үшін ең үлкен марапат – ем іздеп келген адамның сауығып, жүзінен қуаныш көру.

Осындай өз ісіне адал, кәсібіне жауапты, адам өмірін бәрінен биік қоятын дәрігерлердің еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Дәрігер болу – мамандық таңдаудан бұрын, адам өміріне жауапкершілік алуға берілген серт. Ақ халатты абзал жан күн сайын түрлі тағдырмен бетпе-бет келеді. Бірі үмітпен келсе, енді бірі дертіне дауа іздеп келеді. Осындай сәтте дәрігердің кәсіби білімі ғана емес, сабырлылығы, мейірімі мен адамгершілігі де сыналады. Бауыржан Жанәділұлы осы қасиеттерді бойына сіңіре білген жас мамандардың бірі.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАННЫҢ АМАНАТЫ

«ДЕНСАУЛЫҚ – АДАМҒА БЕРІЛГЕН ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА» ДЕСЕК, СОЛ ҚАЗЫНАНЫ САҚТАП ҚАЛУ ЖОЛЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ЖАНДАРДЫҢ БІРІ – ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ, БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН АУДАНЫ, ТОБЫЛ ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТӘЖІРИБЕЛІК ДӘРІГЕРІ БАУЫРЖАН ЖАНӘДІЛҰЛЫ АМАНГЕЛДІ.

Киелі Түркістан қаласының тумасы Бауыржан Жанәділұлы медицина саласын бала күнгі арманына айналдырып, Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінде «Жалпы медицина» мамандығын тәмамдаған. Кейін интернатура мен резидентураны аяқтап, «Жалпы тәжірибелік дәрігер» және «Отбасылық медицина» бағыттары бойынша білімін жетілдірген.

2021 жылдың 27 тамызынан бері Тобыл дәрігерлік амбулаториясында еңбек етіп келеді. Оның айтуынша, аудандық ауруханадағы әріптестерінің шақыртуымен өзі таңдап келген өңір бүгінде екінші туған жеріне айналған.

«Медицина – барлық өнердің ішіндегі ең асылы» деген Гиппократтың сөзі әрбір дәрігердің өмірлік ұстанымы болуы тиіс. Бұл мамандық үлкен жауапкершілікті талап етеді. Адамның денсаулығы ғана емес, кейде өмірі де дәрігердің білімі мен шеберлігіне байланысты. Науқастың жазылып, алғысын айтып кеткенінен асқан бақыт жоқ», – дейді дәрігер.



байы Фариза Нұрғалиқызы да медицина саласының маманы, жалпы тәжірибелік медбике. Ерлі-зайыптылар бүгінде екі ұл – Парасат пен Асланханды тәрбиелеп отыр.

Жеті жылға жуық еңбек жолында ол жүздеген емес, мыңдаған тұрғынға медициналық көмек көрсетіп үлгерді. Әртүрлі дерттің алғашқы белгілерін дер кезінде анықтап, науқастарды уақытылы емдеуге жолдап, көптеген адамның денсаулығын қалпына келтіруге үлес қосты. Дәрігердің айтуынша, аурудың алдын алу – оны емдеуден әлдеқайда маңызды. Сондықтан тұрғындарға профилактикалық тексеруден уақытылы өтіп, салауатты өмір салтын ұстануға әрдайым кеңес береді.

Тобыл кентінің тұрғындары да жас дәрігердің еңбегіне жоғары баға береді. Оның қабылдауында болған азаматтар біліктілігін, қарапайымдылығы мен жауапкершілігін жиі атап өтеді. Науқастардың пікірінше, кәсібіне адал, өз білімін үнемі жетілдіріп отыратын осындай мамандардың ел медицинасында қызмет етуі – халық үшін үлкен олжа. Олар дәрігерге алғыстарын білдіріп, оның алдағы уақытта да талай жанның өміріне араша болып, ел игілігі жолында аянбай еңбек ете беретініне сенім білдіреді.

«Ақ халаттың салмағы – адамның тағдырына деген жауапкершілікпен өлшенеді» дейді дана жұрт. Сол жауапкершілікті терең сезініп, антына адал қызмет етіп жүрген Бауыржан Жанәділұлы секілді дәрігерлердің еңбегі қандай құрметке де лайық. Адам өмірін сақтап қалуды өмірлік мұрат еткен жас маманның алдағы асылары биік, алар белестері мол болғай.

Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ



«Балғын Раш – ақын»,
Дүйсен Мағұлов,
«Мұқағали» журналының бас редакторы.

Көңілді елең, жүректі селт еткізетін жырлар болады. Олар оқырманын дауыспен емес, үнсіздікпен баурайды. Ондай өлеңдерде айғай жоқ, бірақ жан айқайы бар. Ондай поэзия өмірді бояламайды, қайта оның ең нәзік, ең жаралы тұстарын алақанына салып көрсетеді. Соңғы жылдары қазақ поэзиясында дәл осындай қолтаңбасымен танылып келе жатқан жас ақындардың бірі – Балғын Раш.

Балғынның шығармашылығы туралы сөз қозғаған әдеби орта өкілдерінің пікірлері бір арнаға тоғыса-

БАЛҒЫН – ӨЛЕҢ!

ды. Ол өз дәуірінің көңіл күйін дәл сезіне алған, мұнды эстетикаға айналдыра білген ақын. Шайырдың жырларындағы мұң мен шынайылық, сезімді жеткізудегі батылдығы оны қатарластарынан даралайды. Өмірде аса нәзік, инабатты көрінетін ақынның өлеңдерінде суық образдарды тайсалмай қолдануы – оның ішкі қуатын аңғартады. Балғын ешкімге өкпе артпайды, ешкімді кінәламайды. Ол тағдырмен үнсіз арпалысады. Өрепкімей күреседі. Ұрандатпай жеңеді. Оның лирикалық кейіпкері – өмірдің қаталдығын қабылдай отырып, адамдық қалпын жоғалтпауға тырысатын жан.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Абылай Мауданов Балғынның поэзиясында азаматтық үн мен нәзік лиризм қатар өрілетінін ерекше айтады. Оның пікірінше, ақын туған елдің тарихына ой жүгіртіп, бүгінгі қоғамның болмысын саралай отырып, замандастарын ізгілікке жетелейді. Ал махаббат пен адамның ішкі әлеміне келгенде, Балғынның өлеңдері мөлдір сезімге, кіршіксіз ниетке толы.

Оның:
«Менің гүл сатқым келеді,
Жұмсартқым келеді жүректерді...»

Деп басталатын жыр жолдарының өзінен-ақ ақынның адамды өзгертуге емес, оның жүрегіне жылылық сыйлауға ұмтылатын болмысы айқын сезіледі. Бұл бүгінгі қатқыл қоғамдағы ең үлкен рухани қарсылықтың бірі.

Филология ғылымдарының кандидаты Кенжебай Ахметов Балғын Әділбекқызының кейінгі жылдары поэзияда ғана емес, азаматтық қызметте де өзін дәлелдегенін айтады. Оның пікірінше, ақын мемлекеттік

тілді насихаттау, жас таланттарды қолдау бағытында да белсенді еңбек етіп келеді. Әдеби байқаулардағы жеңістері де оның үздіксіз ізденісінің нәтижесі. «Үздік жас ақын – 2021», «Qalamdas – 2024» секілді республикалық байқаулардағы жеңістері – соның дәлелі.

Ал әдебиеттанушы Қуаныш Қожабайұлы Балғын поэзиясының көркемдік әлеміне тереңірек үңіледі. Оның пайымдауынша, Балғын қазіргі қазақ поэзиясындағы ең сыршыл лириктердің бірі. Ақынның әрбір өлеңі – адамның ішкі үнсіздігін сөйлететін көркем кеңістік.

«Тағдыр тартып алған соң ойыншығын,
Жылап бара жатыр ма жасық үміт...»

Деген жолдарда тағдыр адамның ойыншығын емес, оның аңғал сенімін тартып алады. Мұнда ойыншық – бала көңілдің символы, ал «жасық үміт» әлсіздіктің емес, тағдыр алдындағы дәрменсіздіктің бейнесі ретінде суреттеледі.

Немесе:
«Неліктен жүректер өлгенде,
Көңіл айтпаймыз,
Табытын көтермейді ешкім...»

Бұл қазіргі қоғамға қойылған ауыр сауал. Біз тәтті өліміне аза тұтамыз, бірақ рухтың өлімін байқамаймыз. Ақын дәл осы рухани соқпырлықты жырлайды. Балғын табиғатты да өзгеше сөйлетеді.


«Қауырсын пілте Қағбаны айналып,
Жасап жатқандай мінажат...»

Қарапайым қызғалдақтың қауызынан Қағбаны көру жай ғана теңеу емес. Бұл табиғаттың өзін қасиетті кеңістікке айналдыра алған ақындық қиялдың көрінісі.

Ал:
«Үлгерміз бе, құшаққа қысып?
Үлгерміз бе, сүйеге?»

Деген екі-ақ жолдың астарында тұтас бір дәуірдің үрейі жатыр. Уақыттың шектеулілігі, кеш қалып қоядан қорқу, айтылмай қалған сөздердің салмағы бәрі осы қысқа сұрақтарға сыйып кеткен. Сондай-ақ, бейнелік тұрғыда тек қызға ғана нәзіктік пен сезім ғана емес, адамдар арасында іңкәрлікті жоғалтып алмауға деген үрей бардай көрінеді. Балғын Раш поэзиясының басты ерекшелігі – өмірді әдемілеп көрсетуге тырыспауында жатыр. Ол өмірдің жарасын жасырып қоймайды. Бірақ сол жараның ішінен үміттің жарығын да жоғалтпайды. Сондықтан оның өлеңдерінде мұң бар, бірақ торығу жоқ. Жалғыздық бар, бірақ жалғызсырау жоқ. Сағыныш бар, бірақ шарасыздық жоқ. Ол адамды бақытты болуға үндемейді. Адамдық қалпын сақтауға шақырады. Балғынның жырларында көне қазақы таным мен заманауи модернистік ойлау табиғи үйлесімділікпен тоғысады. Оның метафоралары көзге көрінеді, жүрекке тиеді. Ол қарапайым детальдан үлкен философия тудырады. Сол себепті оның поэзиясы қағаз бетіндегі көркемделген сөздер емес, ішкі күй мен жүректені толқынның нәтижесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Серікбай Оспановтың сөзімен түйіндесек «Балғын ойлы қыз». Санасын қамсаулаған ойлардың негізгі ұшпағы пендені қалғып кеткен ұйқысынан ояту. Қазіргі қазақ әдебиетіне жаңа үн, жаңа тыныс қажет десек, сол тыныстың бірі – Балғын Раштың жырлары. Өйткені ол өлеңді жай ғана жазбайды. Ол жүректі емдейді. Ал мұндай поэзия уақытпен бірге ескірмейді, уақыт өткен сайын тереңдей түседі.

Бейбіт НҰРМҰХАНОВ,
Жазушы-журналист



РУХАНИ ТЕРЕҢДІККЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН ЕҢБЕК

(Серікбай Оспанұлының «Ақ пен қара» кітабы туралы ой)

Қазақ руханияты – ғасырлар бойы ізгілік пен әділеттілікті ту еткен асыл мұраларға толы. Әдебиетіміз де, тарихымыз да, философиялық ілімдеріміз де, кенжелеп болсын қоғамға қосылған психология (жантану саласы да) адам болмысы мен өмірдің мәнін тануға бағытталған. Осы дәстүрді жалғастырып, бүгінгі заман оқырманына ой тастап отырған еңбектердің бірі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серікбай Оспанұлының «Ақ пен қара» атты кітабы. Автор бұл еңбегін бұрын жарық көрген «Адамгершілік әліппесі» кітабының жалғасы ретінде ұсынып, жас ұрпаққа ғана емес, барша оқырманға арнаған. Кітап – ізгілік пен зұлымдықтың мәңгілік тартысын, рухани құндылықтардың адам өміріндегі орнын кеңінен сөз етеді.

«Әуелі адам болу керек. Содан кейін ғана маман болу қажет» деген екен ұлылар. Алайда соңғы уақытта нарық заманы деп қара бастың қамы, қалтаның қалыңдығын ойлап, адамдықтан айырылып, болдым, толдым деген сәтте адам болудың жолын іздеп жатамыз. Ал сонда адам болуды іздеу керек пе, әлде адам ретінде қалыптасып, қоғамға мүше болу керек пе? Бұл ойдың түп төркінін Серікбай Оспанұлы шығармасында кеңінен тарқатып, өмірдің мәнін ең алдымен адамдық болмыстан іздейді. Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп бекер айтпағаны белгілі. Шындығында, кітапта көтерілген басты идея – адам тәрбиесінің қоғам тағдырына тікелей ықпалы бар екендігі. Тәрбиесіз білімнің қауіптілігі бүгінгі заманда тіпті айқын сезіледі. Мәселен, қазіргі психологтар да адамның құндылықтар жүйесі бала кезден қалыптасатынын дәлелдеп отыр. Австриялық атақты психотерапевт Виктор Франкл «адам өмірінің мәнін тапса ғана қиындықты еңсере алады» дейді. Бұл тұжырым автордың еңбегіндегі «ақ пен қараны ажырата білу» идеясына үндес. Яғни әуелі пенде өмір жолын қалыптастыру үшін өзін құраудан бастау керек дегенге саяды. Сонда ғана тұтас адам болары анық.

Кітаптың құнды тарауларының бірі – дін мен діл мәселесін сөз етуі. Қаламгер дінді тек құлшылық ғана емес, тұтас өмір сүру философиясы ретінде қарастырады. Дегенмен одан бұрын «діл деген не еді? Оны біз қаншалықты дұрыс әрі өмірдің құндылығы екенін түсініп жүрміз бе?» деген сауалға жауап іздейді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы «діл» ұғымын да айрықша талдап, оны ұлттық болмыстың, рухани иммунитеттің негізі ретінде көрсетеді. Философ Аманжол Қасабек «Діл – ұлттың жүрегі, ол жоқ жерде ұлттық сана да болмайды» деген пікір білдірген болатын. Аталған пікір кітаптағы ойлармен астасып жатыр. Яғни діл – біздің тілімізде, дінімізде, дәстүрімізде, әдет-ғұрпымызда сақталған рухани код.

Серікбай Оспанұлы Құран аяттары мен ғылым арасындағы үндестікке ерекше мән берген. Бұл қазіргі заманда жиі талқыланатын өзекті тақырып. Белгілі француз дәрігері әрі ғалымы Морис Бюкай «Құран мен ғылым арасындағы үйлесімділік оның күдіреттілігін дәлелдейді» деп атап өткен болатын. Кітапта да дәл осы тұжырымдар нақты мысалдармен берілген. Адам жаратылысы, табиғаттың тылсым құбылыстары – бәрі ғылым мен діннің үйлесімін айғақтайды. Психологтардың пікірінше, сенім мен білімді қатар ұстаған тұлғаның өмірге құлшынысы да, рухани төзімділігі де әлдеқайда мықты болады.

Шығармада тек діни мәтіндер емес, сонымен қатар қазақтың жыраулары, шығыс ойшылдары мен әлемдік классиктердің сөздері де келтірілген. Өз кезегінде оқырманға кең дүниетаным береді. Әл-Фарабидің «Парасатты адам ілімі», Ахмет Йассауидің «Хал ілімі», Жүсіп Баласағұнның «Жауанмәртлік ілімі», әл-Машанидің «Жар ілімі», Абайдың «Толық адам» концепциясы, Шәкәрімнің «Ар ілімі» – барлығы автордың ойымен бір арнаға тоғысқан. Психология ғылымының докторы Абрахам Маслоу «адам өзін-өзі жүзеге асырғанда ғана толыққанды тұлғаға айналады» деген ойы еңбектегі «толық адам» ілімімен қабысады. Нақтырақ айтқанда, пенде өзіне сұрақ қойып, өзі хақында ізденген күні оның нағыз өмірі, адами жолы басталады.

Сөз соңында кітаптың негізгі миссиясы – жастарды ойландыру, ізгілікке шақыру екенін баса айтқан жөн. Себебі туынды көбіне жас буынның қалыптасып, одан кейін өмірдің бұралаң жолында сынбай, тағдыр тезіне, сынаққа шыдауы керектігін тілге тиек етеді. Жастардың санасын тәрбиелеу – ұлт болашағын тәрбиелеу деген сөз. Психолог Карл Роджерс «Адамның бойындағы жақсы қасиеттерді ашып көрсету – ең басты тәрбие» дейді. Серікбай Оспанұлы да дәл осы қағиданы ұстанғандай, еңбегінде адам бойындағы мейірім, ар-ұят, адалдықты дәріптейді. «Ақ пен қара» кітабы – тек әдеби шығарма ғана емес, ол философиялық толғаныс, ғылыми пайым, рухани өсиет. Еңбекте тарих та, дін де, ғылым да, әдебиет те тоғысып, оқырманға мол азық береді. Бұл кітаптың құндылығы әр оқырманды өзін-өзі тануға, ақ пен қараны ажыратып, өмірдің мәнін іздеуге жетелейді.

Бейбіт НҰРМҰХАНОВ,
Журналист
Қостанай қаласы



НЕСИЕГЕ БАЙЛАНҒАН



Қазақстанда жастардың несиеге тәуелділігі барған сайын күрделі әлеуметтік мәселеге айналып келеді. Мемлекеттік кредиттік бюроның мәліметінше, 18–21 жас аралығындағы 136 239 азамат микроқаржы ұйымдарынан қарыз алған. Олардың 18 638-інде төлем мерзімі 90 күннен асып кеткен. Демек, осы жастағы мик-роқарыз алушылардың шамамен әрбір жетіншісі берешегін уақытында өтей алмай жүр.

Сарапшылардың пікірін зерделей келе, мәселенің тек қаржылық сауаттың төмендігімен шектелмейтіні аңғарылды. Жастарды қарызға ерте кіргізетін себептердің қатарында табыстың аздығы, тұрмыс құнының қымбаттауы, әлеуметтік желідегі тұтынушылық қысым, онлайн несиең тым жеңіл рәсімделуі және тез баюға деген ұмтылыс бар. Қарыз көбейген сайын жас адамның қаржылық еркіндігі шектеліп, отбасы бюджетіне қосымша салмақ түседі. Білімін жалғастыру, баспана алу, кәсіп бастау секілді маңызды жоспарлар кейінге шегеріліп, бір реттік несие ұзаққа созылған тәуелділікке ұласуы мүмкін.

Расул РЫСМАМБЕТОВ, қаржыгер:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ «ӨМІР» НЕСИЕГЕ СҰРАНЫСТЫ КҮШЕЙТТІ

– Жастардың несиеге жиі жүгінуінің себебін тек қаржылық сауаттың төмендігінен іздеу жеткіліксіз. Негізгі мәселе – олардың өмірден күтетін талабы мен нақты табысының арасындағы алшақтықтың ұлғаюында.

Әлеуметтік желіде көрсексыздықпен ұйымдас-тырылатын саяхат, соңғы үлгідегі телефон, жаңа көлік, қымбат киім-кешек пен жайлы тұрмыс үздіксіз насихатталады. Осындай көріністерді күн сайын көрген жас сан-салтанатты өмірді қалыпты тіршілік өлшемі ретінде қабылдай бастайды. Алайда көпшіліктің табысы әлеуметтік желіде көрсетілетін өмір салтына сай келмейді. Қалауы мен қаржылық мүмкіндігі қабыспаған кезде несие сол аралықты уақытша толтыратын құралға айналады. Жас азамат қолындағы қаражатқа емес, болашақта табымын деп үміттенген ақшасына өмір сүре бастайды.

Қарыз алудың бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеуі де жағдайды күрделендіріп отыр. Бұрын несие рәсімдеу үшін банкке барып, құжат жинап, өтініштің мақұлданыуын күту қажет еді. Қазір смартфоннан бірнеше батырманы басып, санаулы минут ішінде микрокредит алуға болады. Қарызға қол жеткізу жолы жеңілдеген сайын адам оның салдарын терең ойламайтын болды. Соның салдарынан несие төтенше жағдайда қолданылатын амал емес, кез келген мәселені тез шешудің үйреншікті тәсіліне айналып барады.

Тұтыну мәдениеті де едәуір өзгерді. Бұрын адам қалаған затын алу үшін бірнеше ай немесе бірнеше жыл ақша жинайтын. Қазіргі буын «қазір ал, кейін төле» қағидасына бейімделіп келеді. Бөліп төлеу, онлайн несие, жазылым секілді қызметтер сатып алуды жеңілдеткенімен, шығынның салмағын бірден сездірмейді. Адам ойына келген қалаған затын бүгін алады, ал оның құнын келесі айлардағы табысынан өтеуге мәжбүр болады. Осылайша, болашақ кірістің белгілі бір бөлігі алдын ала жұмсалып қояды.

Несие алудың өзі әрдайым тиімсіз шешім емес. Оның пайдасы немесе зияны қаражаттың қандай мақсатқа жұмсалғанына байланысты. Білім алуға, баспана сатып алуға, кәсіп ашуға немесе кәсіби дамуға бағыттал-

ған қарыз болашақ табыстың өсуіне ықпал етуі мүмкін. Ал ойын-сауыққа, әлеуметтік мәртебені көрсетуге бағытталған қымбат телефонға, демалысқа немесе күнделікті шығынды жабуға алынған несие қосымша кіріс әкелмейді. Керісінше, адамның қаржылық еркіндігін шектеп, қарыз жүктемесін ауырлатады.

Ақша мен қарызға деген қоғамдық көзқарас та өзгеріп барады. Бұрын қарыз алу тығырыққа тірелгенде жасалатын соңғы қадам саналса, қазір несие ұялы байланыс пен интернет секілді күнделікті өмірдің қалып-

ты бөлігіне айналды. Көпшілік ай сайын несие төлеуді тұрақты тұрмыстық шығын ретінде қабылдай бастады. Осындай дағды адамның өз мүмкіндігін асыра бағалауына және жаңа міндеттемелерден қорықпауына әкеледі.

Мәселенің ең қауіпті тұсы – жастардың қарыз қаражатын табыс әкелетін активке емес, тез құнын жоғалтатын дүниеге жұмсауында. Қымбат телефон, сәнді киім, шетелдегі демалыс немесе әлеуметтік желіде ауқатты болып көріну үшін алынған несие адамның кірісін арттырмайды. Керісінше, алдағы бірнеше айдағы немесе бірнеше жылдағы еңбекақысының бір бөлігін алдын ала байлап қояды. Бүгінгі қысқа қуаныш ертеңгі ұзақ міндеттемеге айналады.

Әлеуметтік желінің психологиялық қысымын да елеуге болмайды. Бұрын адам өзін туған-туысы, көршісі немесе бірге оқитын ортасымен салыстырса, қазір әлемнің түкпір-түкпіріндегі ауқатты, танымал және табысты адамдармен салыстырады. Өзгенің жақсы сәттері үздіксіз көрсетілген сайын адамның өз өміріне көңілі толмауы мүмкін. Нәтижесінде белгілі бір деңгейге тез жетуге, табыс-ты әрі бақуатты көрінуге деген ұмтылыс күшейеді. Нақты табыс жеткіліксіз болған тұста сол айырманы несие жабады.

Сондықтан жастардың қарызға тәуелділігін жеке адамның жауапсыздығы деп қана бағалау дұрыс емес. Оған төмен табыс, қымбатшылық, тұтынушылық қысым, әлеуметтік желідегі жасанды мінсіз өмір бейнесі және несиенің оңай қолжетімділігі қатар әсер етеді. Жас азамат қарызды бүгінгі қажеттілігін өтейтін қаражат деп емес, ертеңгі табысына жүктелетін міндеттеме деп түсінгенде ғана саналы қаржылық шешім қабылдай алады.

Шешім – несиені толық шектеуде емес. Қаржылық сауат пайызды есептеумен ғана шектелмеуге тиіс. Адам ай сайын-ғы табысын, шығысын, қарыз төлемін және тәуекелін бірге бағалай білуі керек.

Дулат ТАЙГЕЛТІРҰЛЫ,

«Қарызсыз қоғам» әлеуметтік жобасының қаржы сарапшысы:

ҚАРИЗДАН ҚҰТЫЛУ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІПТЕН БАСТАЛАДЫ

– Жастардың несие мен шағын қарызға жиі жүгінуіне, ең алдымен, табыс-тың аздығы мен қаржылық білімнің жеткіліксіздігі әсер етеді. Ата-анасынан бөлініп, дербес өмірге енді қадам басқан жас бірден жоғары жалақы алатын жұмысқа орналасып немесе жеке кәсібін жолға қойып кете алмайды. Ал пәтерақы, оқу ақысы, азық-түлік, көлік пен күнделікті қызметтердің бағасы жыл сайын қымбаттап барады. Табысы шығынын өтеуге жетпеген кезде жас адам қарыз алуға мәжбүр болады.

Әлеуметтік желідегі жарнама мен санға айналған үрдістер де жастарға қосымша қаржылық қысым түсіреді. Қаражаты жеткіліксіз болса да, қымбат киім, жаңа телефон, шетелде демалу немесе басқа да заттарды сатып алуға деген ұмтылыс несие алуға итермелейді. Банктер мен сауда орындары ұсынатын бөліп төлеу қызметі де сатып алуды тым оңай етіп көрсетеді. Сатып алушы тауардың толық құнына емес, ай сайын төлейтін аз мөлшерге ғана назар аударады. Соның салдарынан өз мойнына қанша қаржылық міндеттеме алғанын байқамай қалуы мүмкін.

Табысы тұрақсыз немесе жалақысы аз жастар арасында бір қарызды екінші қарызбен жабу оқиғасы да кездеседі. Алғашқы несиенің төлемін өтеу үшін жаңа шағын қарыз алынады. Көп ұзамай жаңа қарыздың да төлеу мерзімі келеді. Осылайша, берешек біртіндеп көбейіп, ай сайынғы төлем адамның табысынан асып кетеді. Ақырында борышкер қарызын өтеуге шамасы жетпейтін жағдайға тап болады.

Тағы бір маңызды себеп – тез әрі оңай баюға деген ұмтылыс. Қысқа мерзімде көп ақша тапқысы келген жастар қаржы пирамидаларына, күмәнді инвестициялық жобаларға, алаяқтық ұсыныстарға немесе құмар ойынға ақша салуы мүмкін. Кейбірі мұндай іске өз қаражатын ғана емес, несиеге алған ақшасын да жұмсайды. Соның салдарынан табыс табуды көздеген адам бірнеше қарыздың астында қалады.

Жастардың қарыз мәселесін бір ғана шарамен шешу мүмкін емес. Ең алдымен, қаржы ұйымдары төлем жасауға қиналған азаматтарға қарызды қайта қаржыландыру, төлем мерзімін ұзарту және берешекті қайта құрылымдау мүмкіндігін ұсынуға тиіс. Бірнеше несиені бір жүйеге біріктіріп, ай сайынғы төлем мөлшерін азайту кей жағдайда борышкердің қаржылық жағдайын тұрақтандыруға көмектеседі. Қаржылық сауаттылықты мектеп бағдарламасына міндетті пән немесе тұрақты курс ретінде енгізу де маңызды. Жасөспірім несиесі рәсімдегеннен

тұрақты жұмысы, жоғары жалақысы мен жеткілікті жинағы жоқ. Ал пәтеракы, оқу, көлік, байланыс, азық-түлік пен күнделікті қызмет бағасы өсе береді. Табысы шығынын өтемеген жас тапшылықты несиесі арқылы жабуға мәжбүр болады. Қарыз алушың жеңілдеуі де мәселені ушықтырады. Қазір телефон арқылы бірнеше минутта несиесі рәсімдеуге болады. Мұндай қолжетімділік уақытша қиындықты шешкенімен, ойланбай қарыз алу мен артық берешекке әкелуі мүмкін. Қысқа мерзімді онлайн несиесі мен «қазір ал, кейін төле» қызметтері де орынсыз сатып алуды күшейтеді. Әлеуметтік желідегі тұтыну мәдениеті жастарға қосымша қысым түсіреді. Саяхат, жаңа телефон, көлік пен қымбат киім қалыпты өмірдің міндетті белгісі ретінде көрсетіледі. Нақты табыс мұндай талапқа жетпеген кезде айырманы несиесі жабады.

Ең қауіптісі – табыс әкелмейтін тұтынуға алынған қарыз. Білімге, кәсіпке немесе баспанаға жұмсалған несиесі болашаққа инвестиция болуы мүмкін. Ал ойын-сауыққа, мәртебе көрсетуге немесе күнделікті шығынды жабуға алынған қарыз табысты көбейтпейді, керісінше, алдағы кірісті алдын ала міндеттеп қояды.

Жастардың шамадан тыс қарыздануы ұзақ мерзімде тұтас экономикаға әсер етеді. Несиесі төлемі көбейген сайын азаматтар жинақ жасай алмайды, баспана алу, кәсіп бастау мен отбасын құруды кейінге қалдырады. Қарызды өтеуге кеткен қаражат ішкі нарықтағы еркін тұтынуды азайтады. Банкілер үшін түйткілді берешек қауіпі артады, ал мемлекетке әлеуметтік қолдау мен қарызды реттеуге қосымша шығын қажет болады. Дүние-жүзілік банк пен ХВҚ-ның Қазақстан қаржы секторына қатысты бағалауларында тұтынушылық кредиттің жедел өсуі қаржылық тұрақтылыққа ықтимал қауіп ретінде қарастырылады.

Тығырықтан шығу үшін бір ғана тыйым немесе қаржылық сауат курсы жеткіліксіз. Бірінші кезекте халықтың тұрақты табысын арттыратын экономикалық саясат қажет. Жастарға сапалы жұмыс орны, кәсіп бастауға мүмкіндік, қолжетімді тұрғын үй мен білім болмаса, несиесіне сұраныс сақтала береді. Қарыздың себебін жоймай, тек несиесі беруді шектеу мәселені көлеңкелі қарыз нарығына ығыстыруы мүмкін.

Екінші бағыт – несиесі берер алдындағы жауапкершілікті күшейту. Қаржы ұйымы қарыз алушының ресми табысын ғана емес, барлық міндеттемесін, күнделікті шығысын және төлем қабілетін нақты бағалауға тиіс. Қарыз жүктемесінің коэффициенті формалды тексеріспен шектелмеуі керек. Әсіресе еңбек жолын енді бастаған жастарға ірі немесе бірнеше қатар несиесі бергенде қосымша қорғаныс тетіктері қажет.

Үшінші қадам – қысқа мерзімді онлайн несиесіне «ойлану уақытын» енгізу. OECD жастар мен қаржылық қиындық көріп жүрген адамдарға несиесі рәсімдеу сәтінде берілетін жедел ескерту мен түсіндіруді ұсынады. Өтінім берушіге жалпы артық төлем, ай сайынғы міндеттеме және кешіктіру салдары анық көрсетілуі керек.

Төртінші бағыт – несиесі жарнамасын реттеу. «Нөл пайыз», «бір минутта ақша», «құжатсыз несиесі» тәрізді жарнама өнімнің тәуекелін жасырып, тек қолжетімділігін алға шығарады.

Қаржы ұйымдары жарнамада толық құнын, ықтимал айыппұлды және кешіктіргендегі салдарды бірдей көлемде көрсетуге міндеттелуі қажет.

Бесінші қадам – қаржылық білімді мектептен бастап өмірлік дағды ретінде оқыту. Жастар пайыз есептеуді ғана емес, жеке бюджет жүргізуді, қарыз шартын оқуды, төтенше қор жинауды, кредиттік тарихтың салдарын және алаяқтықты ажыратуды білуге тиіс. OECD цифрлық қаржы өнімдерін қауіпсіз пайдалану үшін оқыту несиесі алынғанға дейін, яғни шешім қабылдау сәтінде берілуі керек екенін атап өтеді.

Ең тиімді үш шешімді бөліп айтар болсам, біріншісі – жастардың тұрақты табысы мен жұмыспен қамтылуын арттыру; екіншісі – несиесі беру кезінде төлем қабілетін шынайы бағалау мен онлайн қарызға қорғаныс шектеулерін күшейту; үшіншісі – мектептен бастап қолданбалы қаржылық білім беру.

Дені сау экономикада адам күнделікті өмірін ұстап тұру үшін емес, болашақ мүмкіндігін кеңейту үшін қарыз алады. Жастардың несиесін азайтудың ең дұрыс жолы – несиесіне тыйым салу емес, қарызсыз өмір сүруге жеткілікті табыс пен мүмкіндік қалыптастыру. Қарызға батқан адамға тек «ақшаны дұрыс жұмса» деу жеткіліксіз. Қазақстанда қаржылық білім мен нақты құқықтық көмекті қатар ұсынатын тегін ресурстар бар. «Қарызсыз қоғам» платформасында 23-тен астам сабақ орналастырылып, азаматтарға қарызды қайта құрылымдау, шоттағы бұғаттауды шешу және банкроттық рәсімі жөнінде заңгерлік қолдау көрсетіледі. FinGramotaz.kz бюджет жүргізу, несиесі, жинақ, инвестиция және алаяқтықтан қорғану бойынша тегін сабақтар ұсынады. Ал Jeta.kz арқылы қарыз алушы банкке немесе микроқаржы ұйымына берешегін реттеу жөнінде онлайн өтініш бере алады.

Әзірлеген
Бағдат СУЛТАНҚЫЗЫ

НАУЧНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО – ОСНОВА ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ БУДУЩЕГО

С 20 по 22 мая 2026 года в городе Курчатов, области Абай состоялась XXV конференция-конкурс научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ молодых ученых и специалистов Национального ядерного центра Республики Казахстан. Юбилейное мероприятие объединило представителей Национального ядерного центра, научно-исследовательских институтов, предприятий атомной отрасли, а также ведущих университетов Казахстана и зарубежья, подтвердив значимость интеграции науки, образования и производства в развитии отечественного научно-го потенциала.

В работе конференции приняли участие представители Казахского национального университета имени аль-Фараби, Shakarim University, Института ядерной физики, АО «НАК «Казатомпром», Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави, Национального исследовательского Томского политехнического университета и других научно-образовательных организаций.

Доклады участников продемонстрировали высокий уровень научных исследований, охватывающих ключевые направления развития современной науки и технологий – от создания новых материалов и электрохимических процессов до ресурсосберегающих технологий и инженерных решений для атомной отрасли.

Молодые ученые Казахского национального университета имени аль-Фараби представили результаты исследований, посвященных формированию наноструктур TiO₂ в нефторидном электролите, электрохимической переработке отработанных литий-ионных батарей, использованию агроотходов в качестве восстановительного агента при выщелачивании электродной массы, а также регенерации ЭДТА для создания замкнутых циклов переработки аккумуляторных материалов. Представленные разработки отражают современные тенденции развития электрохимии, материаловедения и экологически ориентированных технологий переработки вторичных ресурсов.

Молодые ученые Shakarim University представили исследования, посвященные разработке технологий высокоскоростного кислородно-топливного напыления металлокерамических покрытий, изучению структурных, трибологических и коррозионных свойств покрытий Cr₃C₂-NiCr, а также влиянию параметров электродугового напыления на структуру и свойства



покрытий из проволоки Sv08Г2С. Представленные работы направлены на решение актуальных задач современного материаловедения, повышение надежности и долговечности деталей машин и оборудования.

Особого внимания заслуживает участие магистрантов кафедры «Техническая физика и теплоэнергетика» Shakarim University Дилары Бельгибаевой и Данила Кульбекина, которые, обучаясь в магистратуре, одновременно являются сотрудниками филиала «Институт атомной энергии» РГП НЯЦ РК. В конкурсной программе они представили исследования, посвященные применению сорбентов для перевода модельных маслосодержащих радиоактивных отходов в нетекучее состояние и разработке концепции гибридного устройства для твердотельной системы хранения водорода. Их участие наглядно демонстрирует эффективность практико-ориентированной подготовки кадров и преимущество научной школы, сформированной в результате многолетнего сотрудничества университета с Национальным ядерным центром Республики Казахстан.

Юбилейная конференция вновь продемонстрировала, что устойчивое сотрудничество Национального ядерного центра Республики Казахстан с ведущими университетами страны способствует развитию передовых научных исследований, внедрению инновационных технологий и подготовке высококвалифицированных специалистов. Объединение научного потенциала исследовательских центров и университетов создает прочную основу для реализации совместных проектов, подготовки нового поколения исследователей и дальнейшего развития научно-технологического потенциала Казахстана!

Хажидинова Акбота
Рыспековна, и.о.
ассоциированного профессора
кафедры «Техническая физика
и теплоэнергетика» Shakarim
University.

ЖАС ӨМІР

кейін емес, оған дейін пайыздық мөлшерлеме, артық төлем, айыппұл, несиесі тарихы мен қарыз жүктемесі туралы білуі керек. Қарыз шартына қол қоюдың қандай жауапкершілік жүктейтінін алдын ала түсінген жеткіншек асығыс шешім қабылдамайды.

Жастарға жеке және отбасылық кіріс пен шығысты есептеу дағдысын үйрету қажет. Ай сайын қанша ақша түсетінін, қаражаттың қайда жұмсалатынын және несиесі төлемінің табыстағы үлесін білмеген адам қарыздан шығудың жолын таба алмайды. Қаржылық жоспар құру, күтпеген жағдайға арнап қор жинау және қажетті шығынды орынсыз шығыннан ажырату күнделікті әдетке айналуға тиіс.

Қаржылық білім беретін тегін курстардың да маңызы зор. Оқыту тек теориямен шектелмей, күнделікті өмірде кездесетін нақты мәселелерді қамтуы керек. Мысалы, шағын қарыз шарты қалай оқылады, қарызды қайта құрылымдау үшін банкке қалай өтініш беріледі, шотқа бұғат қойыл-са қандай әрекет жасау қажет және -банкроттық рәсімінің қандай салдары бар деген сұрақтарға нақты жауап берілуі тиіс. 2023 жылы басталған «Қарызсыз қоғам» әлеуметтік жобасының негізгі мақсаты – халықтың қаржылық сауатын арттыру және қарыз мәселесіне тап болған азаматтарға нақты көмек көрсету. Алғашқы кезеңде әр ауылдық округте бес күндік офлайн сабақ ұйымдастырылып, қатысушыларға жеке кеңес берілді. Қажет болған жағдайда заңгерлер тегін сүйемелдеу көрсетті. 2025 жылдың екінші жартысынан бастап қаржылық сауаттылық курсы онлайн форматқа көшіріліп, qodamfin.kz платформасы арқылы барлық азаматқа қолжетімді болды. Жоба статистикасы несиесі мәселесімен жүгінетін азаматтардың әлеуметтік бейнесін де көрсетеді. Өтініш иелерінің 59,6 пайызы – әйел, ал 40,4 пайызы – ерлер қауымы. Жас ерекшелігі бойынша ең үлкен топты 18-35 жас аралығындағы азаматтар құрайды. Олардың үлесі – 40,7 пайыз. Ал 36-49 жастағылардың үлесі 35,7 пайызды, 50-63 жастағылардікі 19,4 пайызды, 64 жасстан асқан азаматтардікі 5 пайызды көрсетті.

Демек, қарыз мәселесі бойынша жобаға ең көп жүгінетіндердің қатарында жастар тұр. Мұндай көрсеткіш несиесі жүктемесінің жас азаматтардың тұрмыс сапасына, еңбек ету мүмкіндігіне және болашақ жоспарына тікелей әсер етіп отырғанын аңғартады.

«Қарызсыз қоғам» жобасы азаматтардың шамадан тыс қарыздануын тежеуге бағытталған бірқатар өзгерістің қабылдануына да ықпал етті. Соның нәтижесінде төлем мерзімін 90 күннен астам кешіктірген азаматтарға жаңа несиесі беруге шектеу енгізіліп, қарыздарды коллекторлық ұйымдарға беруге мораторий жарияланды. Берешек мерзімі 90 күнге жеткеннен кейін өсімпұл мен айыппұл есептеуді тоқтату қарастырылды. -Сонымен қатар азаматтарға несиесі алудан өз еркімен бас тартуға мүмкіндік беретін «Стоп-кредит» қызметі енгізілді. «Қарызсыз қоғам» әлеуметтік жобасы Президент -Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісі мен Үкіметке берген тапсырмасы негізінде жүзеге асырылып келеді. Жобаға Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бақылауымен еліміздегі 11 екінші деңгейлі банк қаржылай қолдау көрсетеді.

Бауыржан Ысқақов, экономист:

ҚАРЫЗ ТҰЗАҒЫНАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

– Жастардың несиесі мен шағын қарызға жиі жүгінуді тек қаржылық сауаттың төмендігімен түсіндіру жеткіліксіз. Негізгі себептердің қатарында табыстың баяу өсуі, тұрмыс құнының қымбаттауы, еңбек нарығындағы тұрақсыздық және несиенің оңай рәсімделуі бар.

Дүниежүзілік банктің 2026 жылғы ақпанда жариялаған шолуында 2025 жылдың соңына қарай Қазақстандағы үй шаруашылықтарының банк алдындағы қарызы жалақы көлемінің 51 пайызына жеткені көрсетілген. 2020-2025 жылдары халықтың нақты қарызы екі есеге жуық өссе, нақты табыс шамамен 15 пайызға ғана артқан. Яғни қарыз табыстан алдақайда жылдам көбейіп отыр. Мұндай жағдайда еңбек жолын енді бастаған жастар ең осал топтың біріне айналады. Көпшілігінің



Жәнібек Кәрменовтың өмірден озғанына отыз жылдан асқанмен есімі ел есінде. Соның айғағындай, Алматы, Семей, Түркістан қалаларындағы көшелерге, туған жері Қарауылдағы балалардың саз мектебіне әйгілі әншінің есімі берілді. Елу, алпыс, жетпіс жылдық мерейтойы жер-жерде кеңінен аталып өтілді. Екі мыңыншы жылдардың басында Алматыдағы «Жалын» баспасынан «Жәнібек» деп аталатын естеліктер жинағы шықты. Есімі соңғы жүз жылдықта ұлылар елінен шыққан таңдаулы он адамның қатарында Қарауылда ашылған арнайы стеллаға жазылды. Іле осында кеуде мүсіні және орнатылды. Жекелеген кітаптары мен төрт томдық әңгімелер мен хикаят-тар жинағы оқырманға жол тартты.

Ал одан кейінгі жерде бір жыл, бір айда өмірге келген құрдас досымыздың жетпіс жылдығы қарсаңында біздің «Жәнібек Кәрменов» деп аталатын деректі кітабымыз Астанадағы «Фолиант» баспасынан жарық көрді. Оның сыртында «Жәнібек ән салады...» деп аталатын пьесамыз сол тұста Семейдің Абай атындағы сазды-драма театрында қойылып жатты. Жәнібектің жетпіс жылдығы Алматы, Семей, Қарауылда дүркіреп өтіп, ғылыми конференция, ән байқауы тұрғысында жалғасын тапты.

Жәнібектің аспандағы аққуға үн қосқандай әнші болмаса, дилмар шешен болып сөз қумасқа қақысы жоқ еді. Әрі-беріден соң мұның өмірге келуінің өзі қиын да қызық тарих. Қысқартыңқырап айтсақ, 1949 жылы қаңтар өтіп, ел ішінде «жылқышы, ақ құрық» деген жанама аттары бар ақпан айы келіп жетеді. Бұл шақта Шыңғыста қашан болмасын, аяз әлі сына қоймай, ақпандатқан боранға ұласып жатады. Кейде айдың ортасынан ауа Шыңғыстың іші түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз болып, долы қатынның мінезіндей мың құбылып кететіні де бар. Ақпан амалының көрінісі туралы ескілікті аңызда: «Ақпан келді, жылқышы кірді, жылқышының өкпесі қатты болады, оны ренжітіп алмайық» деп оның сыбағасы ретінде кәрі жілік асып, қонақ қылатын болған. Сол себепті бұл амал «жылқышы» деп аталса керек. Жылқышының құрығына қатқан қырауға қарап «ақ құрық» деген атау беріліпті деседі.

Міне, осы шақта алыстағы қыстақты мекен ететін Мағрипа ананы үш күн қатарынан толғақ қысып, қатты қиналады да сол үшінші күні ферма орталығына жетіп алайын деп түйеші ақсақалмен жолға шығады дейді. Ал отағасы мал-жанға ие болып қала береді. Бірақ түйелі жолаушылар боздатып тарта бергенмен, «қырсыққанда қымыран іриді» демекші, боран көтеріле бастаған. Әйтеуір түйеші бейбақ жел өтінен құтылып, өзекке ілініп, осы жерде қос түйені қатарластыра шөгеріп, ортасынан ықтасын жасауға үлгереді. Солайша болашақ әнші Шыңғыстаудың етегінде, Сарыарқаның бастауындағы Жәнібек жазығында дүниеге келеді. Оның есімінің Жәнібек атануы да сондықтан.

Солайы солай. Десе де қыздары сүйе-гі жағынан Керей Ер Жәнібектің ұрпағы болған аналарын қажап «өз бабаңызға бұрып кеткен жоқсыз ба» десе, бір кісідей сөзге тосылмайтын Мағрипа ана «піш» деп қоятын салтымен: «Ана замандағы ел анасы атанған Үйсін Айпара, Найман ішіндегі Матай Зере, азулы Арғын ішіндегі Қаракесек Ұлжан, Ырғызбай аталарыңа айнымаса адал жаз болған Ер Жәнібек бабамыздың қарындасы Ермек болмаса сендерді аталарың балшықтан жасайтын ба еді. Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» деп күлетін көрінеді.

Ол да бұл отбасының бақытты шағы болар тегі. Бірақ өкінішке қарай, Жәнібектің жасы беске енді іліккенде әкесі Кәрмен келместің кемесіне мініп кете барған. Кейінде ол «жесір әйел, жетім бала болып, әйтеуір әуірмен жүріп өстік қой» деп отыратын қамыққан бір сәттерінде. Бірақ не десек те, Жәнібектің мектеп жасына дейін Шыңғыстың ішінде, кешегі хакім Абайдың өзін көрген, көзін көрген абыз ақсақалдардың ортасында өсуі бойымен бірге ойының да узара түсуіне сеп болған. Туған апайы әнші Банудың оған жаңада ғана шыққан «Қойшының әні» деп аталатын бір әнді үйрететіні осы кез. Ұғымтал бала әннің сөзін де, әуенін де бірден қағып алады. Солайша апайлары: «Ақ серке қой бастаған ай мүйізді, Саулықтар қауын желін-ау, сары уызды. Қой қоздап бетегенің түбі сайын, Толтырған ойымыз бен қырымызды» деп шырқата ән салғанда бұл бірден қосыла кеткен. Ал әннің қайырмасына келгенде апайлары алдын ала келісіп алған болса керек, бәрі бірдей тоқтай қалған. Бірақ бұған тоқтайтын Жәнібек пе: «Саулығым артық маралдан, Мыңғырып есіп таралған. Қозыларым егізден, Иесі өзім өргізген. Шәй-шәй, қойым, шәй қойым, Құйрығың қардай май қойым. Өсе бер төлдеп егізден, Итке, құсқа жегізбен» деп ән қайырмасын да, онымен қоймай әннің соңғы екі шумағын да бір өзі айтып шыққан.

Осы бір әннің табиғаты сол шақта қойдың соңында жүрген тура өздеріне арналғандай екен. Кейінде ұстазы Жүсіпбек шәкірті Жәнібекті ауырыңқырап жатқан Манарбек Ержанов ағаның көңілін аулайық деп өзінен үш-төрт жас үлкендігі бар әріптес әншінің үйіне ертіп барған еді. Сонда жас болса да орындарында жерінде сөзге қамшы салдырмайтын Жәнібек аталас ағасы болып келетін Манарбекке «Қойшының әнін» Шыңғыстаудың ішінде, небәрі бес жасында қалай үйреніп, шырқата салғанын айтып бергенде шындығында тарлан талант ауырып жатқанына қарамастан, көңілі көтеріліп қалған. Сонсоң Жүскеңе қа-

рата көңілі босай отырып, сөз қозғап: «Жүсіпбекжан, Жәнібектей шәкіртің бар сен бақытты адамсың ғой» депті.

Әкесі өмірден озған соң Жәнібектер ендігі жерде ақындардың Меккесі атанған қасиетті де қастерлі Жидебайдың жанындағы Ақтоғай деп аталатын ферма орталығына көшіп келеді. Шешелері сауыншы, ал апайы Рымғайша көмекші болады. Сөйтіп жүргенде жасы екілердің шамасындағы Кенжегүл қарындасы пешке жылынамын деп алаңсыз тұрғанда көйлегін от шалып, ойламаған жерден қиналып қалады. Анасы оны қалаға алып кеткенде Жәнібектің үйде жылдан астам жалғыз дерлік қалатыны да, сонда аспанда ұшып бара жатқан құстардан «Апа, мен сені сағындым» деп өлеңмен сәлем жолдайтыны да шындық. Бұл оның алғашқы өлеңі болар тегі.

Содан кейінгі жерде өлеңнің соңына шам алып түспесе де, азды-көпті әндерінің сөзін өзі жазғаны да рас. «Бес, алде алтыншы сыныпта оқып жүргенде үстіне шапан, басына тақия киген, қолынан Абай атамның өлеңдер жинағы түспейтін Жәнібек доп ойнап жүрген бізге, сыныптастарына қосыла бермейтін. Тіпті, оны айтасыз, бәрімізге қарата: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар. Бәрінен де қой бағып, Көтен жеген озар» дейтінін қайтерсің! Сонда мен оның бұл сөзіне намыстанып: «Сол қойыңның көтенін өзің-ақ жей бер, «кішкентай шал» дейтінін. Оны біз өзімізге оғаш көрінетін кейбір тосын әдеттеріне орай солай деп атап кеткен болатынбыз. Сол шақта маған Жәнібектің сол қылықтарының бәрі жасанды сияқты көрінетін. Ал кейін ойласам, ол бала

көрінеді. Осы сөздің соңы оның оқудан қуылуымен аяқталады.

Демалыстан оралған Жүскең мұны естігенде қатты қиналыпты деседі. Біріншіден, талантты шәкіртінің алдағы болашағына алаңдаса, екіншіден елдің аманатына адалдық таныта алмадым-ау деп қамығыпты. Сол шақта сөйлесе қалған сыйлас інісі, республика Ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаевқа жанын мүжіген іштегі қыжылын жайып салмай ма? Сонда Семейдегі атақты Қазпедтехникумда оқыған, әйгілі Әуезовтың алдын көрген ұлтжанды министр елге қайтып кетіп, Абай аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі ретінде шопан, бақташы қауымына ойын-сауық көрсетіп жүрген Жәнібекті бір таулік ішінде Алматыға алдыратыны, айтатыны жоқ, қызықты оқиға. Оны ән айтып тұрған жерінен екі тәртіп сақшысының екі жағынан қаумалап, ала жөнелгенде кейбіреулердің «Е, Алматыда жүргенде бірдеңеге ұрынған ғой» десіп, ал анасының аһ ұрып аңырап қала беретіні еш қоспасыз шындық. Ал ол Алматыға келген бетте министрдің пәрменімен осында құрылып жатқан ансамбльдің әншісі болып қызметке алынып, дәл сол күні бір бөлмелі үйге ие болатыны тағы рас. Сонсоң жыл соңына қарай тіпті үйленбей жатып үш бөлмелі үйге ие болатыны еш қоспасы жоқ әңгіме.

Ол өзі қысқартып айтқанда, былай болған екен. Бәйкен Әшімов сынды іскер азамат республика Үкіметіне басшы болып келгенде министр Қабылбаев қазақтың жөнімен саяжайына ерулікке оны және сол тұстағы республикамыздың бірінші басшысы Димаш Ахметұлын отбасыларымен қонақ-

ӘН ӨНЕРІНІҢ ӘЗ-ЖӘНІБЕГІ

кезінен өмірден өз орнын іздеп жүреді екен-ау!» дейді онымен бір сыныпта оқыған, кейінде өзі де бұлбұл үнді әнші атанған Баян Сағымбаева.

Жәнібек екеуіміз сол шақта танысқан едік. Онда алде алтыншы яки жетінші сыныпта оқитынымыз. Аудан орталығынан жүз шақырымдай жердегі Саржал ауылынан жылма-жыл Қарауылда қатар өтетін пионерлер слеті мен оқушылар спартакиадасына бара қалдық. Спорттың сан түрінен өзімізше жан беріп, жан алысып жатқан шақта осындағы Абай атындағы орта мектепте жергілікті жазушы Камен Оразалин жетекшілік ететін, негізі әйгілі Әуезов елге келгенде сол кісінің бастамасымен қаланған «Абай ұрпақтары» қолжазба журналының кезекті отырысы өткізілгені жатқандығы туралы хабар құлағымызға жетті. Тірі жазушыны көрмекке келгеніміз рас. Ал ол кісінің шәкірттері Жәнібек ән айтумен шектелмей, «Ақылбайдың әні», ал одан екі-үш жас үлкендігі бар Роллан Сейсенбаев «Қош бол, Қайсар!» атты хикаяттарын оқығанда басқаны қайдам, сол кезде аудандық, облыстық газеттерге хабар-ошар жолдаудан аса алмай жүрген мен аузым ашылып, көзім жұмылып дегендей таңтамаша қалғанмын.

Сонда денесі тығыршықтай, бойы ортадан сәл төмендеу, бидай өңді сары бала именштеп, жасқанбай ұстазының «Сені біз тыңдап жүрміз ғой, енді мына жан-жақтан келген қонақ құрбыларыңа бір-екі ән айтып берсеңші» дегенде бәлісініп тұрмай, қолына сырнайын ала салып атақты Кененнің айшықты «Бозторғай» әніне бассын келіп. Ол алдымен ертелі-кеш қой соңында жүрген қарны аш қойшы бала болып күңіренсе, келесі сәтте жерге түспей бозторғай болып шырылдаған. Бір сөзбен айтқанда, бозторғай аспандап, біз жерде қала бергенбіз. Кейінде Кенен атамның бұл әнді небәрі он бір жасында шығарғанын, ал Жәнібектің бұл әнді сол жастан айта бастағанын естіп білгенмін. Ол келесі кезекте Кенен атаның «Базар – Назарын» шырқауға көшкенде, жасыратыны жоқ, біз жылауға шақ қалғанбыз. Ал Камен ұстазы болса шәкіртіне риза көңілмен оны: «Ой, пәлі-ай! Жарайсың Жәнібекім!» деп көтермелеп жатты.

Жеткіншек шақта танысқан Жәнібекпен арада бірнеше жыл өтіп барып, Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік университетінде оқып жатқанда қайыра табысқанмын. Онда мен Қазақ радиосының музыкалық хабарлар редакциясында практикадан өтіп жатқан болатынымын. Сонда ол досы Қайрат Байбосыновты қасынан қалдырмай ерте жүретін еді. «Бұл Қайрат деген бауырым ғой» деп қоятын әзілдеп. Сөйтсек, байыпты жүріс-тұрысы мен орнықты сөзіне орай эстрада-цирк өнер студиясында бірге оқитын Қайраттар алғашқыда мұны жасы үлкен болар деп аға тұтып жүріпті.

Бірге оқитын әнші Жабықбаймен Талдықорған жағына өнер сапарымен баратыны тіпті қызық. Аудан басшысының тапсырмасымен оларды қарсы алған бір шаруашылық басшысы алғашқыда үрпекбас бұларды қомсынып, менсіне қоймапты. Бірақ кешкісін үйіне ертіп барады. Және ауылдың сыйлы ақсақалдарын жас та болса алыстан келген қонақтар ғой деп солармен бірге болуын өтінеді. Ал бастапқыда дұрыс көңіл бөлмеген ел басшысына өкпелеген Жәнібектің қабағы ашыла қоймапты. Олар ән айтуын өтінсе «Кез келген жерде шырқап қоя беретін жеңілтек әншілер қатарынан емеспіз, ертең ел жиналғанда айта жатармыз» дейтін көрінеді. Біраздан соң жергілікті ақсақалдар ескілікті әндерді бірінен кейін бірі айта бастапты. Содан тағы біраз уақыт өткенде Жабықбайдың делебесі қозып әнге басады. Ол да біршама әнді нақышына келтіріп орындап бола бергенде Жәнібек: «Жабықбай, ақел бері домбыраны» деген екен. Солайша, ендігі әңгіме тізгіні де, ән тізгіні де біржола Жәнібекке ауысыпты. Осындай қызықты да мағыналы сапар бірнеше күнге созылыпты. Олар мұнда келіп кеткен соң жергілікті халық: «Сөз білетін, жөн білетін екі ақсақал бәрімізді әнге де, әңгімеге де қарық қылып кетті. Бірақ екеуінің жасын қоссаң, қырықта ғана» деп бұларды аса бір ризашылықпен еске алған көрінеді.

Солай десек те, Жәнібектің оқуда да, өнерде де жолы тақтайдай тегіс болмаған. Тегінде жасы он жетіге енді толған оны осы өңірден шыққан атақты жазушы Сапарғали Бегалиннің 70 жылдығына орай Абай еліне бірге ере келген атақты әнші Жүсіпбек Елебеков ел басшыларының, ұстазы Кәменнің аманатымен Алматыға ала кетеді. Осы жасында жақсы ағаларының қамқорлығымен «Қазақконцертке» қабылданып, бір жыл Жүскеңмен бүкіл дерлік республиканы өнер сапарымен аралап шыққан Жәнібек келер жылы Алматыдағы өнер студиясына оқуға қабылданады. Бірақ студия басшысы ойындағысын айтып тастайтын еркін ойлы жас әншіні әу дегеннен ұнатпапты. Қырсыққанда ұстазы Жүскең емделуге алыстағы санаторийдің біріне кеткенде Жәнібек «қылмыс» үстінде ұсталады. Яғни жерлері келіп соларға дастарқан жайып отырғанын біреулер студия басшысына жеткізе қойған секілді. Сонда басшы үстелдегі «қаңды» нұсқап Жәнібекке «Мынау не» демей ме! Сөйтсе Жәкең еш саспастан «Бұл арақ, мынау тамақ, мынау қонақ» дейтін

қа шақырады. Осы тамаша отырысқа Димекең жақсы танып, өнерін бағалайтын Жүсіпбек Елебеков шәкірті Жәнібекпен бірге шақыртылып, қонақтарға мәдени тұрғыда қызмет көрсеткен екен. Сонда жас әншінің өнері мен отырыстырысына, сөйлеу мәнеріне ризы болған Димаш «Ахметұлы алғі бір бөлмеде анасы, қарындасы, тағы басқа туыстарымен сығылысып тұрып жатқан Жәнібекке министрліктің Ш.Қабылбаевтың орынбасары, генерал Калютаның үйленгелі жатқан ұлына деп сақтап отырған орталықтағы хан сарайындай үш бөлмелі үйін: «Генералдың баласы үйсіз қалмас, оны мына қойшының өнерлі ұрпағына беріңіздер» депті. Солайша, айналдырған жыл ішінде жиырмаға жасы енді жеткен Жәнібек екінші жайлы қонысқа орнығады.

Осы оқиғаны біз Жәнібек туралы деректі кітабымызға енгізгенде онымен бірге оқыған бір азаматтың «Мұның бәрі ойдан шығарылған оқиға ғой» дегенде осы оқиғаны кезінде досымың өз аузынан естіген менің өзім сасыңқырап қалғанмын. Абырой болғанда былтырғы жылы министр Қабылбаев туралы кітабымызға қажетті деректер жинап жүргенімізде осыдан жиырма жыл бұрын шыққан «Шырақбек Қабылбаев» деп аталатын естеліктер жинағы қолымызға тиген. Және сол естеліктер жинағы Б.Әшімовтың «Есімі елдің есінде» деп аталатын мақаласымен ашылған екен. Сонда елге сыйлы болған қадірменді ақсақал: «...Демалыс күндерінің бірінде біздің екеуіміз қонаққа бардық. Ол кезде Шәкең отбасымен Горная көшесінің бас жағында шағын жеке үйде тұратын. Димекең (Д.А.Қонаев) жұбайымен шақырылған екен. Асықпай отырып қонақ болдық. Өнер шебері Жәнібек Кәрменов домбыра тартып, ән шырқады. Баршамыз қызықтап тыңдадық. Өте дарынды азамат еді, өкінішке қарай, ол да жастай дүниеден өтті» деп жазған екен.

Жәнібектің жарқын өміріне тағы бірер мысал келтіре кетсем артық болмас деп ойлаймын. Ол Ғабит, Ғабиден сынды қазақ әдебиеті классиктерін әнімен, отырыстағы сәнімен риза ете жүріп, сондай алыптармен терезесі тең кісі ретінде проферанц ойнайтынын, «Алматы» қонақүйінің директоры, Рейхстагқа ту тіккен қаһарман Рақымжан Қошқарбаевпен досжар болғандығын қайтерсің! Тотымен бас қосып шаңырақ көтергенде сол тойды Кәкімжан Қазыбаев сынды халқымыздың марқасқа ұлдарының бірі басқарғаны да көп нәрсені аңғартса керек.

Бірақ бұдан осыдан кейінгі жерлерде Жәнібектің өнердегі жолы тақтайдай тегіс болған екен деген ұғым тумаса керек. Соның айғағындай кеңестік идеологтар әлі қаршадай жас азаматты ұлтшыл деп үлкен сахнаға шығуына, өнер сапарымен шетелдерге баруына кедергі келтіріп баққан. Содан соң ол «Жалын» баспасының өнер бөліміне орналасады. «Ақылбайдың әні» деп аталатын алғашқы әңгімелер жинағы осы кезде жарық көреді. Одан сәл кейініректе «Ғашықтың тілі», «Махаббат әні» атты прозалық кітаптары жарыққа шығады. Сол шақта, нақтылап айтқанда жетпісінші жылдардың ортасынан бастап ол айтулы жазушы, білгір ғалым Ақселеу Сейдімбековпен республикалық теледидардың «Асыл мұра» бағдарламасы арқылы халқымыздың ән өнерін насихаттауға арналған ондаған хабарға қатысып, жүздеген ән жазғызады.

Ол 1984 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанса, ал келер жылы Мәскеуде өткен жастар мен студенттердің он екінші фестиваліне қатысып, арнайы төсбелгісімен марапатталып, дипломат атанды. Сол жылдары ұстазы Жүсіпбек Елебековтың орнын жоқтаптай өнер студиясында болашақ талай талантты жастарға дәріс оқитыны, ал одан сәл кейінірек Құрманғазы атындағы консерваторияда жаңадан ашылған дәстүрлі ән кафедрасының алғашқы меңгерушілерінің қатарында болғандығы тағы рас.

Ал кешегі кеңестік империяда сексенінші жылдардың ортасынан ауа жария-лылықтың туын өтірікті, шындықты тұрғыда желбіретіп, демократия нышандары сезіле бастағанда ол өмірінің соңғы үш-төрт жылында өнер сапарларымен Моңғолия, Қытай, Түркия, Швеция, Швейцария, Иран елдерінде болып үлгереді. Соған орай оның ұлттық өнердің бірден-бір жанашыры, сол шақтағы мәдениет министрінің орынбасары Әшірбек Сығай есімін аса бір құрметпен еске алып отырғанына бірер мәрте куә болғаным бар. Соның бәрі сеп болып, ол жасы қырыққа жеткенде барып Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі атағына қол жеткізген.

Бірақ мәселе атақта ғана ма? Соның айғағындай, Жәнібек, ең бастысы, халықтың аялы алақанын сезініп, көңілі соған марқая-тын-ды. Алайда, өкінішке қарай, атақты «Өмір туралы толғауында» басқаны «жалғыз шықпа сапарға» деп сақтандыра жүріп, өзінің ұзын жолға жалғыз шығып кетіп, қапияда қаза тапқаны барша өнер жанашыр-ларын өкініп кеткен. Әйтеуір көңілге бір демеу сол, сөз басында айтқандай, халқы күн, ай өтіп, жылдар жылжып жатқанымен оның есімін ұмытқан жоқ!

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ,
журналист-жазушы

Ақындардың әлеміне метафизикалық зерттеу жүргізсек, олардың өмір сүру мәнін қоғам, мемлекет, адамзат, атақ, ақша, отбасыдан бөліп алып, жалғыз ғана бір өлеңге теліп қояр едік. Өйткені нағыз ақын өлең үшін өмірге келіп, алі де «жақсы өлең жазғым келеді» деген пұшайман күйде өмірден өтеді. Олар күнде өзгелер секілді көшеге нан табу үшін емес, өлең аулап шығады. Уысыма қандай өлең түсер екен, күнұзаққа қандай ойлар пісер екен деп күн кешеді. Сондай өлеңге қалтқысыз адалдықпен берілген ақын ғана бар әлемнің қайғысын көбелек болып, қанатымен желпиді.

Аристотельдің пайымдауынша, адам мехнат арқылы, өнер арқылы да тазара алады. Ал өлең арқылы тазару – кеше ғана ішіне түнген торайдың торғайға айналып шығуымен пара-пар дүние. Ғылымда мұны катарсис дейді. Катарсис сөзінің геноскопына үңілсек, бұл әдебиеттануда адамның көркем шығарма арқылы өмір ақиқатын тереңірек танып, эстетикалық тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін танымдық құбылыс ретінде түсіндіріледі. Яғни катарсистік қабылдау барысында оқырман көркем мәтіндегі құндылықтарды өзінің өмірлік тәжірибесімен салыстырып, жаңа мағыналық қорытынды жасайды. Ал ақын біткеннің ішінен оқырман санасында сом дүние жазып, кім катарсистік көңіл күй қалдырса, нағыз ақынның алғышарты осы жерден басталады деген тұжырымға келуге болар, балкім...

Осы ретте Абай Құнанбайұлының қара сөздеріне үңілсек, «хауас салим» (сау сезім) ұғымымен таныс боламыз. Оны Абайша тәпсірлесек, хауас салим – көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, тыстағы дүниеден хабар алып, ақиқатын жазбай тану қабілеті дер едік. Ал санадағы кеңістік тарылып, сенім құмырасы шытынап, ішкі таразы істен шыққан заманда адамиияттағы адамдарды ақиқатты тануға жетелеу, шындық шыңына шығуға қол созу әуелі ақынның ақынның мойнына жүктелген міндет сынды. Демек катарсис пен «хауас салим» егіз ұғым. Екеуі де тазарудың мұңын мұңдап, жырын жоқтайды. Осы ретте жұмыр жердің бетінде «хауас салим» (сау сезім) қай уақытта ерекше көрініс табады деген талай мықтылардың маңдайын уқалатқан сұрақ туады. Ақын Қасымхан Бегмановтың өлеңдеріне жақли көзбен қарап, ат байлап, ақпар беріп көрсек, «Құланиек, құба таңда» деген шешімге келер едік. Құба таң – жаңа күн. Жаңа күн – жаңа дәптер, жаңа өмір. Өмірде жіберген есең мен әнтек басқан қадамдарыңды түгендеуге, қателіктеріңді түзеуге, жаныңды таңғы шықтай таза ұстауға берілген тағы бір жаңа мүмкіндік. Маңдайыңа жазылған пәлен мың күннің ішіндегі ар «Құланиек, құба таңда» қаншалық адамзатқа қарайлас боларсың, мәселе сонда. Аталған таңдамалы жыр кітабын межеге алу себебіміз: ар өлеңнен Шәкәрім идеясын аңғарамыз. Ұят пен зиятың тең бе? Жалғанмен байланысың қандай? Материалдық сана екілісің бе? Қабырғасы қақыраған шындықтар туралы ішкі дүниенің не дейді? Жеңіл жолда бақыт бар ма? Қай жыр жолына үңілсек те, ішкі хайуандығымыз ада қалып, адамдықты өлшеу таразысы іске қосылады. Содан соң оқырман әлбетте өзіне сансыз сауалдар қоя бастайды. Өзімен сөйлесіп, өлеңге қарап бой түзейді. Құлан иек, құба таңнан бастап өзгеше әрекет етеді.

Кітаптың алғашқы бетін ашқаннан-ақ, «Арман» атты өлеңге мойын созамыз.

«Балалыққа бұрылып, қайтып кеткім келеді,
Кеудемдегі зарымды айтып кеткім келеді.
Жалаңаяқ алаңсыз ойнап кеткім келеді,
Барлық тойын дүниенің тойлап кеткім келеді
Бақыттай қайталап ғашық болғым келеді,
Асау өзен секілді тасып-толғым келеді.
Адамзатқа жақсылық жасап кеткім келеді,
Өлмейтуғын өлең сөз жазып кеткім келеді.

Ақ үмітін елімнің ақтап кеткім келеді,
Ата-баба дәстүрін сақтап кеткім келеді,
Бойымдағы барымды беріп кеткім келеді,
Қазағымның бақытын көріп кеткім келеді...» дейді ақын.

«Бір тал шөп жуылығанда бүкіл әлем дір етеді» деген ой «Упанишадта» жазылған еді. Ал әлемде жасалып жатқан жауыздықта есеп жоқ. Адамзаттың ақырзаманы ішінде де, ісінде де орындалып жатқан болар, балкім. Бірақ таразы басын тең ететін осындай жыр жолдары. Қасымхан ақын осы өлеңінде бар жақсылығын сарп етіп, арып-ашып, тоңып-тозса да қазақ қауымын, елін, жұртын, халқын бақытты етсем деп арманға шомады. Ішкі қалауда бар дүниесінде ісінде де бары сөзсіз.

Өлеңнің жолдарына назар аударып көрелік. «Балалыққа бұрылып, қайтып кеткім келеді...» деген алғашқы тармағында-ақ ақын «бұрылып» деген сөзді қолданады. Егер «оралғым келеді» десе, бұл жай ғана сағыныш болар еді. Ал «бұрылып» – өмір жолымен келе жатқан адамның кенет артына қарауы. Қолда бар қазіргісі мен келешегін тәрк етуі. Кейде адам өткенін сағынбайды. Ол өткеннің ішінде қалған өзін сағынады. Өлеңдегі ең үлкен мұң – осы дер едік. Ғазалда бір қызық заңдылық бар. Әр шумақ сайын ақынның арманы үлкейіп отырады. Әуелі өзі үшін армандайды. Кейін өмір үшін. Одан кейін адамзат үшін. Соңында елі үшін. Бұл – адамның рухани өсуінің поэтикалық картасы. Ақын Мұратхан Шоқанның Жаратылыснамалық картасында адам бірнеше деңгейде өмір сүреді. Отбасылық деңгей, рулық, қо-

ғамдық, мемлекеттік, ұлттық және жаратылыснамалық дейді. қате айтпасақ, Ақынның оқырмандарды қай деңгейге шығарғысы келгенін өлеңнің өн бойынан өзіңіз де аңғарып аларсыз. «Арман» өлеңін оқығанда ақын өмірден ештеңе сұрамайды. Керісінше, өмірге не бере алатынын ойлайды. Балалыққа сағыныш, ғашық болуға құштарлық, адамзатқа жақсылық жасау, өлмейтін өлең жазу, елдің үмігін ақтау – бұлардың бәрі әртүрлі арман емес. Бұлардың бәрі бір ғана арманның әртүрлі сәулесі. Ол – адам болып өмір сүру, адам болып қалу, адамдардың ішінен адам іздеу. Сондықтан «Арман» – тілектер тізбегі емес. Бұл – адамның өз-өзіне берген серті. Өлең аяқталғанымен, сол серт оқырманның ішінде жалғаса береді.

Ал «Бақыт жайлы баллада» атты өлеңінде ақын:

«Жадымда алі алыс қалған кез де ескі,
Сезіп өстім тірі пенде сезбесті.
Он алтында мөлдіреген қыз болып,
Бақыт маған бір-ақ рет кездесті», – дейді.

Осы жыр жолдарын оқыған ар адам келмеске кеткен он алтысына оралып, катарсистік күй кешеді. Оқырман да өз өміріндегі ұқсас естеліктерді сана ағымында жаңғыртып, эстетикалық ләззат алады. Бірі он алтыға енді толған қыз бейнесінде қабылдаса, енді бірі рухани кемелдену кезеңімен байланыстырады. Енді бірі алғашқы махаббатын еске түсіруі мүмкін. Мұндағы «мөлдіреген қыз» бейнесі нақты биографиялық фактіден гөрі, жастықтың, пәктіктің, үміттің және алғашқы махаббаттың архетиптік символы қызметін атқарады. Сондықтан әрбір оқырман бұл образды өзінің өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып қабылдайды. Одан бөлек, «Бақыт маған бір-ақ рет кездесті» деп бұдан өзгесін бақытқа баламай, тек бір ғана аяулы сәтін бақыт деп түсініп, соны өткенге үңілу арқылы қармап қалғысы келу – тазаруға деген ынтызарлықтың белгісі болар, сіра, деген пікірдеміз.

«Қақпан» атты жыр дестесінде ақын:

«Жанды ауыртар жылдар іссіз өтетін,
Көндіктің-ау жалаларға жететін.
Берінің мен ұрпағы едім азулы,
Өз аяғын шайнап тастап кететін.
Адамдықты аяладым сақтадым,
Атпай қойды-ау, атпай қойды-ау, ақ таңым.
Даланың мен бөрісімін ызалы,
Құрса маған құра берсін қақпаның», – дейді.

«Қақпан» – еркін рухтың тағдыры туралы толғаныс. Ақын табиғат әлеміндегі бір ғана көрністі негізге ала отырып, адам болмысына тән күрделі психологиялық және рухани ахуалды бейнелейді. Өлеңде бөрі бейнесі тұз тағысының табиғи қалпымен шектелмейді, ол тектіліктің, қайсарлықтың, еркіндіктің және ешкімге бас иемейтін рухани бейненің көркем тұлғасына айналады. Сондықтан шығармадағы негізгі тартыс аң мен қақпанның арасында емес, азаттық пен тәуелділік, рух пен зорлықтың арасында өрбиді.

Өлеңнің өн бойынан мұң да, мұқалмас мінез де қатар сезіледі. Ақын кейіпкерінің жан дүниесі ауыр сынақтан өтсе де, оның рухы әлсіреп, жігері жасымайды. Қайта басына түскен ауырталық оны шындап, ішкі қуатын айқындай түседі. Осы

себепті шығармадағы мұң әлсіздіктің емес, қайсарлықтың мұңы ретінде қабылданады.

Қақпан – жай ғана аңшылық құрал емес, еркіндікті шектейтін барлық күштің жиынтық бейнесі. Ол кейде тағдырдың, кейде қоғамның, кейде адамның алдынан шығатын ауыр сынақтардың символы ретінде көрінеді. Ал бөрі – сондай қысымға қарамастан табиғи болмысынан айырылмайтын еркін рухтың көркем көрінісі. Осы екі бейненің қарама-қарсылығы шығарманың идеялық өзегін қалыптастырады деген пікірдеміз.

Өлеңнің алғашқы жолдарына үңілсек, «жалалар» деген сөзге назар аударамыз. Мұндағы «жалалар» қоғамдық қысымның, моральдық зорлықтың және тұлғаның ішкі еркіндігін тұншықтыратын әлеуметтік механизмдердің метафорасы қызметін

атқарады. Осы тұста оқырман мәтінді қабылдау барысында аяныш сезімімен ғана шектелмей, адамның ішкі драмасын интеллектуалдық деңгейде пайымдай бастайды. Бұл – катарсистік алғашқы фазасы. Ал «Өз аяғын шайнап тастап кететін» тармағы шығарманың семантикалық өзегін құрайды. Бұл – табиғи инстинктің көрінісі емес, еркіндіктің құнын білдіретін философиялық символ. Яғни кейіпкер үшін физикалық тұтастықтан гөрі рухани тәуелсіздік жоғары құндылыққа айналады. Демек, ақын трагедияны тан азыбынан емес, еркіндіктің онтологиялық мәнінен туындатады. Осы арқылы катарсис классикалық аристотельдік «аяныш пен қорқыныш» деңгейінен көтеріліп, экзистенциалдық катарсиске ұласады. Оқырман еркіндік үшін төленетін моральдық құнды түйсіну арқылы өзінің дүниетанымын қайта саралайды.

Айтқандай, Аристотель катарсисті аяушылық пен қорқыныш сезімдері арқылы жанның тазаруы ретінде түсіндірсе, бұл өлеңде катарсис үшінші бір сапалық деңгейге өтеді. Мұнда оқырман тек аяп қоймайды, өзінің өмірлік құндылықтарын қайта саралайды. Демек, шығармадағы катарсис психологиялық реакция емес, аксиологиялық қайта түзілу десек, артық айтқанымыз болмас, сіре? Ганс Роберт Яусс пен Вольфганг Изер теориялары бойынша көркем мәтіннің мағынасы мәтіннің өзінде дайын күйінде болмайды. Ол оқырманның қабылдау әктісі барысында қалыптасады. Осы тұрғыдан қарағанда, «Қақпан» өлеңіндегі катарсис мәтіннің өзінен емес, оқырман санасында жүзеге асатын рецептивті құбылыс ретінде таралады. Хауас салим осы рецепцияның сапасын анықтайтын рухани категория ретінде қызмет етеді. Егер оқырманның қабылдауы тек эмоциялық деңгейде қалса, шығарма аяушылық сезімімен шектеледі. Ал хауас салим арқылы қабылданған мәтін еркіндік, ар, адамдық және жауапкершілік ұғымдары жөніндегі философиялық рефлексияға ұласады.

«Бесік пенен бейіттің арасында,
Қасымханжан, тарихта қаласың ба?» –
Деп сұрады ағамыз немқұрайлы,
Ақын аздай қазақтың даласында.
«Қаласың ба тарихта?» ойлы сұрақ,
Кернеп бара жатқандай бойды қуат.
Қалғым кеп жүр тарихта Қасымхан боп,
Жақсы өлең жазылмай қойды бірақ.

Мұндағы өлең төркініне індетсек, «бесік» пен «бейіт» биарлық оппозициясы өмірдің басталуы мен аяқталуын ғана емес, адамның тарихи миссиясын айқындайтын философиялық кеңістікті де білдіреді. Осы сұрақ лирикалық субъектінің санасында экзистенциалдық дағдарыс тудырып, катарсистік процестін басталуына негіз болады. Бұл тұста катарсис кейіпкердің өзін-өзі тануы арқылы жүзеге асады. Ол тарихта қалуды қалайды, бірақ оған тек шынайы көркем шығарма арқылы ғана жетуге болатынын жан дүниесімен мойындайды. «Жақсы өлең жазылмай қойды» деген жол автордың шығармашылық дағдарысын ғана емес, өнерге деген аса жоғары эстетикалық талаптың көрінісін білдіреді. Мұнда өзін дәріптеу емес, керісінше, өзін-өзі сынға алу басым. Осы шынайылық оқырман санасында да эмоционалдық әсер туғызып, өнер алдындағы жауапкершілік туралы ойға жетелейді.

Ендігі бір жыр дестесінде ақын:

«Кесіле жаздап тілім де,
Үзіле жаздап ділім де.
Қиямет-қайым жолдармен

Тұралап жеттім бүгінге», – дейді. Ақынның өмір жолын «Кесіле жаздап тілім де» деген бір ғана тіркесі арқылы бағдарлауға болады. Нақтыласақ, лирикалық субъектінің сөз бостандығының шектелуі, өлеңге тыйым салынып, рухани қысымға ұшырағанын сипаттайды. Бұл – катарсистік үдерістің алғашқы кезеңі. Осылайша өмірлік сынақтардың шектен тыс ауырлығы төрт жолдық көркем мәтіннің семантикалық аясын кеңейтеді. Соңында субъект жеңіске жеткенін емес, ауыр сынақтардан аман өткенін сипаттайды. Катарсис осы өзгерісте көрініс тауып, трансформацияланады.

Ал Отырар туралы бір өлеңінде:

«Атпайтуғын мұндайда таң да ұзақ бір,
Тапталмады тұяққа жалғыз ақ гүл.
Зұлымдығын дұшпанның бетіне айтқан,
Дар ағашта жас ақын салбырап тұр», – дейді.

Өлең идеясының негізгі тіні – шындықты қорғаған жас ақынның трагедиялық тағдыры арқылы адамгершілік, еркіндік және әділет құндылықтарын дәріптеу. Өлеңде трагедиялық оқиға жеке адамның қасіреті ретінде ғана емес, қоғамдағы зұлымдықтың көрінісі ретінде бейнеленеді. Осы арқылы шығарма оқырманды терең эмоциялық күйге түсіріп, рухани тазаруға жетелейді. Оның поэтикалық жүйесі символизм, антитеза, психологиялық параллелизм және эмоционалдық градиация арқылы құрылған. Шығармадағы негізгі эстетикалық механизм – катарсис: оқырман кейіпкердің қайғылы тағдыры арқылы аяушылық пен әділет сезімін бастан кешіріп, рухани тұрғыдан жаңарады. Осылайша шығарма жеке адамның трагедиясын жалпыадамзаттық моральдық мәселеге көтеріп, жоғары көркемдік-эстетикалық деңгейге жеткізеді. Тіпті ғазалшының «дар ағашта салбырап тұрған жас ақыны» жас күніндегі өзі болуы да мүмкін. Осылайша, ол зұлымдығын дұшпанның бетіне айтып, моральдық тұрғыда жеңімпаз тұлға ретінде танылады. Неміс ақыны Гелдерлинг айтқандай, «біз бақытсыздығымызға қарай жақындағанда дами түсетін» секілдіміз. Өлең авторы да шындық биігінде тұрып, дарға асылса да бақытқа қарай бір табан жақындаған.

«Қиындағы ауылда күтіп жүрген,
Жайын ойлап мұңам әкелердің.
Жайын ойлап мен жүрмін әкелердің,
Әкелерге бақытты әкелер кім?» дейді ақын ендігі бір өлең жолында.

Соңғы риторикалық сұрақ мәтіннің философиялық кульминациясы ретінде қызмет етеді. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде әке балаға бақыт сыйлаушы болса, мұнда керісінше бағыттағы сұрақ қойылады: «әкелерге бақытты әкелер кім?». Бұл әке институты құлдырап бара жатқанның бір көрінісі. Қазақ қоғамында «әйел, ана бақыт» туралы жиі сөз қозғаймыз. Ал әке бақыты ешқашан еленген емес. «Әкелердің жайын ойлау» формуласы арқылы автор сыртқы объектіні сипаттаудан гөрі, сол объект арқылы өз ішкі күйін модельдейді. Бұл – лирикалық субъектінің өзін әке бейнесі арқылы тануы.

Адамзат баласының танымы қандай бастаулардан қайнар тартады? Адам ар-ұятының құны заманға сай өзгере ме? Ғақли және жалли көзбен қарасақ, сом дүниенің құны бар ма? Қасым ақын осы сауалдардың бәріне өлеңді басты кредо етіп, жауап береді. Ал ар өлшеміне салсақ, нағыз ақын болып қалыптасу үшін тазарған жөн.

Осы контексте Қасым ақын поэзияны тек эстетикалық форма емес, танымдық және этикалық акт ретінде ұсынады. Өлең оның шығармашылығында шындықты танудың құралы әрі рухани шыңдалудың жолы ретінде қызмет етеді. Сондықтан ар өлшемі тұрғысынан алғанда, ақындық болмыс тазару процесі арқылы қалыптасады. Бұл – сыртқы дүниеден безіну емес, керісінше, ішкі қайшылықтарды жеңіп, ар мен ақыл, сезім мен сана үйлесім тапқан күйге жету. Сол үйлесім арқылы ақынның сөзі де, рухы да катарсиске ұласып, адам жанын жаңғыртатын рухани қуатқа айналады.

Ақгүл Айдарбекқызы,
әдебиеттанушы



Меншік иесі:

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ
ҚОРЫ Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН**

**Түркі халықтары мәдени қоры
Әйелдер комитетінің төрайымы –
Дариға ТҮРЛЫБЕК**

**Түркі халықтары мәдени қоры
Зиялылар комитетінің төрайымы –
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ**

**Газет 2000 жылдың шілдесінен айына
бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862**

**ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.**

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция
жауап бермейді. Компьютермен терілген бес
беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 5 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:
**Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40**

e-mail: thmv_almati@mail.ru https://turkhalklarimedeniyyetivakfi.kz/tr

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ
МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс
телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы,
Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қотман
университетінің доценті – Байланыс телефондары:
Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@
hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия)
қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт
комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс
телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@
yahoo.com Румыниядағы өкілі Гольген ИСМАИЛ,
Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс
телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

